

Қазақстандағы жастар жылы

2019

жылдық есебі



BAITEREK




Қызметтің негізгі көрсеткіштері	2
«Бәйтерек» Холдингі жас қазақстандықтарға белсенді қолдау көрсетуде	4
Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі	8
Басқарма Төрағасының Үндеуі	12
Даму стратегиясы	16
2019 жылғы негізгі оқиғалар	22
Холдинг туралы	26
Холдингінің корпоративтік мәдениеті мен құндылықтары	27
Бизнес-модель	28
Даму тарихы	30
Холдингінің құрылымы мен қолдау құралдары	32
Экономикаға шолу	34
Макроэкономикалық шолу	35
Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтық үлесі	38
Менеджмент есебі	40
Қызметтің қаржылық нәтижелері	41
Капитал нарықтарында қаражат тарту	44
Ірі бизнесті қолдау	46
ШОБ қолдау	49
Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру	52
Экспорттық әлеуетті арттыру	54
Private equity экожүйесін және инновацияларды дамыту	56
Цифрландыру стратегиясы	61
Клиентке бағытталған тәжірибе	62


Корпоративтік басқару	64
Корпоративтік басқару жүйесі	65
Жалғыз акционер	71
Директорлар кеңесі	72
Корпоративтік хатшы	85
Басқарма	86
Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесі	91
Ішкі аудит қызметі	92
Корпоративтік этика және мүдделер дауларын реттеу	93
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	94
Сыртқы аудитор	95
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	96
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері	97
Холдингінің негізгі тәуекелдері	99
Тұрақты даму саласындағы қызмет	102
Тұрақты дамуды басқару жүйесі	103
Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы	104
2019 жылы іске асырылған Холдингінің тұрақты дамуы саласындағы негізгі іс-шаралар	105
Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл	108
Ақпараттық саясат	112
Персоналды басқару	114
Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі	118
Экономикалық нәтижелілік	119
Сатып алу қызметі	120
Қоршаған ортаны қорғау	121
Демеушілік және қайырымдылық көмек	122
Қосымшалар	124
Есеп туралы	125
2019 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі	128
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау жөніндегі есеп	139
Жасалуына мүдделілік бар мәмілелердің тізбесі	151
Жылдық қаржылық есептілік	152
«Operating Principles for Impact Management» ХҚК қағидаларына сүйену туралы ақпарат	160
Глоссарий	167
Байланыс ақпараты	170

ҚЫЗМЕТТИҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ


ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР




Активтер,
млрд теңге




Капитал,
млрд теңге



Міндеттемелер,
млрд теңге




Таза пайда,
млрд теңге




Қарыз/Капитал


ХОЛДИНГ ТОБЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ




Шикізаттық емес ірі кәсіпорындарына берілген ұзақ мерзімді несиелердің көлемі,
млрд теңге




ШОБ субъектілеріне берілген несиелер көлемі,
млрд теңге




Берілген тұрғын үй қарыздары,
млрд теңге



Берілген кепілдіктер сомасы,
млрд теңге





ЖАО облигациялары сатып алынды,
млрд теңге



Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі,
млрд теңге

«БӘЙТЕРЕК» ҰБХ» АҚ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАРТЫЛУ ЖӘНЕ СЕНІМ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Холдинг Тобы қызметкерлерінің тартылу деңгейі, %



«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім индексі, %



«Бәйтерек» Холдингі әлеуметтік бағдарланған мемлекеттік бағдарламалардың операторы болып табылады және қазақстандықтарды қолжетімді тұрғын үймен, жұмыспен және бизнес-жобаларды дамыту құралдарымен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Осы міндеттерді шешу аясында Холдинг өзінің еншілес ұйымдарымен бірлесіп, жастар бастамаларын іске асыруға бағытталған бірқатар жобаларды жүзеге асырады.

«Бәйтерек» Холдингі жас қазақстандықтарға белсенді қолдау көрсетуде

2019 жылы ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен Жастар жылы деп жарияланды. Үкімет оны өткізудің Жол картасын қабылдады, оған жастарға қолжетімді тұрғын үй беру, білім беру, жұмыспен қамту, кәсіпкерлікті дамыту, үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру жөніндегі іс-шаралар енді.

«Астана ZhasStart», «Ақтөбе ZhasStart», «Астана Start Up» және т. б. өңірлік бағдарламалар аясында

20,4 млрд теңге сомасына

489

кәсіпкерге қолдау көрсетілді.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау

Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында микро және шағын бизнес секторынан ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер бес жылға дейін инвестициялау мерзімімен 6%-дан аспайтын ставкамен 8 мың АЕК-ке дейін тиімді шарттармен несиеленеді. Сонымен қатар, бағдарламаға қатысушылар қарыз сомасынан 85%-ға дейін кепілдік ала алады.

2019 жылы бағдарлама бойынша бұрын бөлінген қаражат бойынша револьверлік берулерді есепке алғанда, жалпы сомасы 22,7 млрд теңгеге 1 851 микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қаржыландырылды, оның ішінде 787 ісін жаңа бастаған кәсіпкерге — 9,1 млрд теңгеге қолдау көрсетілді.

Холдинг жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Даму Қоры» АҚ өзінің еншілес ұйымы арқылы ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін өңірлік бағдарламаларды іске асыруда. Мысалы, «Астана ZhasStart» және «Ақтөбе ZhasStart» бағдарламалары 29 жасқа дейінгі қоса жастарға арналған, несиелену мөлшері 8,5%-дан артық емес ставка бойынша 20 млн теңгеден аспайды. «Астана Start Up» ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді 7,9% мөлшерлемесмен 50 млн теңгеден артық емес қарыз сомасына қолдауды қарастырады. Басқа бастамалар тізбесінде — «Астана Бизнес-2» (Нұр-Сұлтан қ.), «Алматы Бизнес» (Алматы қ.), «Көкшетау Бизнес» (Көкшетау қ.), «Мен кәсіпкер боламын» (Шымкент қ.) және басқа да бағдарламалар.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасы аясында облыстық бюджет қаражатымен қоса қаржыландыру шартында осы бағдарлама шеңберінде бұрын бөлінген қаражат бойынша револьверлік беруді ескере отырып, 20,4 млрд теңге сомасына 489 кәсіпкерге қолдау көрсетілді.

«Еңбек» бағдарламасы аясында

9,1 млрд теңге

787

ісін жаңа бастаған кәсіпкерге қолдау көрсетілді

«БӘЙТЕРЕК» ХОЛДИНГІ ЖАС ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУДЕ



Baiterek Hackathon-ға 200-ден астам жас IT-мамандары қатысты

Әлеуметтік-білім беру жобаларын қолдау

2019 жылы «Бәйтерек» Холдингі өзінің еншілес ұйымдарымен, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ және «QazTech Ventures» АҚ бірлесіп, Алматы қаласындағы «SmArt Point Almaty» бизнес-инкубаторы алаңында Baiterek Hackathon ұйымдастырып өткізді. Іс-шараға «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ клиенттік сервисін жақсарту бойынша бірегей өнім жасау үшін республиканың түрлі қалаларынан 200-ден астам жас IT-мамандар, студенттер, қазақстандық техникалық ЖОО түлектері жиналды. Барлығы 58 команда жасақталып, оның 12-і финалға өтті. Жалпы жұлде қоры 2 млн теңгені құрады. Қаржы холдингі ретінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ іс-шараның бастамашысы болды, ол бір жағынан Холдинг Тобында инновацияларды енгізуді ынталандыруға бағытталған, екінші жағынан жас әзірлеушілер мен стартаперлерге корпоративтік сектордың қажеттіліктері мен проблемаларын түсінуге мүмкіндік берді.

«Қазақстанның Даму Банкі» АҚ «Taibuy!» қоғамдық бірлестігімен бірлесе Қазақстанда инженерлік-техникалық құзыреттерді көпшілікке тарату мен дамытуға бағытталған «Керек адам» атты әлеуметтік-білім беру жобасын қолдайды. Жоба аясында 3–4 курс студенттері мен 2015–2018 жылдардағы орта арнайы және жоғары оқу орындарының түлектері еліміздің ірі кәсіпорындарында ақылы тағылымдамадан өте алады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша жоғары оқу орындары мен колледждерде ядролық физиканы, ғарыштық техника мен технологияны, автоматтандыру мен басқаруды, мұнай – газ ісі мен органикалық заттардың химиялық технологиясын оқыған 24 жас практикант Алматыдағы ғарыш станциясында және «ҚДБ» АҚ – Батыс Қазақстан облысындағы «Конденсат» АҚ мұнайды қайта өңдеу зауытында, Павлодар мұнай-химия зауытында және Ақтөбе рельс-арқалық зауытында қаржыландырылған жобаларда ақылы тағылымдамадан өтті. Жоба аясында еліміздің ірі кәсіпорындарында, соның ішінде «ҚДБ» АҚ қаржыландырған кәсіпорындарда барлығы 30 жас маман үшін тағылымдамадан өту жоспарланып отыр.

Холдингінің адал кадрлық саясаты

Холдинг пен еншілес ұйымдар жас қызметкерлерінің тартылу деңгейін арттыру үшін кезең-кезеңмен түрлі іс-шаралар өткізіледі. Солай, 2019 жылы шахмат және футбол турнирлері, үстел теннисі және киберспорт бойынша турнир, «Не? Қайда? Қашан?» атты ойындар сериясы, «Quizz Please» және «Quantum» зияткерлік ойындары, кино көрсетілімдері және басқа да іс-шаралар өткізілді.

Холдинг қызметкерлері үшін кәсіби даму, жаңарту және кәсіби салада және басқару қызметінде қосымша теориялық және практикалық білім, қабілеттер, құзыреттер мен дағдылар алу мақсатында тұрақты негізде оқыту ұйымдастырылады. Холдинг қызметкерлерінің барынша санын оқыту және кәсіптік даму бағдарламаларымен қамту жүргізіледі. Холдинг қызметкерлері жылына екі және одан да көп тақырыптар бойынша білім алады.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары әрі қарай жас қазақстандықтарға өз бизнесін жүргізу, жұмыс пен тұрғын үй алу, сондай-ақ жаңа перспективалы жобаларды іске асыру үшін мүмкіндіктер беру бөлігінде белсенді қолдау көрсетуді жоспарлап отыр.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



АСҚАР МАМИН
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Директорлар кеңесінің
Төрағасы,
Қазақстан
Республикасының
Премьер-Министрі

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен гүлденуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында дамыған және инклюзивті экономиканы құру міндеті белгіленген. Бұл ресурстық менталитеттен бас тартуды, экономиканы әртараптандыруды, тиімді шағын және орта бизнес, халықаралық нарықтарда ұлттық бизнесті қолдауды және квазимемлекеттік сектордан қайтарымды арттыруды білдіреді.

Бұл міндет Президенттің сайлауалды бағдарламасына кіреді және ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев ұсынған 2050 жылға дейінгі ұзақ мерзімді Даму стратегиясы мен Ұлт жоспары аясындағы сабақтастықтың жалғасы болып табылады.

Жеті жыл бойы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын елдің басты қаржылық даму институты болып қала береді. 2019 жылы Холдинг бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды табысты аяқтады: «Бизнестің жол картасы-2020», 2020 жылға дейінгі «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы, 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму, 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму.

2019 жылдың қорытындысы бойынша негізгі қаржы көрсеткіштерінің өсуіне қол жеткізілді. Есепті жылы Холдингтің таза пайдасы 52 млрд теңгені құрады, бұл жоспарланғаннан 13,2 млрд теңгеге жоғары. Холдинг активтері 10,5%-ға артып, 5214 млрд теңгені құрады.

52
МЛРД ТЕҢГЕ
Холдингтің
таза пайдасы

Жеті жыл бойы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларды іске асыратын елдің басты қаржылық даму институты болып қала береді. 2019 жылы Холдинг бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды табысты аяқтады: «Бизнестің жол картасы-2020», 2020 жылға дейінгі «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы, 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму, 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму.

Елді әртараптандыру процесіне елеулі үлес қосатын шикізаттық емес экономиканы дамытуды қолдау жөніндегі негізгі институттардың бірі Холдингтің еншілес ұйымы, «Қазақстан Даму Банкі» АҚ болып табылады. 2019 жылы экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлеміндегі «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ несие портфельдің үлесі 49,7%-ды құрады. Есепті жылы 1,8 трлн теңге құнымен «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның қатысуымен 581 млрд теңгеге 8 жобасы пайдалануға берілді, оның аясында 1 763 жаңа жұмыс орны құрылды. Олардың қатарында «Сарыарқа» магистралды газ құбырын, Қарағанды қаласында ферросилиций өндіретін жоғары технологиялық зауыттың құрылысы, Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнайды терең өңдеу кешені, Қапшағай қаласында қуаты 100 МВт күн электр станциясының құрылысы секілді капиталды қажет ететін жобалар және басқа да жобалар бар.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2019 жылы ҚР Үкіметі «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын несиелеу бағдарламасын іске асырды және бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды жетілдірді. Жоғарыда аталған бағдарламаларды іске асыру аясында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ еншілес ұйымы арқылы мемлекеттік қолдау шараларының негізгі қаржы операторларының бірі болып табылады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша берілген ұзақ мерзімді несиелердің жалпы көлеміндегі ШОБ бастамаларын қолдау бойынша Холдинг құралдарының үлесі 48% -ды құрады (2018 жылы – 37%).

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның басқа стратегиялық бағыты қазақстандық шикізаттық емес тауарлар өндірушілерді және сыртқы

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



2019 жылы тұрғын үй құрылысы саласында Бірыңғай оператор құру арқылы Холдингті трансформациялау бойынша жұмыс басталды.



нарықтарда қызмет көрсетушілерді жылжытуға және экспорты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге жәрдемдесу болып табылады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің «KazakhExport» ЭСК» АҚ еншілес ұйымы арқылы қолдау көрсетілетін экспорттық келісімшарттар сомасы 543,9 млрд теңгені құрады, өткен жылмен салыстырғанда 30%-ға артты. Қазақстандық кәсіпкерлердің шетелдік нарыққа қол жеткізуін жеңілдету үшін Ташкент, Душанбе, Новосибирск, Екатеринбург және Бішкек қалаларында өкілдер желісі ашылды.

Холдинг қызметінің халықтың тұрғын үйге қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету сияқты маңызды бағытында да оң нәтижелерге қол жеткізілді. Холдингтің еншілес ұйымы, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ 806 млрд теңгеден асатын халықтың ұзақ мерзімді теңгелік салымдары бойынша бірінші орында тұр. 2019 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 61% ипотекалық несие немесе 527 млрд теңге «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ берілді.

Соған байланысты ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша «Бақытты отбасы» бағдарламасы бірінші кезеңінің табысты жүзеге асырылуын атап өту керек. Осы бағдарлама бойынша төрт мыңнан астам аз қамтылған отбасы (көп балалы, толық емес және мүгедек

5 214
МЛРД ТЕҢГЕ
Холдинг активтері

Ағымдағы жылдың қорытындылары Холдинг қолданатын Даму стратегиясының тиімділігін және оның алдына қойылған міндеттерді орындаудың табыстылығын растайды. Келесі есепті жылы Холдинг қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды және ел экономикасын әртараптандыруды қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің негізгі ұлттық қаржы операторы рөлін орындауды жалғастырады.

балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар) жеңілдікті шарттармен тұрғын үй қарыздарын алды.

2019 жылы тұрғын үй құрылысы саласында Бірыңғай оператор құру арқылы Холдингті трансформациялау бойынша жұмыс басталды, ол 2020 жылы аяқталатын болады. 2020 жылы Холдинг жаңа Мемлекеттік бағдарламалар мен бірқатар бастамалардың ережелерін қамтитын 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған Даму стратегиясын қабылдайтынын атап өту керек: тұрғын үй-құрылыс блогын оңтайландыру, «жасыл қаржыландыруды» дамыту, көп балалы отбасылар үшін жеңілдікті несие беруді енгізу, ШОБ үшін сауда алаңын ұйымдастыру, апексті механизмдерді енгізу және т. б.

Ағымдағы жылдың қорытындылары Холдинг қолданатын Даму стратегиясының тиімділігін және оның алдына қойылған міндеттерді орындаудың табыстылығын растайды. Келесі есепті жылы Холдинг қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруды және ел экономикасын әртараптандыруды қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің негізгі ұлттық қаржы операторы рөлін орындауды жалғастырады.

Асқар Мамин

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Айдар Әріпханов
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы

Құрметті серіктестер, әріптестер, инвесторлар!

«Бәйтерек» Холдингі экономиканы әртараптандыруды қамтамасыз ету және инвестициялар тарту мақсатында жеті жыл бұрын құрылған. Холдинг құрамында индустриялық-инновациялық даму, шикізаттық емес экспортты жылжыту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үй-құрылыс секторындағы міндеттерді іске асыру саласында жұмыс істейтін 11 компания бар. Аталған бағыттарды біріктіру Холдингке әлемде теңдесі жоқ бірегей даму институты болып тануға мүмкіндік берді.

Биылғы жылы біз бірқатар мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруды аяқтадық және оларды іске асыруға республикалық бюджеттен бөлінген қаражатты толығымен игердік. Бұл бағдарламалар Қазақстан экономикасының өсуі мен эволюциялық дамуы үшін мықты мультипликативтік әсер етуде.

Стратегиялық бағыттар

Холдинг қызметінің бірінші стратегиялық бағыты — ірі бизнеске қолдау көрсету. Екінші деңгейдегі банктерде теңгемен ұзақ мерзімді қаржыландыру болмаған жағдайда, біздің еншілес ұйымымыз «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ қаржыландырудың әрбір екінші теңгесін ұсына отырып, экономиканың шикізаттық емес секторларына ұзақ мерзімді несиелерді локомотиві болып табылады. «ҚДБ» АҚ портфеліне 55 инвестициялық жоба және 6,3 трлн теңгеге 15 экспорттық операция енеді.

Менде және Холдинг ұжымында халық саны 2,7 млн адамға дейінгі 171 елді мекенді кезең-кезеңмен көгілдір отынмен қамтамасыз ететін «Сарыарқа» магистралды газ құбыры құрылысының мега-жобасын қаржыландыруға қатысуы ерекше мақтанш сезімін тудырады.

Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу жөніндегі өз миссиясын іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шешетін міндеттер:

- Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту
- Кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту
- Экономиканың урбанизациясын қолдау
- Шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау
- Инновацияларды дамыту

Екінші стратегиялық бағыт — шағын және орта бизнеске қолдау көрсету. Бұл бағытта біздің еншілес ұйым — «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ қолбасшы болып табылады, ол 2019 жылы 600 млрд теңгеден астам сомаға 24,3 мың жобаны қолдады, ал бұл екінші деңгейлі банктерден несиелен алғандардың жалпы санынан шамамен 22%-ын құрайды.

Экспорттық әлеуетті арттыру «Бәйтерек» Холдингінің үшінші стратегиялық бағыты болып табылады. Бұл тұрғыда экспорттаушыларға көптеген қолдау құралдары бар «KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ және «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ үлкен көмек көрсетеді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ экспорттық келісім-шарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің көлемі 97 млрд теңгені немесе 2019 жылғы жиынтық шикізаттық емес экспорттың 2%-ын құрады, ал «ҚДБ» АҚ қолдау көрсеткен жобалардың экспорттық түсім көлемі 1 126 млрд теңгені немесе 2019 жылғы жиынтық шикізаттық емес экспорттың 19%-ын құрады.



Төртінші бағыт — тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету. Холдинг ҚР-дағы тұрғын үй құрылысы бағдарламаларының бірыңғай операторы болып табылады. Біз өз жұмысымызды еншілес ұйымдар арқылы жүргіземіз. Мәселен, бүгінде «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін іске асыратын нағыз халықтық банк деп санауға болады. Бүгінгі таңда «ҚТҚЖБ» АҚ 806 млрд теңге көлемінде халықтың ұзақ мерзімді теңгелік салымдары бойынша бірінші орында тұр. 2019 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 61% ипотекалық несиелер немесе 527 млрд теңге «ҚТҚЖБ» АҚ берілген. Сондықтан «ҚТҚЖБ» АҚ арқылы ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың маңызды әлеуметтік

бастамасы — «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске асырылатыны таңқаларлық емес. Бұл көп балалы отбасыларға, төрт және одан да көп балалары бар отбасыларға, сондай-ақ мүгедек балалары бар немесе тәрбиелеп отырған отбасыларға, толық емес балалары бар отбасыларға өте қолжетімді шарттар бойынша тұрғын үй алуының бірегей мүмкіндігі болып отыр. Есепті жылы осы бағдарламаны жүзеге асыруға 50 млрд теңге бөлінді, олар табысты игерілді. «ҚТҚЖБ» АҚ шамамен бес мың жеңілдікті қарыз берді.

«Бәйтерек девелопмент» АҚ «револьверлік» қағидасы бойынша жергілікті атқарушы органдардың облигацияларын сатып алу тетігі арқылы несиелік тұрғын үй салуды қаржыландырады. 2019 жылы ЖАО 108,8 млрд теңгеге бағалы қағаздары сатып алынды.

«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ 2019 жылы жеке құрылыс салымшылардың 23 жобасына 88,8 млрд теңге сомасына кепілдік берді. Ал «Даму» қоры коммерциялық несиелердің құнын арзандату үшін жеке құрылыс салымшылардың жобаларын 104,3 млрд теңгеге субсидиялады.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



Тұрақты даму

«Бәйтерек» Холдингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі қаржы даму институты ретінде экономикаға, экологияға және қоғамға өзінің ықпалының маңыздылығын сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға тырысады.

2019 жылы Холдингке алғаш рет тұрақты даму рейтингі (ESG рейтингі) берілді. Бағалау нәтижелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктің сарапшылары әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару және іскерлік этика қағидаларына бейбілділігін растады.

Холдинг тұрақты даму саласындағы бастамаларды белгіледі, олар Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған даму стратегиясының жобасына енгізілді. Бастамалар арасында: БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу, жауапты қаржыландыруды дамыту, жауапты сатып алулар және тұрақты даму саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес ақпаратты ашуды қоса алғанда, қызметтің ашықтығын арттыру. Бұл бастамалар жетекші даму институттарының ұлттық басымдықтары мен тәжірибелері сәйкес келеді.

2019 жылы Холдингтің 11 еншілес ұйымы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрақты даму саясатын және халықаралық стандарттарды ескере отырып әзірленген тұрақты даму саясатын бекітті.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары жобалардың экологиялық және әлеуметтік тұрақтылығы еліміздің тұрақты дамуына елеулі әсер ететінін сезінеді. Осы мақсаттар үшін Холдинг 2020 жылы «жасыл» жобалардың өлшемдерін айқындау жөніндегі жұмысты бастауды жоспарлап отыр және орта мерзімді перспективада «жасыл» қаржыландыру құралдарын әзірлеу мүмкіндігін қарастыруға ниет білдіріп отыр.

Перспективалары

2019 жылы біз Холдинг құрылымындағы маңызды өзгерістерге кірістік. Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша сингапурлық Housing and Development Board үлгісі бойынша үш еншілес ұйымды біріктіру жолымен тұрғын үй бағдарламалары саласында Бірыңғай оператор құру процесін бастадық. Холдингтің тұрғын үй блогының қызметін оңтайландыру жалпы әкімшілік шығындарды 40%-дан артық қысқартуға мүмкіндік береді.

2020 жылы жұмыс қарқынын төмендеуге жол бермейміз. Холдинг 430,9 млрд теңге сомасына ірі бизнес жобаларын қаржыландыруды, сондай-ақ 594 млрд теңге сомасына 12 жобаны іске қосуды жоспарлап отыр. Кем дегенде 15,4 мың ШОБ жобасын қолдауға, экспорттаушыларға 125 млрд теңгеге дейін қолдау көрсетуге ниеттіміз. Бұдан басқа, 2020 жылы Мәскеу, Үрімші және Минск қалаларында өкілдердің кеңселерін ашу жоспарланады. 2020 жылы тұрғын үй қарыздары 420 млрд теңге сомасында берілетін болады, «Бақытты отбасы», «Өз үйім», «Әскери өнім» атты бағдарламаларын іске асыру жалғастырылатын болады.

«Бәйтерек» Холдингі Мемлекеттік стратегиялық бағдарламалар мен ел басшылығының тапсырмаларын іске асыру кезінде жоғары, тұрақты тиімділікті қамтамасыз ету үшін барлық ресурстар мен мүмкіндіктерге ие екеніне сендіре аламын. Ауқымды міндеттерді шешуге шындап кірісетін Холдингтің жоғары білікті және ынтасы зор командасына алғыс білдіремін.

Айдар Әріпханов
«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы



ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ



Міндеті

Мемлекеттік саясатты іске асыру және «Стратегия — 2050» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету.

Пайымдауы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ — корпоративтік басқарудың озық стандарттарына сәйкес келетін және Қазақстан экономикасын әртарапандыру, инновацияларды қолдау, экспортты дамыту, еңбек өнімділігін ұлғайту жолымен тұрақты дамыту жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі институты.

Қазақстан экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсету жөніндегі өз миссиясын іске асыру шеңберінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шешетін негізгі міндеттер:

- экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту;
- кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту;
- экономиканың урбанизациясын қолдау;
- шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау;
- инновацияларды дамыту.

Алғашқы екі міндет екі стратегиялық бағыт бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның негізгі қызметін жүзеге асыру жолымен шешіледі:

- ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау;
- ШОБ сегментінде кәсіпкерлікті қолдау.

Экономиканың урбанизациясын қолдау жөніндегі үшінші міндет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің үшінші стратегиялық бағыты — тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру шеңберінде шешіледі.

Шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау және инновацияларды дамыту жөніндегі соңғы екі міндет екі стратегиялық бағыт бойынша іске асырылуда:

- экспорттық әлеуетті қолдау;
- трансферт және инновацияларды енгізу.

2019 жылғы стратегиялық бағыттар бойынша қызмет

2019 жылы Холдинг жоғарыда қойылған барлық міндеттер мен стратегиялық бағыттарды белсенді түрде іске асыруды жалғастырды. Төменде Холдингінің стратегиялық бағыттары бөлінісінде жүргізілген негізгі іс-шаралар келтірілген

Ірі бизнес субъектілерін қолдау

- «ҚДБ» АҚ қолдауымен 581 млрд теңгеге «ҚДБ» АҚ қатысуымен құны 1,8 трлн теңге болатын 8 жоба пайдалануға берілді, оның аясында 1 763 жаңа жұмыс орны құрылды.
- «ҚДБ» АҚ 428,5 млрд теңге сомасына 11 инвестициялық жоба және 8 млрд теңге сомасына 3 экспорт алдындағы операция бойынша 14 қаржылық өтімді қаржыландыруға мақұлдады.

ШОБ субъектілерін қолдау

- ЕДБ, МҚҰ және ЛК қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары бойынша несиенің жалпы сомасы шамамен 239,5 млрд теңгеге 18 933 қарыз алушы қаржыландырылды.
- 269,8 млрд теңгеге 2 647 жоба бойынша субсидиялау және 102,7 млрд теңгеге 2 674 жоба бойынша кепілдік беру шарттарына қол қойылды.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру

- «ҚТҚЖБ» АҚ аз қамтылған отбасыларды «Бақытты отбасы» жеңілдікті несиелеу бағдарламасын іске қосты.
- 2019 жылдың қорытындысы бойынша шамамен 61% ипотекалық несие немесе 527 млрд теңге «ҚТҚЖБ» АҚ-ға берілді.
- Құрылысты аяқтауға 88,8 млрд теңге көлемінде кепілдік берілді.

Экспорттық әлеуетті арттыру

- 2019 жылдың қорытындысы бойынша экспортты қолдау шеңберінде сақтандыру және/немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелердің сомасы 97,1 млрд теңгені құрады (жоспар — 95 млрд теңге).

Трансферт және инновацияларды енгізу

- 2019 жылы «QazTech Ventures» АҚ мен 500 Startups арасында 10 млн. АҚШ доллары көлемінде V Жаһандық қорға қатысу туралы шартқа қол қойылды, оның шамамен 2 млн. АҚШ доллары қазақстандық стартап-жобаларын инвестициялауға жоспарлануда.
- Үш бизнес-инкубатордың инкубациясына қабылданған жобалар саны 71 құрады.

Сондай-ақ Холдингінің имиджін арттыру бойынша іс-шаралар орындалды:

- 2019 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалау 88,1%-ды құрады (2018 жылы — 87,8%).
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық есебі «QRA» ірі рейтинг агенттігі өткізетін IX жылдық есептер байқауының «Қаржы секторындағы Үздік жылдық есеп» номинациясында екінші орынға ие болды. Аталған номинация Холдингінің мүдделі тараптармен айқындықты және сапалы диалогты қамтамасыз етудегі табысын растайды.
- Холдингке алғаш рет «D+» деңгейінде Тұрақты дамудың халықаралық рейтингі (ESG рейтингі) берілді (салыстыру үшін: «С+» — KFW, AIB; «D» — ВТБ (ПАО), Латын Америкасының Сыртқы сауда банкі).

Стратегиялық бағыттар бойынша 2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылы Холдинг мемлекеттік бағдарламалардың негізгі қаржы операторы рөлін атқаруды жалғастырады, сондай-ақ Мемлекет басшысының бірқатар тапсырмаларын орындайды. Төменде Холдингтің стратегиялық бағыттары бөлінісінде негізгі жоспарланған іс-шаралар келтірілген.

Экспортшыларға сақтандыру және қайта сақтандыру аясында

125
МЛРД ТЕҢГЕГЕ
дейін кешенді қолдау көрсету

Ірі бизнес субъектілерін қолдау

- Синдикатталған несие беруді қоса алғанда, бірлескен қаржыландыру құралдары арқылы жеке инвесторлардың көп қатысу үлесі бар жобаларды басым қаржыландыру.
- Жобалық қаржыландыруды дамыту - жобамен генерацияланатын ақша ағындары борыштық міндеттемелерге қызмет көрсету көзі болып табылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыру.
- Кепілдік беру құралын дамыту.
- Жобаның пайда жинақтауы басталғаннан кейін қор нарығының құралдары арқылы жобаларды нарықтық қаржыландыруға көшіру механизмін пысықтау.
- «Жасыл» қаржыландыруды дамыту:
 - «жасыл» жобалар мен басымды «жасыл» салалардың өлшемдерін анықтау;
 - «жасыл» жобаларды ынталандыру және субсидиялау механизмін анықтау.

ШОБ субъектілерін қолдау

- Холдинг клиенттерінің ШОБ үшін сауда алаңына (private market) қатысу механизмін пысықтау.
- Шағын несие беруді ынталандыру бойынша апексті механизмді дамыту (МҚҰ қаржылық емес қолдау, мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде МҚҰ операциялық шығыстарын өтеу, ішкі процестерді цифрландыруға МҚҰ гранттарын бөлу).
- Экспорттық несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау.
- Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру механизмі (жеке қаражаты жеткіліксіз болған жағдайда төлемдер жүзеге асырылуы мүмкін заңды тұлғалардың міндеттемелері бойынша).

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру

- Халықтың әлеуметтік осал топтары үшін тұрғын үй құнының 10% номиналымен «Тұрғын үй сертификаттарын» табыстау тәжірибесін кеңейту.
- Көп балалы отбасылар үшін – «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ 20 жылға дейінгі мерзімге 2% -ды жеңілдікпен несие беруді енгізу.
- «ТҰҚКБҚ» АҚ, «Бәйтерек девелопмент» АҚ және «ҚИК» ИҰ» АҚ біріктіру жолымен Housing and Development Board of Singapore сингапурлық үлгісі бойынша Бірыңғай оператор құру жолымен тұрғын үй-құрылыс блогын трансформациялау.
- «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ «Отбасы Банк» АҚ етіп қайта құру, талапкерлердің табыс деңгейі негізінде тұрғын үйге мұқтаждарды іріктеуді және тұрғын үй жағдайын жақсартуды жүргізетін болады.

Экспорттық әлеуетті арттыру

- Экспортшыларға сақтандыру және қайта сақтандыру аясында 125 млрд теңгеге дейін, экспорттық сауда және экспорт алдындағы қаржыландыру бойынша – 19 млрд теңгеге дейін кешенді қолдау көрсету.
- Жаңа құралдарды дамыту:
 - сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру механизмі;
 - экспорттық несиелер бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау.

Трансферт және инновацияларды енгізу

- Осы стратегиялық бағытты Холдингтің даму стратегиясын өзектендіру бойынша жүргізілетін жұмыс аясында «Үлестік қаржыландырудың экожүйесін дамытуға» трансформациялау.
- Жеке инвестициялық қорларды бірлесіп қаржыландыру бағытын дамыту, оларды сүйемелдеуді қамтамасыз ету. Оператор «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ болады.
- Private equity механизмдерін дамыту (қарыз алушы үшін түпкілікті ставкамен ЕДБ кепілдігімен Тікелей инвестициялар қорлары арқылы жеңілдікті үлестік қаржыландыру – 8%).



Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған даму стратегиясын өзектендіру

Қазіргі уақытта «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған даму стратегиясын өзектендіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Холдингтің даму стратегиясын өзектендірудің алғышарттары мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттардағы өзгерістер болып табылады. 2019 жылы, мысалы, «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы, 2020–2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық даму мемлекеттік бағдарламасы және 2020–2025 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Жаңа мемлекеттік бағдарламалардың ережелерімен қатар, Холдингтің өзекті Даму стратегиясының жобасы бірқатар бастамаларды қамтиды: тұрғын үй-құрылыс блогын оңтайландыру, «жасыл қаржыландыруды» дамыту, көп балалы отбасылар үшін жеңілдікті несие беруді енгізу, ШОБ үшін сауда алаңын ұйымдастыру, апексті механизмдерді енгізу, дағдарысқа қарсы шаралар және т. б.

Холдингтің өзекті даму стратегиясының жобасын 2020 жылдың соңына дейін бекіту жоспарланып отыр.

Қызметтің негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл			2020 жыл	2023 жыл
		нақты	жоспар	нақты	% орынд.	жоспар	жоспар

Холдинг Тобының Қазақстан Республикасы экономикасының тұрақты дамуына қолдау көрсетуді қамтамасыз ету жөніндегі шоғырландырылған міндеттері

1.	Холдингтің жалпы активтерінен несиелік және инвестициялық портфельдердің үлесі, %	73,2	75,05	78,15	104	75,46	77
2.	Есепті жылдағы қарыз алудың жалпы құрылымындағы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесі, %	65,2	64,82	62,06 ¹	96	81,81	80
3.	ROA (шоғырландырылған) ең төменгі оң мәннен төмен емес, %	0,76	0,77	1,04	134	0,96	1
4.	Несиелік портфельдегі жеке сектордың үлесі, %	72,7	73,26	77,7	106	76,93	80

Міндеттері:

- *Экономиканың шикізаттық емес салаларын дамыту*
- *Кәсіпкерлікті (экономиканың жеке секторын) дамыту*

Стратегиялық бағыттар:

- *Ірі бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау*
- *Шағын және орта бизнес сегментінде кәсіпкерлікті қолдау*

5.	Еңбек өнімділігін арттыруды және өткізу нарықтарын кеңейтуді ескере отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және кеңейту бойынша жаңа жобалар мен жобалардың саны (2014 жылдан бастап жинақтаумен), бірл.	58 958	68 982	82 999	120	81 944	55 600 ²
6.	Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі (2014 жылдан бастап жинақтаумен), млрд теңге	20 678,1	26 687,9	2019 ж. үшінші тоқсанын да ³	—	33 247,7	42 700
7.	Шетел инвестицияларын тарту («Қазына Капитал Менеджмент» АҚ), ара қатынасы	2,8:1	кемінде 2:1	3,12:1	156	кемінде 2:1	кемінде 2:1

¹ Қол жеткізілмеу себептері: 1) «ҚТҚЖБ» АҚ-ның мемлекеттік қарызды 14 млрд теңгеге жоспардан тыс тартуы; 2) «ҚДБ» АҚ-ның CDB-дан 50 млн АҚШ долларына қарызының төмендеуі; 3) «Даму» Қоры» АҚ-ның 7,5 млрд теңге сомасына ICD-дан қарыз тартпауы.

² 2023 жылы көрсеткіштің соңғы жоспарлы нәтижесі (55 600 бірлік) 2018 жылдың қорытындысы бойынша мерзімінен бұрын орындалды.

³ 2019 жылғы нақты мән ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен жылдың үшінші тоқсанында, келесі есепті жылдан кейін берілетін болады.

№	Көрсеткіштер	2018 жыл	2019 жыл			2020 жыл	2023 жыл
		нақты	жоспар	нақты	% орынд.	жоспар	жоспар

Міндет:

- *Экономиканың урбанизациясын қолдау*

Стратегиялық бағыт:

- *Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру*

8.	Тұрғын үй көлемі, оның шеңберінде қолдау құралдары көрсетілген (2014 жылдан бастап жинақтаумен), мың м ²	3 043,9	—	— ⁴	—	—	2 851 (2019 ж. дейінгі жоспарлы мән)
9.	Қазақстан Республикасының экономикалық белсенді халқына тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіндегі қатысушылардың үлесі («Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ), %	14,1	14,5	16,9	117	16	17
10.	Үлестік құрылыс нарығын «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ кепілдіктерімен қамту, %	13,2	13	15,7	121	13	50

Міндет:

- *Шикізаттық емес өнімнің экспортын қолдау*

Стратегиялық бағыт:

- *Экспорттық әлеуетті арттыру*

11.	Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру шеңберінде қолдау алған кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 жылдан бастап жинақтаумен), млрд теңге	1 986	2 545,7	3 295	129	3 095,5	1 054 ⁵
-----	---	-------	---------	-------	-----	---------	--------------------

Міндет:

- *Инновацияларды дамыту*

Стратегиялық бағыт:

- *Трансферт және инновацияларды енгізу*

12.	Өндіріске енгізілген технологиялардың саны, салалардың технологиялық міндеттерін шешуге және технологияларды коммерцияландыруға бағытталған жобалар саны, бірлік	40	40	40 ⁶	100	—	81
-----	--	----	----	-----------------	-----	---	----

⁴ 2019 жылы бұл көрсеткіш «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде бұрын қабылданған көрсеткіштің 2018 жылға дейінгі нысаналы мәндеріне байланысты есептелмеген.

⁵ 2023 жылдың нысаналы көрсеткіші (1 054 млрд теңге) 2017 жылдың қорытындысы бойынша мерзімінен бұрын орындалды.

⁶ 2018 жылы ҚР Инвестициялар және даму министрімен 2018 жылғы 19 қарашада бекітілген жекелеген даму институттарын оңтайландыру бойынша бірлескен іс-қимылдардың Жол картасы аясында «ТДҰА» АҚ-ның жеке функциялары «Қазақстандық индустрия және экспорт орталығы» АҚ-ға берілді. Соған байланысты, көрсеткіш жинақтаушы сипатқа ие болғандықтан, 2019 жылы 2018 жылғы мәндер көрсетілген. Көрсеткіш Холдингтің даму стратегиясын өзектендіру шеңберінде алынып тасталады.

2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР



Рейтингтер беру

- Fitch Ratings Халықаралық рейтингтік агенттігі Холдингке шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді рейтингті «BBB», ұлттық ұзақ мерзімді «AAA(kaz)» және шетелдік валютадағы қысқа мерзімді «F2» деңгейінде растады. Ұзақ мерзімді рейтингтер бойынша болжам «Тұрақты». Fitch сондай-ақ Холдингтің «BBB»/«AAA(kaz)» деңгейлерінде басым қамтамасыз етілмеген ішкі борышының рейтингін растады.
- Moody's Investors Service Халықаралық рейтингтік агенттігі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның ұзақ мерзімді рейтингтері бойынша болжамын «Тұрақты»-дан «Позитивті»-ге қайта қарады.
- «Бәйтерек» Холдингіне алғаш рет Холдингтің әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару және іскерлік этика қағидаттарына (ESG қағидаттары) бейілділігін, сондай-ақ оларды Холдингтің бизнес-процестеріне енгізу жөніндегі күш-жігерді растайтын Халықаралық ESG рейтингі берілді.



Теңге облигацияларын орналастыру

- 2019 жылғы 29 маусымда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 40 млрд теңге сомасына жылдық 9,5% мөлшерлемесімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на 10 жыл айналым мерзімімен теңгелік облигацияларды орналастырды.
- 2019 жылғы 29 тамызда «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 25 млрд теңге сомасына жылдық 9,75% мөлшерлемесімен және «Қазақстан қор биржасы» АҚ-на айналым мерзімімен 10 жыл теңгелік облигацияларды орналастырды.



Герман бизнесінің өкілдерімен дөңгелек үстел



Корпоративтік басқаруды жетілдіру

- Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 29 тамыздағы № 681 бұйрығымен Холдингтің Корпоративтік басқару кодексін өзгерістер мен толықтырулар бекітілді.
- Корпоративтік басқарудың ең үздік стандарттары саласында әлемдік көшбасшы болып танылған халықаралық қаржы корпорациясы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобы директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізді. Бағалау компаниялардағы корпоративтік басқарудың жеткілікті жетілген деңгейін және директорлар кеңесінің тәжірибелі төрағаларының басшылығымен Холдинг Тобының көптеген компанияларының директорлар кеңестерінің теңгерімді құзыретті құрамын көрсетті.
- Холдингтің еншілес ұйымдарында ішкі аудит қызметтері корпоративтік басқаруға бағалау (диагностика) жүргізді, ол 2017 жылы жүргізілген бағалаумен салыстырғанда Холдингтің еншілес ұйымдарының көпшілігі бойынша өсімді көрсете отырып, 76,3%-дан 95,1%-ға дейінгі ауқымда құрады.



«ТДҰА» АҚ-ның «QazTech Ventures» АҚ-на трансформациясы

- «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ қызметінің трансформациясы аяқталды және оның атауы «QazTech ventures» АҚ болып өзгертілді. Ұйымның қызметі венчурлік нарықты, бизнес-инкубациялауды және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға бағытталатын болады.



Инвестициялық жобаларды қаржыландыру

- Есепті жылы «ҚДБ» АҚ қолдауымен 581 млрд теңгеге «ҚДБ» АҚ-ның қатысуымен құны 1,8 трлн теңге болатын 8 капитал қажетсінетін жоба пайдалануға берілді, оның ішінде: Қарағандыда ферросилиция өндіру бойынша жоғары технологиялық зауыт, «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры (1-кезең), Атырау мұнай өңдеу зауытында мұнайды терең өңдеу кешені, Қапшағай қаласындағы «Nurgisa» күн электр станциясы, Түркістан облысындағы «Жылға» күн электр станциясы, Ақмола облысындағы «Астана EXPO-2017» жел электр стансасының 1-ші кезегі және басқалары.
- «ҚДБ-Лизинг» АҚ облыс және қала әкімдіктерімен бірлесіп, коммуналдық, өрт техникасын, полиция машиналары паркін, санитарлық көлікті жаңарту бойынша жұмыс басталды. Осы жұмыстың нәтижесінде 2019 жылы жалпы сомасы 152,8 млрд теңгеге 187 лизингтік мәміле қаржыландырылды, 1 009 автобус, 294-тен астам трактор мен комбайндар, 109 полиция машиналары, 50 бірлік коммуналдық арнайы техника және басқалар жаңартылды.
- 2019 жылы «ҚКМ» АҚ ел экономикасына рекордтық соманы инвестициялады — 38,2 млрд теңге⁷ (17 жобаға қолдау көрсетілді).
- Жобалар үшін түпкілікті мөлшерлеменен ЕДБ кепілдігімен «ҚКМ» АҚ Тікелей инвестициялар қорлары арқылы жеңілдікті үлестік қаржыландырудың (капиталға кіру) жаңа бағдарламасы іске қосылды — 8%. Бұл бағдарлама бизнестің инвестицияларға қол жеткізуін жеңілдетеді және Қазақстан Республикасының капиталына тікелей қаржыландыру құралын пайдалануды қамтуды кеңейтеді. Бағдарлама аясында 2019 жылы 19,5 млрд теңге сомасына 11 жоба қаржыландырылды.

⁷ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ үлесін есепке алғанда-9,5 млрд теңге («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның DBK Equity Fund С. V. қорындағы үлесі - 97%).



Келісімдер жасасу

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы Айдар Әріпханов ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Берлин қаласына (ГФР) ресми сапарына және Герман бизнесі өкілдерімен болған дөңгелек үстелге қатысты. Іс-шара аясында Холдингтің еншілес компаниялары («ҚДБ» АҚ, «КРPF» ЖШС) мен неміс қаржы ұйымдары арасында 5 келісімге қол қойылды, соның ішінде «ҚДБ» АҚ және «Deutsche Bank AG» арасында 500 млн еуроға дейін экспорттық несиелік агенттіктердің сақтандыру өтеуін қаржыландыру саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және Euler Hermes халықаралық экспорт-сақтандыру агенттігі Германияның экспорттық операцияларын сақтандыруды өтеуге 1 млрд еуро көлемінде лимитті Қазақстан Республикасынан ашу бойынша негіздемелік келісімге қол қойды, бұл қазақстандық кәсіпкерлер мен банктердің Германиямен ғана емес, Еуропалық Одақ елдерімен де бірлесіп жұмыс істеуі үшін жаңа мүмкіндіктер береді.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен Стамбул мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орталығының (Istanbul PPPCoE) Бас атқарушы директоры Эйюп Айдин 300 млн АҚШ доллары сомасына МЖС саласындағы өзара қызығушылық танытатын жобаларды жүзеге асыру бойынша келісімге қол қойды.
- «QazTech Ventures» АҚ және «500 Startups» жетекші американдық венчурлік қоры 10 млн АҚШ доллары көлемінде қазақстандық стартап-жобаларды одан әрі қаржыландырумен V Жаһандық қорға қатысу туралы келісімге қол қойды.



Стамбул орталығымен ынтымақтастық туралы келісім мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (Istanbul PPPCoE)



«500 Startups» американдық венчурлік қорымен V Жаһандық қорға қатысу туралы келісім



Байқаулардағы жеңіс

- Холдинг ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ Бағдарламалар Кеңесінің қолдауымен «Жасыл экономика» үшін Коалиция» және G-Global-ды дамыту» ЗТБ ұйымдас-тырған «Мемлекеттік органдар (министрліктер, әкімдіктер, басқармалар және т.б.) және квазимемлекеттік сектор арасында» номинациясында «Жасыл кеңсе» атты бірінші республикалық байқауда жеңімпаз атанды.
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық есебі «QRA» ірі рейтинг агенттігі өткізетін IX жылдық есептер байқауының «Қаржы секторындағы үздік жылдық есеп» номинациясында екінші орынға ие болды. Аталған номинация Холдингтің мүдделі тараптармен айқындықты және сапалы диалогты қамтамасыз етудегі табысын растайды.



«Қаржы секторындағы үздік жылдық есеп» номинациясы бойынша екінші орын



«Жасыл кеңсе» байқауындағы жеңіс



Холдингінің корпоративтік мәдениеті мен құндылықтары	27
Бизнес-модель	28
Даму тарихы	30
Холдингінің құрылымы мен қолдау құралдары	32

01

ХОЛДИНГ ТУРАЛЫ

Холдингінің корпоративтік мәдениеті мен құндылықтары

Холдингітегі корпоративтік мәдениет мынадай шарттарға қол жеткізу негізінде қалыптастырылады:

- басшылар қызметкерлерді нәтижелерге жету үшін барынша күш салуға ынталандыратын климат жасайды;
- қызметкерлердің бастамалары мен инновациялары көтермеленеді;
- өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту саналы қажеттілік болып табылады;
- барлық қызметкерлер жалпы істің нәтижесі мен жетістігіне назар аударады, стратегиялық мақсаттарға қол жеткізудегі өзінің рөлі мен маңызын түсінеді;
- әрбір шешім бизнестің әлеуметтік бағыттылығын және Холдингінің мүдделі тараптарына бағдарлануын ескере отырып қабылданады.

Холдингінің негіз болатын құндылықтары:

- Жауапкершілік: ниеттер мен әрекеттер үшін;
- Кәсіпқойлық: кәсіби қызмет міндеттерін орындауға жоғары дайындық;
- Команда: бірлескен қызметтен жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін ынтымақтастық;
- Адалдық: Холдинг ішіндегі және өз әріптестеріне адалдық;
- Әлеуметтік жауапкершілік: Холдинг қызметінің қоғамдық саланың мүдделі тараптарына ықпалы үшін жауапкершілік.

Бизнес-модель

Холдингінің қаржы ресурстары

5 214
МЛРД ТЕҢГЕ
Активтер

1 227
МЛРД ТЕҢГЕ
Капитал

553*
МЛРД ТЕҢГЕ
Қарыз портфелі:

- Нарықтық көздер – 62%
- Мемлекеттік көздер – 38%

3 987
МЛРД ТЕҢГЕ
Міндеттемелер

Қаржы емес ресурстар

- Бірыңғай корпоративтік мәдениет мынадай принциптерге негізделеді: жауапкершілік, кәсібилік және даму, өзара құрмет пен сенім, командалық рух
- Тиімді корпоративтік басқару: ДО директорлар кеңестерін жұмысқа белсенді тарту
- Жауапты инвестициялау: қаржылық қолдау көрсету кезінде ESG факторларын есепке алу
- Клиенттерге бағытталған тәсіл: «бір терезе» қағидаты бойынша клиенттерді кешенді қолдау

Холдинг Тобына персоналдың тартылу деңгейі 2019 жылы


80%
құрады

* Бұл сома 16 млрд теңге («ҚТҚЖБ» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) және 5,6 млрд теңге («ҚТҚЖБ» АҚ және «ҚДБ» АҚ) сомасына нарықтық шарттарда топшілік тартуды қамтиды.

Даму бағыттары

Холдингінің миссиясы:

негізгі бағыттарды іске асыру арқылы мемлекеттік саясатты іске асыру және «Стратегия-2050» қойылған мақсаттарға қол жеткізу мақсатында Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына қолдау көрсету:



Қызмет нәтижелері



Шикізаттық емес салалардың ірі кәсіпорындарын жыл сайын ұзақ мерзімді несиелеудегі Холдингінің үлесі – 42%



Ұлттық валютадағы бизнес субъектілеріне ұзақ мерзімді несиелердің 48%-ы Холдингінің қолдауымен берілді



«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ – еліміздегі барлық ипотекалық қарыздардың 61%-ын берген Қазақстанның ипотекалық нарығындағы көшбасшы



Қолдау көрсетілген экспорт көлемі – Қазақстаннан шикізат емес экспорттың жалпы көлемінен 21%

Холдинг қызметіне деген сенім индексі 2019 жылы

88,1%
- ды құрады

Даму тарихы



2013

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығымен даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту мақсатында құрылды.
- Холдингтің негізгі міндеті — ұлттық даму институттарының, ұлттық компаниялардың және басқа да заңды тұлғалардың өзіне меншік құқығымен тиесілі және сенімгерлік басқаруға берілген акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) басқару.

Холдингтің құрамына бұрын мемлекеттік органдардың және «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ басқаруындағы 10 даму институты енді.

2014

- Холдинг 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасының операторы болды. Холдинг құрамында Kazakhstan Infrastructure Fund C.V. инфрақұрылымдық қоры құрылды, ол 2013 және 2014 жылдары республикалық бюджеттен бөлінген 20 млрд теңге капитализациясымен.
- Елдің инфрақұрылымдық дамуына қолдау көрсету үшін Холдинг және «Қазақстандық МЖС орталығы» АҚ бірлесіп «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын қолдау орталығы» ЖШС құрды.

Холдинг құрамында Baiterek Venture Fund — экономиканың басым секторларына инвестициялау үшін венчурлік қор құрылды.

2015

«Ұлт жоспары-100 нақты қадам» 62-қадамының аясында Еуразиялық экономикалық одақта бәсекеге қабілетті көшбасшы бола алатын қатысушы-компаниялардың қарқынды өсуіне қолдау көрсету мақсатында «Бәсекеге қабілеттілік көшбасшылары — Ұлттық чемпиондар» бағдарламасына бастама жасалды.

2016

- Холдинг Тобы 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму, 2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму, «Бизнестің жол картасы-2020» секілді мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруды жалғастырды.
- Қазақстандық ипотекалық несиелерге кепілдік беру қоры «ТҰҚКБҚ» АҚ болып қайта құрылды.

2016 жылдың қыркүйегінде «Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобаларын қолдау орталығы» ЖШС мандатын кеңейту туралы шешім қабылданды — «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру және жобалау құжаттама-сын әзірлеу жөніндегі қор болып қайта аталуы.

2017

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясы өзектілендірілді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексі жаңа редакцияда бекітілді.
- Басқарма «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2018–2023 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын бекітті. Бизнесі кешенді және клиентке бағдарланған қолдауды қамтамасыз ететін «Digital Baiterek Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталы» ақпараттық жүйесі тұрақты (өнеркәсіптік) пайдалануға енгізілді.
- Холдингтің еншілес ұйымдары, «ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ 100 млн АҚШ доллары көлемінде «ҚДБ» АҚ жобаларын капитализациялау мақсатында DBK Equity Fund CV тікелей инвестициялар қорын құрды.

Холдинг құрылымды оңтайландыру бойынша рәсімдерді жүргізді, атап айтқанда, «ҚИҚ» АҚ бойынша жалпы сомасы 337 млн теңгеге 4 жоба бойынша қатысу үлесін іске асырды. «ТДҰА» АҚ бойынша «Қ.И. Сатпаев атындағы ҚазҰТУ Технопаркі» ЖШС қатысу үлесі іске асырылды.

2018

- Директорлар Кеңесі елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін экономиканың жеке секторының жобаларына шоғырланатын Холдингтің инвестициялық саясатын жаңа редакцияда бекітті.

2018 жылғы желтоқсанда «Қазақстан қор биржасы» АҚ-да 15 жыл айналым мерзімімен 77,7 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың дебютті шығарылымы жарияланды.

2019

- «KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын толықтыруға 34 млрд теңге бөлінді.
- «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік» АҚ қызметін трансформациялау және оны «QazTech Ventures» АҚ деп қайта атау аяқталды, оның қызметі венчурлік нарықты, бизнес-инкубациялауды және технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға шоғырландырылатын болады.

Холдинг «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ға 10 жылдық айналым мерзімімен: 40 млрд теңге сомасына және жылдық 9,5% мөлшерлемесімен; және жылдық 9,75% мөлшерлемесімен 25 млрд теңге сомасына теңгелік облигациялардың екі шығарылымын жариялады.

Холдингтің құрылымы мен қолдау құралдары

Холдингтің әрбір еншілес ұйымы шағын, орта және ірі кәсіпкерлікті дамыту үшін қолдау құралдарын ұсына отырып және халыққа тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ететін ел экономикасында өз рөлін атқарады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ — дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астам Холдингке меншік құқығында тікелей немесе жанама тиесілі 11 еншілес ұйымды қамтитын интеграцияланған даму институты: Холдингтің 100 пайыздық қатысуымен 10 акционерлік қоғам және 97 пайыздық қатысуымен 1 жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

№	Еншілес ұйым	Қолдау құралы	Қызмет бағыты
1.	«Қазақстан Даму Банкі» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Қарыздық қаржыландыру Кепілдіктер Лизинг Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	<p>Ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдау</p> <p>Экспорттық әлеуетті арттыру⁸</p>
2.	«KazakhExport» ЭСК» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Кепілдіктер және сақтандыру Экспорттық және экспорт алдындағы қаржыландыру 	
3.	«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік қаржыландыру 	Ірі кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
4.	«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ»	<ul style="list-style-type: none"> Стресстік активтерді басқару 	
5.	«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС	<ul style="list-style-type: none"> Қаржыландыру және жобалық құжаттаманы дайындау, инвесторларды іздеу 	

⁸ Шағын, орта, ірі бизнесті қосқанда

№	Еншілес ұйым	Қолдау құралы	Қызмет бағыты
6.	«Даму» Қоры» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Қаржылық қолдау⁹ Кеңес беру Субсидиялау 	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау
7.	«Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Тұрғын үй қарыздарын беру Ипотекалық несиелеу 	Тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету
8.	«Бәйтерек девелопмент» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> ЖАО бағалы қағаздарды сатып алу арқылы құрылыс салымшыларды қаржыландыру Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй 	
9.	«Қазақстан ипотекалық компаниясы» ИҰ» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй Ипотекалық несиелеу 	
10.	«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Үлестік тұрғын үй құрылысына кепілдік беру 	
11.	«QazTech Ventures» АҚ	<ul style="list-style-type: none"> Венчурлік қорларға қатысу / құру Жеке бизнес-инкубаторларға қаржылық және әдіснамалық қолдау көрсету¹⁰ Бизнес-инкубаторлардың резиденттеріне мемлекеттік гранттар беру¹¹ Сараптамалық-технологиялық қолдау Инновациялық ваучерлерді ұсыну 	<p>Венчурлік қаржыландыру</p> <p>Бизнес-инкубациялау</p> <p>Технологиялық консалтинг</p>

⁹ ЕДБ негізделген орналастыруды қосқанда пайыздық мөлшерлемелермен, кепілдіктермен мемлекеттік субсидиялау

¹⁰ Операциялық шығындарды 50% қайта қаржыландыру, алайда жылына 35 млн теңгеден артық емес.

¹¹ Жаңа және айтарлықтай жақсартылған өнімді немесе бизнес-процесті жасау үшін индустриалдық-инновациялық жобалар бойынша (50 млн теңгеге дейін және ұсынылған негізделген шығындардан 80% артық).



02

ЭКОНОМИКАҒА ШОЛУ


Макроэкономикалық шолу 35

Негізгі қызмет түрлері
бойынша Холдинг құралдарының
нарықтық үлесі 38

Макроэкономикалық шолу

Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2019 жылдың қорытындысы бойынша 2018 жылдың көрсеткішіне қарағанда 9,9%-ға төмендеп, бір баррель үшін 64,03 АҚШ долларын құрады. Алайда, инвестициялардың өсуімен қатар ауқымды бюджеттік құюлар мұнай бағасының төмендеуінен жағымсыз әсерді жоюға мүмкіндік берді және 2019 жылы 4,5%-ға экономикалық өсуді қамтамасыз етті.

ЖІӨ өсуі және мұнай бағасы



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

2019 жылы өнеркәсіп өндірісінің көлемі 3,8%-ға 21,4 трлн теңгеге дейін өсті.

2019 жылы кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда өсім 3,7% құрады. Түрлі түсті металл кендерін өндіру (+16,9%) артты, тау-кен өнеркәсібі саласында техникалық қызметтер (+19,5%) өсті.


Өңдеу өнеркәсібінде өндіріс 4,4%-ға өсті. Азық-түлік, сусындар (+10,2%), мұнай өңдеу (+6,6%), негізгі асыл және түсті металдар (+6,8%) және машина жасау (+20,9%) өндірісі ұлғайды. Бұл ретте құрылыс материалдары (-1,9%), дайын металл бұйымдары (-7,7%), азық-түлік өнімдері (-0,3%) өндірісі көлемінің қысқаруы байқалды.

Электрмен қамту, газ, бу беру және ауа баптауда 2019 жылы өсім негізінен электр энергиясын өндіру, беру және тарату көлемінің 4,6%-ға ұлғаюы есебінен 1,3%-ды құрады.

Тау-кен өнеркәсібі әлі де өндірістік сектор драйверінің рөлін сақтайды, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бағалау бойынша ЖІӨ өсіміне үлес 2019 жылдың қорытындысы бойынша 0,6 п.т. құрады. Қарастырылып отырған кезеңде ІЖӨ өсіміне ЖҚҚ үлесі 0,7 п.т., өңдеу өнеркәсіптің үлесі – 0,5 п.т. құрады. Қызметтер секторының үлесі 2,4 п.т. құрады.

Экономиканы ынталандыруға нақты сектор кәсіпорындарының инвестициялық белсенділігінің өсуі ықпал етеді. ҚР ҰЭМ КС ресми деректеріне сәйкес 2019 жылы негізгі капиталға инвестициялар көлемі 8,5%-ға артып, 12,5 трлн теңгені құрады. Негізгі капиталға инвестициялар көлемін ұлғайтуға «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын, күн электр станциясын, өнеркәсіптік объектілерді салу және өндірістік жабдықтарды сатып алу, тау-кен өнеркәсібі объектілерін, әлеуметтік объектілерді, тұрғын үйді, инфрақұрылымды жаңғырту есебінен қол жеткізілді.

Экономика секторларының ЖІӨ өсіміне салымы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бағасы

Негізгі капиталға инвестициялар, млрд теңге



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Салалық бөліністе 2019 жылғы барлық күрделі инвестициялардың (+15% г/г) 62,3% (7 814 млрд теңге) өнеркәсіп үлесіне тиесілі, бұл оның инвестициялық белсенділіктің драйвері ретіндегі рөлін көрсетеді. Өнеркәсіп құрылымында инвестициялардың едәуір шоғырлануы мұнай өндіру секторында сақталып отыр – өнеркәсіптегі инвестициялардың жалпы көлемінің 61% (4 757 млрд теңге). Бұл ретте 2019 жылы өңдеу өнеркәсібінің негізгі капиталына инвестициялардың төмендеуі байқалды – жыл қорытындысы бойынша 22,6%-ға 994 млрд теңгеге дейін (өнеркәсіптегі күрделі инвестициялардың жалпы көлемінен 12,7%-ы). Өңдеу өнеркәсібі секторларында ең көп инвестициялық белсенділік былғары өнімдерін (өсім 6,4 есе), химия өнеркәсібінде (+125,8%), металлургияда (+11%), дайын металл бұйымдарын (+19,6%) өндірісінде тіркелген.

Өнеркәсіптегі күрделі инвестициялар көздерінің құрылымында ең көп үлесті кәсіпорындардың меншікті қаражаты – 87% (6 801 млрд теңге), бюджет қаражатының үлесі – 5,9% (459,5 млрд теңге) ұстап отыр.



2019 жылы тұрғын үй құрылысына 1 423 млрд теңге жіберілді, бұл 2018 жылға қарағанда 22,5%-ға артық. 2019 жылы пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 13 133,8 мың м² құрады, оның ішінде жеке құрылыс салымшылар 6 540,6 мың м². 2018 жылға қарағанда өсім 4,9% құрады.

2019 жылы көппәтерлі үйлерде 1 м² тұрғын үй салуға орташа нақты шығындар 129,2 мың теңгені және жеке құрылыс салымшылар салған тұрғын үйлерде 84,5 мың теңгені құрады.

Банктердің экономиканы несиелеу көлемі 2019 жылдың соңында 13 863,8 млрд теңгеге жыл басынан бері 5,9% - ға өсіп жетті. Заңды тұлғаларға берілген несиелер көлемі 7 202,5 млрд теңгеге дейін 7,5%-ға азайды, жеке тұлғаларға берілген несиелер көлемі-25,6%-ға 6 661,3 млрд теңгеге дейін ұлғайды.


Шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу 2019 жылғы желтоқсанда 2 108,8 млрд теңгеге дейін 1,3%-ға артты (экономикаға берілетін несиелердің жалпы көлемінің 15,2%-ы).

Өнеркәсіп кәсіпорындарының негізгі капиталына инвестициялардың салалық құрылымы




Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Банктердің экономикаға мерзімі бойынша кредиттері, трлн теңге (кезең соңына)




Дереккөз: ҚР ҰБ

Алушылар бойынша банктердің экономикаға несиелері, трлн теңге (кезең соңына)




Дереккөз: ҚР ҰБ

Шағын кәсіпкерлікті несиелеудің салалық құрылымы, %




Дереккөз: ҚР ҰБ

Импорт құрылымы, %




Экспорт құрылымы, %



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

2019 жылы берілген несиелер көлемі 15203 млрд теңгені құрап, 12,9%-ға өсті. Теңгедегі несиелер үлесі 92%-ды құрады. Қысқа мерзімді несиелер беру 11%-ға 8147,5 млрд теңгеге дейін, ұзақ мерзімді несиелер беру – 15,3%-ға 7055 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Экспорт пен импорт қарқыны, млрд АҚШ доллары



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

ЕДБ мен ипотекалық ұйымдардың ипотекалық портфелінің жиынтық көлемі (тұрғын үй құрылысына арналған қарыздарды есепке алғанда) 2019 жылдың соңында 2336,9 млрд теңгені құрады. Тұрғын үй құрылысына және сатып алуға берілген несиелер көлемі 859 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылдың сәйкес көрсеткішінен 68%-на артық.

Алдын ала деректер бойынша, 2019 жылы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 96,1 млрд. АҚШ долларын құрады және 2018 жылмен салыстырғанда 1,4%-ға артты.

Экспорт 57,7 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2018 жылғы ұқсас көрсеткіштен 6% төмен. ҚР ҰЭМ СК бағалау деректері бойынша 2019 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсіп өнімінің экспорт көлемі 6%-ға төмендеп, 15 млрд. АҚШ долларын құрады.

2019 жылы импорттың құндық көлемі 38,4 млрд. АҚШ долларын құрады және 14%-ға өсті. Күрделі инвестицияларды ұлғайту – импорт өсуінің басты драйвері. Импорт құрылымында бұрынғысынша қосылған құны жоғары тауарлар санатына жататын машиналар мен жабдықтар басым, олардың жалпы импорттағы үлесі 44,2% (17 млрд. АҚШ доллары).

Негізгі қызмет түрлері бойынша Холдинг құралдарының нарықтық үлесі

Холдингті тікелей несиелеу құралдары арқылы («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ тетіктері) 2019 жылы басым шикізаттық емес салалардағы ірі бизнес кәсіпорындары 453 млрд теңге сомаға қаржыландырылды, бұл ел экономикасының басым шикізаттық емес салаларын ұзақ мерзімді несиелеудің жалпы көлемінің

42%-ын құрайды. Холдингтің несиелендіріліп отырған портфелінің көлемі ірі кәсіпкерлік субъектілерін тікелей несиелеу шеңберінде 1617 млрд теңгені немесе экономиканың шикізаттық емес секторларындағы (өңдеу өнеркәсіп, энергетика, көлік және байланыс), оның ішінде ЕДБ алдындағы кәсіпорындардың ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлемінде 49,7%-ды құрады.


Холдингтің қолдауымен ШОБ субъектілеріне берілген несиелер көлемі («Даму» Қоры» АҚ механизмдері) 2019 жылы 611 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 23%-ға жоғары. Бұл ретте, 2019 жылдың қорытындысы бойынша банктік емес заңды тұлғаларға теңгемен берілген ұзақ мерзімді несиелердің жалпы көлеміндегі ШОБ бастамаларын қолдау бойынша Холдинг құралдарының үлесі 48%-ды құрады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ ипотекалық несиелеудің басты драйвері болып табылады және еліміздегі барлық ипотекалық қарыздардың 61%-ын беріп, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды. Сонымен қатар, банк өнімдерінің желісі «ҚТҚЖБ» АҚ-ның еліміздің қаржы нарығындағы позициясын нығайтуға мүмкіндік берді, бұл жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді


салымдарының жалпы көлеміндегі көп үлесімен (33,5%), сондай-ақ тұрғын үй салу және сатып алу мақсаттарына ЕДБ несиелендіріліп отырған портфелінің жалпы көлеміндегі (43%) елеулі үлесімен расталады.

Холдинг механизмдері арқылы («KazakhExport» ЭСК» АҚ, «ҚДБ» АҚ) отандық экспорттаушыларға қолдау шаралары ұсынылады. 2019 жылдың қорытындысы бойынша «KazakhExport» ЭСК» АҚ экспорттық келісімшарттар бойынша қабылданған міндеттемелердің көлемі 97 млрд теңгені (2019 жылғы жиынтық шикізаттық емес экспорттың 2%) құрады, ал «ҚДБ» АҚ (оның ішінде инвестициялық) қолдау көрсеткен жобалардың экспорттық түсімінің көлемі 1126 млрд теңгені (2019 жылғы жиынтық шикізаттық емес экспорттың 19%) құрады, бұл жалпы шотта Қазақстаннан шикізаттық емес экспорттың жалпы көлемінің 21%-ына сәйкес келеді.


Экономиканың шикізаттық емес салаларының ірі кәсіпорындарын жыл сайын ұзақ мерзімді несиелеудегі Холдингтің үлесі




Ұлттық валютадағы банктік емес заңды тұлғаларға ұзақ мерзімді несиелердің жалпы көлеміндегі Холдингтің қолдауымен ШОБ несиелеу үлесі



Экономиканың шикізаттық емес салалары кәсіпорындарының ұзақ мерзімді берешегінің жалпы көлеміндегі Холдингтің несиелендіріліп отырған портфелінің үлесі (ІКС тікелей несиелендіріліп отырған құралдары шеңберінде)



Азаматтардың тұрғын үй құрылысына және сатып алуға жыл сайынғы қарыздар берудің жалпы көлеміндегі «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ-ның үлесі





03

МЕНЕДЖМЕНТ ЕСЕБІ

Холдинг елдің негізгі қаржы институты бола отырып, бизнес пен халыққа кәсіпкерлікті дамыту және тұрғын үйдің қаржылық қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін кешенді түрде мүмкіндіктер береді.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің даму бағыттары бойынша негізгі қаржылық көрсеткіштер мен көрсеткіштердің өсуіне қол жеткізілді. Холдинг арқылы жүзеге асырылатын шаралардың арқасында 8 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды; қолдауға ие болған кәсіпорындар бюджетке 300 млрд теңгеден астам салық төледі және 2,5 трлн теңгеден астам өнім өндірді.

Қызметтің қаржылық нәтижелері 41

Капитал нарықтарында қаражат тарту 44

Ірі бизнесті қолдау 46

ШОБ қолдау 49

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру 52

Экспорттық әлеуетті арттыру 54

Private equity экожүйесін және инновацияларды дамыту 56

Цифрландыру стратегиясы 61

Клиентке бағытталған тәжірибе 62

8 капиталды қажетсінетін жоба пайдалануға берілді, оның шеңберінде
1763
ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ
АШЫЛДЫ

1227
МЛРД ТЕҢГЕ
Холдинг капиталы

527
МЛРД ТЕҢГЕ
берілген тұрғын үй қарыздары

52
МЛРД ТЕҢГЕ
2019 жылдың қорытындысы бойынша холдингтің таза пайдасы

Қызметтің қаржылық нәтижелері


Холдингтің табысы есепті жылы 427 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылғы ұқсас көрсеткіштен 16%-ға жоғары. Кірістер құрылымындағы ең үлкен салмақты пайыздық кірістер (78%) құрайды, олар есепті жылы 10%-ға 332 млрд теңгеге дейін ұлғайды.

Холдинг шығындары 2019 жылы 2018 жылдың ұқсас көрсеткіштен 16%-ға асып, 363 млрд теңгені құрады. Пайыздық шығындар шығыстар құрылымында ең көп үлесті құрайды – 48%. Өткен жылы олар 13%-ға 175 млрд теңгеге дейін өсті.


2019 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің таза пайдасы 52 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылғы мәннен 48%-ға артық. Таза пайданың ұлғаюы негізінен Холдингтің қаржылық нәтижесіне дисконтты тану және резервтерді есептеу түрінде 2018 жылы жүргізілген «Цеснабанк» АҚ-ға қойылатын талаптарды айырбастау ықпалының болмауына байланысты.

Активтердің рентабельділігі көрсеткішінің (ROA) 0,2 базистік пунктке ұлғаюы таза пайданың 48%-ға өсуіне және активтердің орташа жылдық сомасының 8,5%-ға өсуіне байланысты. Капиталдың рентабельділік деңгейі (ROE) 1,2 базистік пунктке артты.


Таза табыс, млрд теңге




Рентабельділік көрсеткіші



Кірістер, млрд теңге



Шығындар, млрд теңге



2019 жылғы кірістер құрылымы, %

Көрсеткіш	2019 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық кірістер	332	78
Комиссиялық кірістер	9	2
Өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтермен операциялардан болған таза пайда	4	1
Таза тапқан сақтандыру сыйақылары	2	1
Басқа операциялық кірістер	73	17
Несиелік сипаттағы өзге қаржы активтері мен шартты міндеттемелердің құнсыздануына арналған резервті қалпына келтіру	5	1
Кірістер жиыны:	427	100

2019 жылғы шығындар құрылымы, %

Көрсеткіш	2019 жыл, млрд теңге	%
Пайыздық шығындар	175	48
Несиелік портфельдің құнсыздануына арналған резерв	19	5
Комиссиялық шығындар	12	3
Өзгеруі кезең ішіндегі пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын активтермен операциялардан болған таза шығыны	9	3
Шетел валютасымен жасалған операциялардан таза шығыны	2	0
Басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерімен жасалатын операциялардан таза шығыны	1	0
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерін тануды тоқтатудан болған таза шығын	2	0
Сақтандыру төлемдері бойынша және сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер бойынша таза шығындар	5	1
Басқа операциялық шығындар	85	23
Несиелік сипаттағы өзге қаржы активтері мен шартты міндеттемелердің құнсыздануына резерв құру	4	1
Әкімшілік шығындар	50	14
Шығындар жиыны:	363	100

2019 жылдың қорытындысы бойынша Холдинг активтері 10%-ға өсіп, 5 214 млрд теңгені құрады. Активтер көлемінің ұлғаюы жаңа қарыздарды тартумен, жарғылық капиталды толықтырумен, бөлінбеген пайданың ұлғаюымен байланысты. Холдингтің есептік жылдағы міндеттемелері 3 987 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылғы ұқсас көрсеткіштен 9%-ға жоғары. 2019 жылы міндеттемелердің өсуі негізінен келесі себептерге байланысты:


- банктерден және өзге де қаржы институттарынан 113,6 млрд теңге сомасында қарыздар алу;
- банктерден және басқа да қаржы институттарынан қарыздарды өтеу – 296,6 млрд теңге;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарыздары – 204,5 млрд теңге;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінен қарыздарды өтеу – 11,9 млрд теңге;
- 215,0 млрд теңге сомасында қарыздық бағалы қағаздар шығару;
- қарыздық бағалы қағаздарды өтеу/сатып алу – 4,7 млрд теңге;
- клиенттердің қаражаты сомасының өзгеруі – 184,6 млрд теңге.

Жаңа қарыздарды тарту Холдинг оператор бола тұра мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жобаларды қаржыландыру үшін, сондай-ақ топшілік қаржыландыру мақсаттары үшін және жалпы корпоративтік мақсаттар үшін жүзеге асырылды.


Қарыз бен меншікті капиталдың арақатынасы 2018 жылғы 3,4-тен 2019 жылы 3,2-ге дейін қысқарды. Төмендеу капиталдың өсу қарқынының (116%) міндеттемелердің өсу қарқынынан (109%) озуына байланысты.

Холдинг капиталы негізінен 71 млрд теңге сомасына жарғылық капиталды толықтыру және 2019 жылы 52 млрд теңге мөлшерінде алынған таза пайда есебінен 16%-ға ұлғайды. 2019 жылы Холдинг бір жай акцияға 1 485 163 мың теңге немесе 1,67 теңге мөлшерінде дивидендтер төледі.


Капитал, млрд теңге



Активтер, млрд теңге




Міндеттемелер, млрд теңге



Холдинг капиталы
16%-ға арттып
1 227
 МЛРД ТЕҢГЕНІ
 құрады

Қарыз/капитал, коэф.



Капитал нарықтарында қаражат тарту


Холдингінің стратегиялық мақсаты мемлекеттік қаражаттың бір бөлігін ауыстыру мақсатында қаржыландырудың мемлекеттік емес көздерінің үлесін ұлғайту болып табылады. Шетелдік және қазақстандық инвесторлармен, халықаралық қаржы ұйымдарымен, даму институттарымен, халықаралық компаниялармен әріптестік қарым-қатынас орнату бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары облигациялар шығару және қарыздар алу нысанында қарыздық қаржыландыруды тартады. 2019 жылы 553 млрд теңге,¹² тартылды, оның 62% — нарықтық қарыз және 38% — мемлекеттік қарыз. Бұл ретте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның Даму стратегиясында 2023 жылға қарай мемлекеттік емес қарыз алу көздерінің үлесін 80%-ға дейін арттыру көзделген.


2019 жылы мемлекеттік емес қарыз алу көздерінен маңызды тарту шетелдік банктерден 112,6 млрд теңге мөлшерінде қарыздар және Холдингінің және оның еншілес ұйымдарының 230,7 млрд теңге сомасына облигациялар шығаруы болды. Атап айтқанда, Холдинг айналым мерзімі 10 жыл және өтеу кірістілігі жылына 9,5–9,75% болатын 65 млрд теңге мөлшерінде облигациялар шығаруды жүзеге асырды. Тартылған қаражат Алматы қаласындағы жер алқабын салудың инвестициялық жобасын қаржыландыруға бағытталды.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары есепті жылы ҚР Үкіметінің 186,5 млрд теңге көлеміндегі қарыздарын тартты. Атап айтқанда, «ҚДБ» АҚ мен Қытайдың мемлекеттік даму банкі арасындағы келісім аясында «Kaz Minerals Aktogay» ЖШС жобасын қаржыландыру үшін 76,2 млрд теңге сомасында қаражат тартылды; сондай-ақ ЕДБ-ге қаражат орналастыру және ҚР Үкіметі, «Даму» Қоры» АҚ мен АДБ арасындағы Қаржыландыру туралы негіздемелік келісімге сәйкес шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын кейіннен қаржыландыру үшін 35,3 млрд теңге тартылды.

Қарыздық қаржыландыру серпіні, млрд теңге



2019 жылдың соңына валюталар бойынша сыртқы қарыз алу құрылымы, %



¹² Бұл сома 16 млрд теңге («ҚТҚЖБ» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) және 5,6 млрд теңге («ҚТҚЖБ» АҚ және «ҚДБ» АҚ) сомасына нарықтық шарттарда топшілік тартуды қамтиды.

Тарту құралдарының қаражат түрлері бойынша капитал нарықтарында тартылған қаражат мөлшері

Жыл	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млн долл.	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млн рубль	Шетелдік банктерден тартылған қаражат, млрд теңге	Облигациялар, млрд теңге
2018	290	760	23,8	293,8
2019	200	1	35,3	236,4

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша серіктестік туралы меморандумдар немесе келісімдерге қол қойылған ұйымдар:

Қытай	China Export & Credit Insurance Corporation «SINOSURE»
Оңтүстік Корея	KIND KIAT
Біріккен Араб Әмірліктері	Mubadala Investment Company
Катар Мемлекеті	Qatar Investment Authority
Ұлыбритания	UK Export Finance
Германия	Deutsche Bank Euler Hermes Aktiengesellschaft
Франция	BPIfrance
Испания	COFIDES

2019 жылы серіктестермен ынтымақтастық бағыттары

Серіктес атауы	Серіктес түрі
Euler Hermes Aktiengesellschaft	Германияның қаржы институттарынан болашақ экспорттық несиелерді қазақстандық жобалар мен кәсіпкерлердің пайдасына сақтандыру үшін 1,1 млрд доллар көлемінде лимитін ашуға негіздемелік келісім
KIND (Кореяның шетелде қалалық инфрақұрылымды дамыту корпорациясы)	Қазақстандағы МЖӘ жобалары бойынша ынтымақтастыққа, осы жобаларға корей инвесторларын тартуға бағытталған ынтымақтастық туралы келісім
KIAT (Корея технологияларды дамыту институты)	Ұлттық чемпиондары 2, WorldClass 300 және Korean Hidden Champion initiative қолдаудың ұқсас бағдарламаларын іске асыруда серіктестікке бағытталған ниеттер туралы меморандум
UK Export Finance	Қазақстандық жобаларды қаржылық қолдауды жеңілдетуге бағытталған өзара түсіністік туралы Меморандум

Ірі бизнесті қолдау

Ірі жобалар портфелі

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ құрамында өңдеу өнеркәсібі мен инфрақұрылымдағы ірі стратегиялық жобаларды қаржыландыру жөніндегі негізгі даму институты «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ (бұдан әрі – «ҚДБ» АҚ, Банк) болып табылады.

«ҚДБ» АҚ қарыздық қаржыландыру және Лизинг құралдарын ұсыну арқылы қазақстандық кәсіпорындарға қаржылық қолдауды қамтамасыз ете отырып, ел экономикасын әртараптан-дыру процесіне елеулі үлес қосуда.

«ҚДБ» АҚ құрылған сәттен бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін Банк 4,1 трлн теңге сомасына банктің қатысуымен жалпы құны 8,7 трлн теңге болатын 140 инвестициялық жобаны; сондай-ақ 0,46 трлн теңге сомасына «ҚДБ» АҚ қатысуымен құны 0,71 трлн теңге болатын 104 экспорттық операцияны мақұлдады және қаржыландырады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша Банктің тікелей несиелеу¹³ аясында несиелік портфельдің мөлшері 1,6 трлн теңгеге¹⁴ дейін 1,3%-ға азайды. Төмендеу қарыз алушылардың «ҚДБ» АҚ алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын өтеуіне байланысты.

¹³ Клиенттерге берілген қарыздар.

¹⁴ Құнсыздануға арналған резервті шегергенде.

8 капиталды қажетсінетін жоба пайдалануға берілді, оның шеңберінде

1763

ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ АШЫЛДЫ

2019 жылға Банк тікелей несиелеу аясында жалпы сомасы 452,8 млрд теңге болатын жобаларды қаржыландырды, оның ішінде:

- 15 инвестициялық жоба — 315,1 млрд теңге сомасына;
- 13 экспорттық (экспорт алдындағы) операция — 137,7 млрд теңге сомасына.

Есепті жылы «ҚДБ» АҚ қолдауымен 581 млрд теңгеге «ҚДБ» АҚ қатысуымен құны 1,8 трлн теңге болатын 8 жоба пайдалануға берілді, оның аясында 1 763 жаңа жұмыс орны ашылды:

- Шымкент қаласындағы 110 және 220 кВ кернеу класындағы күш трансформаторларын өндіру зауыты;
- «Жылға» фотовольталық электр станциясы;
- «Астана EXPO-2017» жел электр станциясындағы 50 МВт іске қосу кешені;
- Қапшағай қаласындағы қуаты 100 МВт күн электр станциясы;
- Қарағанды қаласында өндіріс көлемі жылына 96 мың тонна ферросилиция өндіретін зауыт;
- «Сарыарқа» магистральдық газ құбыры;
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты жаңғыртудан және қайта жаңартудан кейін;
- Атырау облысында мұнайды терең өңдеу кешені.

2019 жылы қаржыландырылған жобалар:

Жобалардың (инвестициялық және экспорттық операциялардың) жалпы саны	28
Жобалардың жалпы құны, млрд теңге	2 844
Холдингтің қатысу көлемі, млрд теңге	452,8
Бюджетке төлемдер көлемі (2019 жылы қаржыландырылған және пайдалану фазасындағы жобалар шеңберінде), млрд теңге	155,2
Құрылған жұмыс орындарының саны (2019 жылы қаржыландырылған және пайдалануға берілген жобалар аясында), бірлік	1 763

2019 жылы Банк 428,5 млрд теңге сомасына 11 инвестициялық жоба және 8 млрд теңге сомасына 3 экспорт алдындағы операция бойынша 14 қаржылық өтімді қаржыландыруға мақұлдады.

Банктің ауқымды инвестициялық жобаларды іске асыруға қолдау көрсету экономиканы әртараптандыруға, сондай-ақ жалпы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын ынталандыруға бағытталған.

Лизингтік қаржыландыру

Банктің еншілес ұйымы, «ҚДБ-Лизинг» АҚ қызметінің негізгі бағыттарының бірі 2019 жылы муниципалдық органдармен жұмыс болды, бұл бюджетке қосымша бір жолғы жүктемесіз өңірлердің инфрақұрылымын дамытуға елеулі үлес қосуға, халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

«ҚДБ-Лизинг» АҚ облыс және қала әкімдіктерімен бірлесіп, коммуналдық, өрт техникасын, полиция машиналары паркін, санитарлық көлікті жаңарту бойынша жұмыс басталды.

Осы жұмыс аясында 2019 жылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- жалпы сомасы 152,8 млрд теңгеге 187 лизингтік мәміле қаржыландырылды;
- 1 009 автобус жаңартылды;
- 294-тен астам трактор мен комбайндар жаңартылды;
- коммуналдық арнайы техниканың 50 бірлігі жаңартылды;
- 109 полиция машинасы берілді;
- санитарлық көлікті жаңарту бойынша жұмыс басталды, соның нәтижесінде еліміздің барлық өңірлерінде 800 бірлік жедел медициналық жәрдем көлігін жаңарту жоспарлануда;
- 10 өрт сөндіру машинасын жаңарту бойынша шарттар мақұлданды және бекітілді;
- 91 жолаушы және 30 жүк вагондары жаңартылды;
- отандық өндірістің 172 арнайы көлік құралы қаржыландырылды.

2019 жылы «ҚДБ-Лизинг» АҚ лизингтік портфелінің көлемі 2018 жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 75%-ға артып, 338,4 млрд теңгені құрады.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылдың соңына дейін Холдинг 430,9 млрд теңге сомасына ірі бизнес жобаларын қаржыландыруды жүзеге асыруды, сондай-ақ 594 млрд теңге сомасына 12 жобаны іске қосуды және 329 млрд теңге сомасына «ҚДБ» АҚ-ның қатысуымен жоспарлап отыр.

Облигациялық қарыз беру, жобалық қаржыландыру, мемлекеттік-жекеменшік серіктестік, үлестік қаржыландыру арқылы қарыздық қаржыландыру сияқты құралдарды дамыту жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

«ҚДБ-Лизинг» АҚ облыс және қала әкімдіктерімен бірлесіп, коммуналдық, өрт техникасын, полиция машиналары паркін, санитарлық көлікті жаңарту бойынша жұмыс басталды.

Ірі бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру

2015–2019 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы («ИИДМБ»)

«ҚДБ» АҚ жалпы сомасы 225 млрд теңгеге жобаларды қаржыландырудың жеке бағдарламасын бекітті, оның 75 млрд теңгесі — Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты (2014 жылы бөлінген), 150 млрд теңгесі — «ҚДБ» АҚ қарыз қаражаты. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұл қаражат толығымен игерілді, 13 жоба қаржыландырылды.

ИИДМБ одан әрі жүзеге асыру аясында 2016–2019 жылдар кезеңінде республикалық бюджеттен (бұдан әрі — РБ) 178 млрд теңге бөлінді. Бұл соманы «ҚДБ» АҚ нарықтан тартты. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ИИДМБ аясында «ҚДБ» АҚ РБ қаражатын тарту арқылы жалпы қаржыландыру сомасы 242,8 млрд теңгеге 10 инвестициялық жоба мақұлданды, оның 172 млрд теңгесі нақты игерілді. Банк келесі инвестициялық жобаларды іске асыруға қаржылық қолдау көрсетеді

- қуаты жылына 5 млн тонна кенді өңдейтін тау-кен байыту комбинаты;
- күш трансформаторларын өндіру зауыты;
- Қарағанды кешенді қорытпалар зауыты;



2019 жылы Банкпен қаржыландыруға мақұлданған жобалар арасында келесі жобалар:

- Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының ауылдық елді мекендерін кең жолақты қолжетімділікпен қамтамасыз ету
Жоба мемлекеттік-жекеменшік серіктестік форматында жүзеге асырылуда. Жоба аясында Қазақстан Республикасының 14 облысында орналасқан 421 елді мекенде Интернет желісіне кең жолақты қатынау қызметтеріне мемлекеттік органдарды, бюджеттік мекемелерді, жеке ұйымдарды және халықты қосу үшін талшықты-оптикалық байланыс желісін салу жоспарланып отыр.
- «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салу
Жоба еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, орталық және солтүстік аймақтарды сенімді және үздіксіз газбен қамту, экологиялық жағдайды жақсарту саласындағы Қазақстан Республикасының стратегиялық мақсаттарын орындауға бағытталған. Қаржыландыру аясында Нұр-Сұлтан қаласын, еліміздің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру үшін Қызылорда — Жезқазған — Қарағанды — Теміртау — Нұр-Сұлтан бағыты бойынша желілік газ құбырының құрылысы аяқталды.

- Қарағанды қаласында өндіріс көлемі жылына 96 000 тонна ферросилиция өндіретін зауыт;
- К5 экокласты мотор отыны (2-ші кезең);
- Шымкент қаласындағы МТБЭ өндіру зауыты;
- Ақмола облысы Бұланды ауданында бройлер өсіретін құс фабрикасы (1 және 2 кезекті);
- мұнайды терең өңдеу кешені.
- Шымкент мұнай өңдеу зауыты жаңғыртудан және қайта жаңартудан кейін;

Іске асырылып жатқан жобалар Қазақстанның индустриялық-инновациялық дамуының негізін құра отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді. Тек 2019 жылдың өзінде ИИДМБ аясында 16 жобаның жұмыс істеп тұрған қуаттарында 516 млрд теңге сомаға дайын өнім шығарылды (2016–2019 жылдар кезеңінде — 767 млрд теңге), шамамен 387 млрд теңге сомаға дайын өнім экспорты қамтамасыз етілді (430,6 млрд теңге), бюджетке салық төлемдерінің көлемі 102 млрд теңгеге жетті (124,9 млрд теңге). Бұл ретте жаңа индустриялық қуаттарды іске қосу 4 472 жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді.

«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» бағдарламасын жүзеге асыру аясында «ҚДБ» АҚ қазақстандық автоқұрастыру кәсіпорындарын, сондай-ақ отандық экспорттаушыларды қолдауды қаржыландыруды жалғастыруда.

Нәтижесінде отандық кәсіпорындар 2015 жылдан бастап 2019 жылға дейінгі кезеңде тау-кен металлургия кешенінің (болат дайындамалары мен слябтар, сұрыпты прокат, құбырлар, титан құймалары, мырыш, қорғасын, мыс, глинозем), химия өнеркәсібі (сары фосфор, натрий триполифосфаты, аммофос, аммиак селитрасы, натрий цианиді), тамақ өнеркәсібі (шай, шырындар, суындар, кондитерлік өнімдер, өсімдік майы, шрот) және машина жасау (күштік майлы және құрғақ трансформаторлар, қосалқы станциялар және т. б.) дайын өнімін 596,9 млрд теңге сомаға ТМД, ЕО, таяу шетелдерге, ҚХР және т. б. елдерге экспорттады.

Жеңілдетілген автонесиелеу бағдарламасы аясында 2019 жылдың аяғындағы жағдай бойынша ҚР Ұлттық қоры қаражаты есебінен алты банк жеке тұлғаларға отандық автоөндірушілердің автокөліктерін сатып алуға жалпы сомасы 56 млрд теңгеге қайта орналастыруды ескерумен 12 906 несие берді.

Отандық автоөндірушілерді лизингтік қаржыландыру аясында 2019 жылғы 26 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚДБ-Лизинг» АҚ арқылы 8,4 млрд теңге сомасына лизингтік мәмілелер қаржыландырылды (қарыздың өтелген қаражатын қайта игеруді ескере отырып) және арнайы мақсаттағы 696 бірлік отандық техника жеткізілді.

Сонымен қатар, мемлекеттің жеке бастамасы аясында 2017–2019 жылдары Республикалық бюджет қаражатынан екінші деңгейлі банктерге және «ҚДБ-Лизинг» АҚ автоөндірушілерді қолдау бағдарламасын кеңейту аясында қосымша 20 млрд теңге бөлінді. 2019 жылдың соңындағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктер 18,3 млрд теңге сомасына 3 388 несие берді, ал «ҚДБ-Лизинг» АҚ 241 бірлік мамандандырылған техника жеткізу үшін 4 млрд теңге сомасына лизингтік мәмілелерді қаржыландыруды қамтамасыз етті. Сонымен қатар, 2019 жылы ҚР Ұлттық Банкінің қаражатынан жеңілдікті автонесиелеу бағдарламасын іске асыруға 20 млрд теңге бөлінді, оның ішінде 2019 жылдың соңына екінші деңгейдегі банктер 11,8 млрд теңге сомасына 2 143 несие берді.

«Отандық вагон өндірушілерді қолдау» бағытын жүзеге асыруға «ҚДБ» АҚ 22,5 млрд теңге көлемінде қаражат тартылды, оның ішінде 17,5 млрд теңге «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ қаражаты. Осы қаражатты игеру қорытындысы бойынша 28 жолаушы вагоны мен 1 108 фитингтік вагон өндіру және жеткізу қамтамасыз етілді.

ШОБ қолдау

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ (бұдан әрі — «Даму» Қоры, Қор) «Бәйтерек» Холдингінің еншілес ұйымы ретінде мемлекеттік бағдарламалардың негізгі операторларының бірі бола отырып, ШОБ дамуына елеулі көмек көрсетеді.

Қордың қаржылық бағдарламаларын іске асыру қорытындылары

Құрал	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл		
			жоспар	нақты	жоспарды орындау %
ЕДБ/МҚҰ/ЛК қаражатты шартты орналастыру арқылы кәсіпкерлерді қаржыландыру					
Қатысушылар саны, бірлік	8 305	18 656	9 356	18 933	202%
Қаржыландыру сомасы, млн теңге	230 469	272 912	187 550	239 508	128%
Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау					
Қатысушылар саны, бірлік	2 310	1 470	1 156	2 647	207%
Несие сомасы, млн теңге	275 660	198 380	—	269 786	—
Несиелерді кепілдендіру					
Қатысушылар саны, бірлік	1 317	1 950	2 100	2 674	127%
Несие сомасы, млн теңге	42 845	65 455	—	102 740	—

24,3

МЫҢ ЖОБАҒА

жалпы сомасы 600 млрд теңгеден астам қолдау көрсетілді

«Даму» Қоры жеке кәсіпкерлік субъектілеріне келесі құралдар арқылы қолдау көрсетеді:

- ЕДБ, лизингтік компаниялар мен шағын қаржы ұйымдарында қаражатты шартты орналастыру арқылы жеңілдікті қаржыландыру;
- несиелер және қаржы лизинг шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау;
- несиелерге кепіл беру;
- қаржы институттарына дейін клиенттерді онлайн оқыту және қолдау.

2019 жылы Қор жалпы сомасы 600 млрд теңгеден астам 24,3 мың жобаға қолдау көрсетті.

2019 жыл ішінде Қор ЕДБ/қаржы ұйымдарында 84 млрд теңге сомасына қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша қаражат орналастырды, оның ішінде МҚҰ-да — 6 млрд теңге сомасына.

2019 жылы «Даму» Қоры қолдау көрсеткен клиенттер 5,6 трлн теңгенің өнімін өндірді және 450 млрд теңгеден астам сомаға салық төледі.

2019 жылы ҚР Үкіметі «Қарапайым заттар экономикасы» басым жобаларын несиелеу бағдарламасын іске қосты, «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, бизнесті дамыту үшін қолдау көрсететін бірқатар мемлекеттік бағдарламалар жетілдірілді. Жоғарыда аталған бағдарламаларды іске асыру аясында «Даму» Қоры мемлекеттік қолдау шараларының негізгі қаржы операторларының бірі болып табылады.

Қаражатты шартты орналастыру

Барлығы 2019 жылға ЕДБ, МҚҰ және ЛК қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары бойынша жалпы сомасы 239,5 млрд теңгеге 18 933 қарыз алушы қаржыландырылды.

2019 жыл ішінде Қор ЕДБ/қаржы ұйымдарында 84 млрд теңге сомасына қаражатты шартты орналастыру бағдарламалары/өнімдері бойынша қаражат орналастырды, оның ішінде МҚҰ-да — 6 млрд теңге сомасына.

Қор қызметінің осы бағыты аясында микро, шағын және орта кәсіпкерлікті несиелеу мақсатында қаржы институттарында қаражатты кейіннен шартты орналастыру үшін қаражат, соның ішінде мемлекеттік емес көздерден тарту маңызды міндет болып табылады. 2019 жылға отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін 67,5 млрд теңге, соның ішінде Азия даму банкі желісі бойынша — ЕДБ және МҚҰ арқылы Қордың МШОК қаржыландыруына 35,3 млрд теңге; және «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін Қордың кепілдігімен Еуропалық қайта құру және даму банкінен 8,6 млрд теңге тартылды.

2019 жылы Қор Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды жалғастырды, оның аясында облыстық бюджеттердің жалпы сомасы 12,9 млрд теңге қаражаты тартылды. 15 млрд теңге 14 ЕДБ/МҚҰ-да орналастырылды (2017 жылғы бөлінбеген қаражатты ескерумен).

2019 жылы Қор облыстық бюджет қаражатымен қоса қаржыландыру шартымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру бағдарламасын іске асыруды жалғастырды. 6 әкімдіктен 2,6 млрд теңгеге қаражат тартылды, олар «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қаражатымен және «Даму» Қорының жеке қаражатымен жалпы сомасы 6,2 млрд теңгеге бірлесіп қаржыландыру шартымен ЕДБ-ге орналастырылған.

Субсидиялау және кепілдік беру

Жаңа/қолданыстағы несиелер/қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасының бір бөлігін субсидиялау жаңа тиімді инвестициялық жобаларды, сондай-ақ өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыру үшін беріледі.

Сыйақы ставкасын субсидиялау «Бизнестің жол картасы — 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) аясында іске асырылады. Бағдарламаны іске асыру кезінде субсидиялау құралы кәсіпкерлер арасында танымал болды, экономиканың басым секторларына несиелерді тарту тұрғысынан нәтижелілікті көрсетті.

Қолжетімді несие беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз ету аясында басым жобаларды несиелеу механизмі шеңберінде (бұдан әрі — Механизм) 2018–2020 жылдары өңдеуші және агроөнеркәсіптік салаларда қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін ЕДБ-ны қаржыландырудың жалпы көлемі 600 млрд теңгеге дейін құрайды. Осы Механизм шеңберінде субсидиялау құралы бойынша республикалық бюджеттен 30 млрд теңге бөлінді.

2019 жылдан бастап осы Механизм бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жобалар бойынша 50%-ға 3 млрд теңгеге дейін және жобалар бойынша 20%-ға 3 млрд теңгеден 5 млрд теңгеге дейін қаржыландыру ұсынылады.

Субсидиялау құралы бойынша 2019 жылы көрсетілген қолдау

Бағдарлама	Жобалар саны	Несиелік портфель, млрд теңге	Төленген субсидиялар, млрд теңге
«Бизнестің жол картасы-2020»	2 402	154,8	32,9
«Қарапайым заттардың экономикасы»	171	64,6	1,1
«Нұрлы жер»	47	49,7	2,3
«Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар»	27	0,7	0,1

Кепілдік беру құралы бойынша 2019 жылы көрсетілген қолдау

Бағдарлама	Жобалар саны	Несиелік портфель, млрд теңге	Кепілдік сомасы, млрд теңге
«Бизнестің жол картасы-2020»	1 726	74,6	27,4
«Еңбек»	657	7,8	3,6
«Даму-Оптима»	203	13,7	5,7
«Қарапайым заттардың экономикасы»	87	6,7	2,7
«Төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар»	1	0,2	0,8

Кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау

«Даму» Қоры үшін басты басымдық өз ісін ашқысы келетін немесе қолданыстағы бизнесті кеңейткісі келетін азаматтарға барынша қолайлы жағдай жасау болып табылады.

Қорда Қазақстан өңірлерінде кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыруға және халықтың кәсіпкерлік құзыретін арттыруға бағытталған «Кәсіпкерлікті дамытуды қашықтықтан қолдау» жобасы іске асырылуда.

Қашықтықтан оқыту барлық тілек білдірушілерге жалғыз жағдайда — интернеттің болуы жағдайында оқушының орналасқан жеріне қарамастан өзінің кәсіби деңгейін үздіксіз арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай оқыту барысында кәсіпкерлер интерактивті режимде оқу-әдістемелік материалдарды өздігінен игеріп, практикалық тапсырмаларды орындайды, тестілеуден өтеді. 2019 жылы аталған жоба бойынша 7 972 адам оқудан өтті, бұл өткен жылмен салыстырғанда 11%-ға артық.

Сонымен қатар, 2019 жылы «Шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқыту» бағдарламасына қатысушылар саны 432 адамды құрады, ал шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін сервистік қолдау шеңберінде 51 303 қызмет көрсетілді.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылы Қордың даму стратегиясын орындау мақсатында исламдық қаржыландыру қағидаттарында ШОБ субъектілерін қаржыландыру жөніндегі құралды іске асыру жоспарланған.

Азия даму банкімен жаңа «жасыл» қарыз тұжырымдамасын пысықтау және қаржы институттарының әлеуетті қатысушыларының тізімін белгілеу жүргізілетін болады, бұл 2020–2021 жылдар кезеңінде қарыз бойынша мемлекеттік кепілдік алу үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеуге негіз болады. Сондай-ақ, Жасыл климаттық қорда аккредиттеу алу үшін іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

Қаражатты шартты орналастыру құралы шеңберінде ЕДБ-да ШОБ-тың несиелік портфелімен қамтамасыз етілген секьюритизацияланған бағалы қағаздарды сатып алу механизмі арқылы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің

түпкі қарыз алушыларына қаражатты жеткізудің балама механизмін енгізу күтіледі.

Қазақстандық өндірушінің өнімін сататын сауда саласында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне несие беру шарттарын әзірлеу және осы өнімді енгізу жоспарланған.

Қордың қолданыстағы бағдарламалары бөлігінде мыналар жоспарланған:

- ЕДБ және ЛК-да ШОБ субъектілерінің лизингтік мәмілелерін қаржыландыру бойынша қаражатты шартты орналастыру өнімін іске асыру шеңберінде 8 млрд теңге мөлшерінде қор қаражатын орналастыру;
- өңірлерде кәсіпкерлерді қолжетімді және ұзақ мерзімді қорландырумен қамтамасыз ететін нүктелі өңірлік бағдарламаларды және Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдардан қаражат тарту;
- Қордың жеке қаражатынан «Даму-Аймақтар III» Бағдарламасын одан әрі іске асыру үшін шамамен 10 млрд теңге бөлу жоспарлануда;
- Жаңа құралмен субсидиялау ережелерін толықтыру — «Қазақстандағы Төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы шеңберінде негізгі несиенің бір бөлігін субсидиялау және т. б.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаулысымен тұрғын үй құрылысын қолдаудың және бұрын қабылданған мемлекеттік және салалық бағдарламаларға сәйкес жұмыс істеудің жаңа тетіктерін біріктіретін «Нұрлы жер» тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі — Бағдарлама) бекітілді: 2015–2019 жылдарға арналған «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық даму мемлекеттік бағдарламасы және Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы.

Бағдарламаның мақсаты: тұрғын үйдің қолжетімділігі мен жайлылығын арттыру және тұрғын үй инфрақұрылымын дамыту болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Бағдарламаның бірыңғай операторы болып табылады және оның мынадай негізгі бағыттарын іске асыруға қатысады:

- ЖАО облигацияларын сатып алу механизмі арқылы ЖАО-ның несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру;
- ипотекалық несиелеудің қолжетімділігін арттыру;
- жеке құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысын ынталандыруы;
- үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау.

ЖАО облигацияларын сатып алу тетігі арқылы ЖАО несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру

Осы бағыттың операторы «Бәйтерек девелопмент» АҚ болып табылады. Барлық қаржы қаражатын, сондай-ақ жобаларды іріктеу, құрылыс салушыларды анықтау, құрылыс барысын игеру және мониторингілеу жөніндегі функцияларды ЖАО берілді.

ЖАО облигацияларды сатып алу механизмі арқылы несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру әрбір екі жыл сайын «револьверлік» қағидат бойынша қаражатты орауға және қосымша ресурстарды бөлмей жаңа құрылысқа қайта жіберуге мүмкіндік береді. Бұл ретте салынған тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және сату белгіленген баға бойынша жүзеге асырылады: Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтау қалалары үшін — 1 м² үшін 180 мың теңгеге дейін, қалған өңірлерде — 1 м² үшін 140 мың теңгеге дейін.

«ДБ» АҚ 2019 жылы 108,8 млрд теңгеге немесе жоспардан 100% облигациялар сатып алды. 2016 жылдан бастап барлығы 316,8 млрд теңгеге ЖАО облигациялары сатып алынды. 2020 жылға жоспар 101,2 млрд теңгені құрайды.

ЖАО облигацияларын сатып алу көлемі

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл (жоспар)
ЖАО облигациялары сатып алынды, млрд теңге	71,8	98,0	108,8	101,2

Нұр-Сұлтан қаласындағы үлестік құрылыстың проблемалық нысандарын аяқтауға 2019 жылы «Бәйтерек девелопмент» АҚ «Елорда Құрылыс Компаниясы» ЖШС арқылы 20 млрд теңге бөлді.

«ҚТҚЖБ» АҚ, өз кезегінде, жеңілдікті тұрғын үй қарыздарын беру арқылы өз салымшылары үшін ЖАО салған тұрғын үйдің сұранысын және сатылуын ынталандырады. 2019 жылғы 31 желтоқсанда «ҚТҚЖБ» АҚ жүйесінде 806 млрд теңге жинақтау сомасымен 1 553 мың шарт болды.

«ҚТҚЖБ» АҚ жұмысының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	
			жоспар	нақты
Жинақтау көлемі, млрд теңге	520	624,2	734,4	806
Жаңа шарттар саны, мың бірлік	352	386	330	407
Берілген қарыздар саны, мың бірлік	28,7	38,3	—	50,3
Берілген қарыздардың жалпы сомасы, млрд теңге	243	360	322	527

«ҚТҚЖБ» АҚ қызметінің барлық кезеңінде (2005 жылдан бастап) 1,67 трлн теңгеге 223 мыңнан астам қарыз берілді.

2019 жылы «Бақытты отбасы» аз қамтылған отбасыларын жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы іске қосылды. Республикалық бюджеттен 50 млрд теңге тартылды. 2020 жылдың 1 қаңтарында 51,74 млрд теңгеге 5 196 өтінім қабылданды, оның ішінде 50,02 млрд теңгеге 5 018 өтінім мақұлданды, 42,67 млрд теңгеге 4 223 қарыз берілді. Мемлекет басшысының Жолдауына сәйкес 2020–2023 жылдан бастап жыл сайынғы беру жоспары 100 млрд теңгеге 10 мыңнан кем емес өтінімді құрайды.

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап заңнамаға әскери қызметшілерге алынатын тұрғын үй төлемдері есебінен «ҚТҚЖБ» АҚ-да жинақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді. «ҚТҚЖБ» АҚ 2019 жылы 69,28 млрд теңге сомасына 4 577 қарыз берді.

Ипотекалық несиелеудің қолжетімділігін арттыру

Осы бағыт аясында «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасында халық үшін ЕДБ беретін ипотекалық қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау механизмі көзделген. Оператор «ҚИК» ИҰ» АҚ болып табылады, ол 2017 жылғы мамырдан бастап (механизмді іске қосқан сәттен бастап) ЕДБ жылдық 16%-ға дейін беретін нарықтық ипотека бойынша 10 жыл ішінде ипотекалық тұрғын үй қарыздарын 6%-ға дейін субсидиялайды.

Барлығы 36,2 млрд теңге сомаға халықтан өтінімдері мақұлданды.

Сонымен қатар «7–20–25» жаңа ипотекалық бағдарламасының енгізілуіне байланысты бұл бағыт «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасынан 2018 жылғы маусымнан бастап алынып тасталды. «ҚИК» ИҰ» АҚ мақұлдаған халыққа ипотеканы субсидиялау жөніндегі өтінімдер міндеттемелер толық орындалғанға дейін сақталады.

Жеке құрылыс салушылардың тұрғын үй құрылысын ынталандыру

Осы бағыт аясында «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасында ЕДБ беретін жеке құрылыс салушылардың несиелері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау механизмі көзделген. Оператор «Даму» Қоры» АҚ болып табылады, ол 3 жыл ішінде ЕДБ несиелері бойынша жылдық 7%-бен субсидиялайды.

2017 жылдан бастап 2019 жылға дейін «Даму» Қоры» АҚ жалпы сомасы 104,3 млрд теңгеге шарттарға қол қойды. 2020 жылға жоспар кемінде 20 млрд теңгені құрайды.

«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қолдауымен жүзеге асырылған ірі мәмілелер

«AAEngineering Group» ЖШС, Алматы қаласы

Қазақстан Республикасындағы ең жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес тау-кен өндіру саласындағы кешенді жобаларды «дайын күйінде» іске асыруға мамандандырылған жетекші инжинирингтік және құрылыс компаниясы. Компания қызметін 1994 жылдан бастап жүзеге асырады. Компания штатында 1 028 адам бар, оның ішінде 823 адам — өңірлік филиалдар мен құрылыс учаскелерінде, 205 адам — Алматы қаласындағы орталық кеңседе.

Компанияның Алматы қаласында жеке өндірістік базасы және 154 бірлік жоғары өнімді құрылыс техникасы паркi бар. Экспорттың үлесін арттыру және әлемдік нарыққа шығу үшін экспорттаушы қарызды сақтандыру бөлігінде қолдау көрсеткен «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ-ға көмек сұрап келді, ол қарызды сақтандыру бөлігінде қолдау көрсетті. 2019 жылы «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ «Bank RBK» АҚ-мен бірлесіп, «AaengineeringGroup» ЖШС «Bank RBK» АҚ алдында 35 млн. АҚШ доллары мөлшерінде міндеттемелері бойынша сақтандыру қорғанысын ұсыну арқылы айналым қаражатын толықтыруға қарызды сақтандыру бойынша қолдау көрсетті. Алынған несиелік қаражат есебінен экспорттаушы «Джамгыр Майнинг» экспорттық келісімшарты бойынша алтын өндіру фабрикасын (Джамгыр кен орны) жобалау, жабдықтау және салу міндеттемелерін орындайды, экспорттық келісімшарттың сомасы 49,7 млн. АҚШ долларын құрайды

Үлестік тұрғын үй құрылысын қолдау

«ТҮҚКБҚ» АҚ 2016 жылғы 10 қазаннан бастап тұрғын үй құрылысындағы үлестік салымдарға кепілдік беруге кірісті. Осы мақсаттар үшін 2016–2017 жылдары республикалық бюджеттен «ТҮҚКБҚ» АҚ-ны 20 млрд теңгеге капиталдандыру жүзеге асырылды.

Үлестік құрылыс объектілері бойынша берілген кепілдіктер көлемі

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл (жоспар)
Берілген кепілдіктер сомасы, млрд теңге	9,4	56,6	88,8	65,8 ¹⁵

Құралды іске асыру сәтінен бастап барлығы 154,8 млрд теңгеге кепілдіктер берілді. 2020 жылға жоспар — 65,8 млрд теңге.

Экспорттық әлеуетті арттыру

Экспортты қолдау Холдингтің негізгі стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. 2017 жылғы наурыздан бастап Холдингтің еншілес ұйымы — «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ — ұлттық компания мәртебесін алды, ол қаржы құралдарының кең жиынтығы бар экспортты қаржылай қолдаудың бірыңғай орталығына айналды.

Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандыруды қолдау

Осы бағыттың мақсаты отандық экспорттаушыларды қолдаудың қаржылық және сервистік шараларын жетілдіру болып табылады.

Қаржылық қолдау шараларын жақсарту мақсатында «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ мемлекеттік кепілдік алу, экспорттық несиелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қосымша капиталдандыру көзделіп отыр. Бұл шаралар жаңа сақтандыру міндеттемелерін қабылдау және «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қызметін кеңейту аясында қаржылық тұрақтылықты қолдауға бағытталған.

ҚР Тұңғыш Президенті — Елбасының тапсырмасын орындау мақсатында өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдауға келесі 3 жыл ішінде қосымша 500 млрд теңге бөлінді, оның 170 млрд теңгесі «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ құралдары арқылы жіберілді.

¹⁵ «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасының 2020 жылға арналған болжамды деректеріне сәйкес.

2019 жылдың наурыз айында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жарғылық капиталы 34 млрд теңгеге ұлғайды. 2020 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау нәтижесінде «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ-ын капиталдандыруға 34 млрд теңге көлемінде 2 жылға бөлінген: 2020 жылы — 29 млрд теңге, 2021 жылы — 5 млрд теңге.

«Kazakhstan Export» СК» АҚ экспортты қолдау бойынша ҚР мемлекеттік кепілдігін алу үшін құқықтық жағдайлар жасалды, бұл отандық экспорттаушыларға қолдау көрсету және жасалған шарттар шеңберінде сақтандыру төлемдері бойынша компанияның міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында сақтандыру сыйымдылығын ұзақ мерзімді негізде (102 млрд теңгеге) кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жүргізілген капиталдандыру салдарынан қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандыру қолдаудың даму көрсеткіштері айтарлықтай өсті.

Қазақстандық экспортты қаржылық-сақтандыру қолдауды дамыту, млн теңге

Көрсеткіш	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл	
			Жоспар	Нақты
Қабылданған міндеттемелердің көлемі	40 087	90 197	95 000	97 076
Берілген сауданы қаржыландыру көлемі	2 454	10 265	14 000	10 399*
Ұсынылған экспорт алдындағы қаржыландыру көлемі	4 803	6 911	5 000	11 813
Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы	196 137	419 778	325 000	543 892

*«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ саудалық қаржыландыру аясында жалпы сомасы 15 млрд теңге болатын аккредитивтер сақтандырылған, оның ішінде 10,4 млрд теңгесі «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қаражаты есебінен, 4,6 млрд теңгесі ЕДБ меншікті қаражатын тартумен.

2019 жылдың қорытындысы бойынша «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қолдау көрсеткен экспорттық келісімшарттар сомасы 543,9 млрд теңгені құрады.

2019 жылы Қазақстанның барлық өңірлерінде 81-ден астам экспорттаушы өндіруші «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ-нан қолдау алды, оның ішінде алғаш рет мынадай салаларда жұмыс істейтін 42 кәсіпорын қолдау алды:

- азық-түлік өнеркәсібі («Бест Қостанай» ЖШС, «Ақсу Кант» ЖШС, «Промбаза-7» ЖШС, «Якорская птицефабрика» ЖШС, «РЫБПРОМ» ЖШС, Аях ШҚ, «Кут Береке» ШҚ, «Оптоград» ЖШС, «Цесна-Мак» ЖШС, «Сұлтан-Маркетинг» ЖШС, «Аманат сауда үйі» ЖШС, «KAG Group» ЖШС, «ТЕМППро» ЖШС);
- химия саласы («YDD Corporation» ЖШС, «УПНК — ПВ» ЖШС, «IZOTERM өндірістік-сауда компаниясы» ЖШС);

«Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ қолдауымен жүзеге асырылған ірі мәмілелер

«KSP Steel» ЖШС, Павлодар қаласы

Экспорттың үлесін арттыру және әлемдік нарыққа шығу үшін экспорттаушы экспорттық несиені сақтандыру, экспорт алдындағы қаржыландыру және экспорттық саудалық қаржыландыру бөлігінде қолдау көрсеткен «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ-ға көмек сұрап келді. 2019 жылы саудалық қаржыландыру сұлбасы бойынша «KSP Steel» ЖШС мәмілелері шамамен 900 млн ресей рублі сомасына Ресей Федерациясына жіксіз құбырлардың ірі партияларын экспорттау мақсатында қаржыландырылды. 2019 жылы «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ «Альфа-Банк» АҚ ЕБ бірлесіп, экспорттаушының несиесін сақтандыру және айналым қаражатын толықтыруға экспорт алдындағы қаржыландыру бойынша 8,6 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті. «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ ұсынған қолдаудың арқасында компания тігіссіз жапсарлас, мұнай құбыры, сорғы-компрессорлық құбырлар мен муфталарды Ресей Федерациясына экспорттау көлемін арттыра алды. 2019 жылы кәсіпорынның экспорттық түсім көлемі 37,9 млрд теңгеге дейін өсті.

«Green Capital Kazakhstan» ЖШС, Ақтөбе қаласы

Компания жыл бойы гидропоникада жаңа жылыжай кешенін құру арқылы көкөністерді жылыжай өндірісін жолға қояды. Өндіруші «Сбербанк России» АҚ ЕБ жалпы сомасы 9,1 млрд теңгеге «Kazakhstan Export» ЭСК» АҚ сақтандыру жабуымен қаржыландырды. Жаңа піскен қызанақтарды экспорттау Ресей Федерациясының ірі сауда желілеріне жүзеге асырылады.

- құрылыс материалдары («Central Asia Cement» АҚ, «Nedex Almaty» ЖШС, «Sieger WDF» ЖШС);
- металл өңдеу («Fidelis Global» ЖШС, «Орал сауда – өнеркәсіптік компаниясы» ЖШС);
- машина жасау («Еврокоптер Қазақстан Инжиниринг» ЖШС).

қаржылық қолдау көрсету туралы нормаларды заңнамалық бекіту;

- қазақстандық шикізаттық емес тауарлар өндірушілерді және сыртқы нарықтарда қызмет көрсетушілерді қолдау және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту мақсатында «KazakhExport» ЭСК» АҚ жарғылық капиталын ұлғайту;
- ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің нормативтік құқықтық актілеріне банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру бойынша коэффициентті есептеу кезінде ішкі актив ретінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның сақтандыру қорғауымен қамтамасыз етілген қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға резидент еместерді қаржыландыру бойынша мәмілелерді тану бөлігінде өзгерістер енгізу, сондай-ақ пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ның сақтандыру қорғауымен қамтамасыз етілген мәмілелерді жоғары өтімді активтерге жатқызу;
- серіктес компаниялар мен ЕДБ қызметкерлерін экспортты қолдау бойынша оқытумен қамту.

Қазақстандық кәсіпорындардың экспорттық қызметін қаржылық емес қолдау

Осы бағыттың мақсаты «KazakhExport» ЭСК» АҚ туралы танымалдылықты және ақпараттандыруды арттыру және шағын және орта бизнеске және басым салаларға назар аударатын отырып, өңірлік және шетелдік қатысу жолымен экспорттаушыларға қаржылық қолдау көрсету көлемін ұлғайту болып табылады.

2019 жылы Өзбекстан Республикасында (Ташкент қ. – 2), Тәжікстан Республикасында (Душанбе қ. – 1), Қырғыз Республикасында (Бішкек қ. – 1), Ресей Федерациясында (Екатеринбург қ. – 1, Новосибирск қ. – 1) 6 шетелдік өкіл тағайындалды және жұмысқа кірісті.

2020 жылға арналған жоспарлар

Бұдан әрі экспорттаушы кәсіпорындар, қазақстандық және халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ экспорттық-несиелік агенттіктер тарапынан «KazakhExport» ЭСК» АҚ-ға сенімділік пен сенім деңгейін арттыруға бағытталған бірқатар бастамалар жоспарланған.

Жоспарланған іс-шаралар шеңберінде:

- ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тікелей реттеуінен тыс «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметін заңнамалық бекіту;
- қазақстандық өнімді экспорттау кезінде қаржылық қызметтер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау түрінде жеке кәсіпкерлікті

Private equity экожүйесін және инновацияларды дамыту

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ экономиканың басым секторларына шетелдік инвестицияларды тарту, жетекші халықаралық тәжірибені қолдану, инновациялық білім мен технологиялар трансферті бойынша жұмыс істейді.

Үлестік қаржыландыру

Сыртқы қарыз деңгейінің төмендеуіне әсер ететін экономиканың тұрақты өсуінің баламалы құралы үлестік қаржыландыру болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да үлестік қаржыландыруды тиісінше private equity құралдары және венчурлық қаржыландыру арқылы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – «ҚКМ» АҚ) және «QazTech ventures» АҚ («QTV» АҚ) еншілес ұйымдары ұсынады.

«ҚКМ» АҚ халықаралық институционалдық инвесторлармен және жеке капиталдың отандық иелерімен серіктестікте private equity¹⁶ қорларын құрады. Қазіргі уақытта «ҚКМ» АҚ 15 private equity қорын қамтиды, қорларды инвестициялау географиясы ТМД және БРИКС елдерінен Америка және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне дейін, Қазақстанға басымдықпен таралады.

¹⁶ Private equity (жеке капитал) – бұл инвестициялаудың орта мерзімді көкжиегі бар және капитал өсімінен кіріс алуға және акционерлер үшін құнды арттыруға бағытталған жеке компаниялардың капиталына инвестициялар.

Private equity қорлары

№	Тікелей инвестициялар қорының (ТИҚ) атауы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар	Инвестиция географиясы
1	Kazakhstan Growth Fund	«ҚКМ» АҚ, ЕҚДБ	Тамақ өнеркәсібі, жабдықтар өндірісі, металлургия, ағаш өңдеу және тоқыма өндірісі	Қазақстан, Орталық Азия елдері, Ресей
2	Kazakhstan Infrastructure Fund C. V.	«ҚКМ» АҚ, Verno Capital	ИИДМБ бағдарламасы шеңберіндегі инфрақұрылым мен салалар	Қазақстан
3	Almex Baiterek Fund	«ҚКМ» АҚ, «Алмэкс Жоба» ЖШС	АӨК және тамақ өнеркәсібі (Қордың кемінде 70%-ы), сондай-ақ ИИДМБ-ның өзге де басым салалары	Қазақстан
4	Masquire Russia and CIS Infrastructure Fund	«ҚКМ» АҚ, ЕҚДБ Ресей Внешэкономбанкi, Masquarie Group, Renaissance Group	Инфрақұрылымдық жобалар	Қазақстан, Ресей, ТМД елдері
5	ADM Kazakhstan Capital Restructuring Fund	«ҚКМ» АҚ, ЕҚДБ	Үлкен қарыздық жүктемесі бар, бірақ қайта құрылымдауды талап етпейтін ШОБ	Қазақстан
6	Wolfensohn Capital Partners	«ҚКМ» АҚ, басқа шетелдік инвесторлар	Баламалы энергетикалық және қаржылық қызметтер	Дамушы елдердің нарықтары
7	Aureos Central Asia Fund	«ҚКМ» АҚ, International Finance Corporation, CDC, FMO, Development Bank of Japan, ЕБРР	Шағын және орта бизнес секторы: қаржы қызметі, бөлшектеп сауда, телекоммуникация, химия өнеркәсібі	Қазақстан (Қордың кемінде 50%), Орта Азия және Кавказ
8	Islamic Infrastructure Fund	«ҚКМ» АҚ, Ислам Даму Банкі, Азия Даму Банкі, CIMB Bank Limited, ОПЕК Халықаралық Даму Қоры, Bangkok Bank	Инфрақұрылымдық жобалар	Қазақстан (кемінде 20 млн АҚШ долл) Пәкістан, Индонезия, Малайзия және өңірдің басқа да елдері
9	Baiterek Venture Fund	«ҚКМ» АҚ	ИИДМБ басым салалары	Қазақстан (шетелде іске асырылатын жобаларды қазақстандық компанияларына инвестициялауға жол беріледі)
10	Ресей-Қазақстан нанотехнологиялар қоры	«ҚКМ» АҚ, РОСНАНО	Ресей үшін нанотехнологиялық жобалар; Қазақстан үшін инновациялық жобалар	Ресей, Қазақстан

№	Тікелей инвестициялар қорының (ТИҚ) атауы	Инвесторлар	Инвестициялық басымдықтар	Инвестиция географиясы
11	CITIC KAZYNA Investment Fund I	«ҚКМ» АҚ, CITIC Capital (Қытай мемлекеттік инвестициялық компаниясы)	Инфрақұрылымдық жобалар, жылжымайтын мүлік, ҚР Мұнай және газынан басқа пайдалы қазбаларды барлау және өндіру және басқа да салалар	Қазақстан, Қытай
12	DBK Equity Fund CV	«ҚКМ» АҚ, «ҚДБ» АҚ	«ҚДБ» АҚ және «ҚДБ-Лизинг» АҚ жобалары	Қазақстан
13	Falah Growth Fund	«ҚКМ» АҚ, International Petroleum Investment Company (БАӘ мемлекеттік инвестициялық компаниясы), Ордабасы Корпорациясы	Энергетика, инфрақұрылымдық жобалар, АӨК және т. б.	Қазақстан, ТМД елдері
14	KCM Sustainable Development Fund I	«ҚКМ» АҚ	АӨК, энергетика және өзге де өндірістік инфрақұрылым, туризм және ойын-сауық индустриясы, денсаулық сақтау және білім беру, өңдеу өнеркәсібі, көлік және логистика, ақпарат және байланыс, «жасыл» технологиялар саласындағы жобалар	Қазақстан
15	Eurasian Nurlu (Bright) Investment Fund	«ҚКМ» АҚ, CITIC Group және басқа инвесторлар	Инфрақұрылым, табиғи ресурстарды қайта өңдеу, логистика, ақпараттық технологиялар, өңдеу өнеркәсібі, АӨК және т. б.	Қазақстан (75%), ШыҰ елдері (25%)

«ҚКМ» АҚ және «ҚДБ» АҚ бірлескен жобалары

2019 жылы «ҚДБ» АҚ және «ҚКМ» АҚ еншілес құрылымы DBK Equity Fund CV «ЦАТЭК Green Energy» ЖШС 1,1 млрд теңге сомасына Ақмола облысында өндірістік қуаты сағатына 48 МВт жел электр станциясының іске қосу кешенінің 2-ші кезегі құрылысының инвестициялық жобасын, 1 млрд теңге сомасына Шығыс Қазақстан облысында Тұрғысын ГЭС құрылысының жобасын, сондай-ақ «Aitas KZ» ЖШС бройлер құс етін өндірісі бойынша 7,7 млрд теңге сомасына жобасын қаржыландырды. 2019 жылдың желтоқсанында «Тенгиз Транс Групп» Компаниялар Тобының жобасынан 9,3 млрд теңге сомасына бастапқы инвестициялар кезінде 8,3 млрд теңге көлемінде толық шығу жүзеге асырылды.

«ҚКМ» АҚ құрған бірлескен инвестициялаудың үлгісі мен серіктестіктердің бірегей желісі, сондай-ақ салымдардың табыстылығы мен қайтарымдылығы қағидаты өзінің оң нәтижесін береді. Осылайша, 2019 жылдың қорытындысы бойынша «ҚКМ» АҚ қатысуымен 15 қорды жалпы капиталдандыру 2,7 млрд. АҚШ долларын құрады. 2007 жылдан бастап қорлар «ҚКМ» АҚ қатысуымен түрлі салаларда 200 млрд теңгеден астам сомаға 52 қазақстандық жобаны қаржыландырды. 2019 жылы «ҚКМ» АҚ ел экономикасына рекордтық соманы инвестициялады — 38,2 млрд теңге¹⁷ (17 жобаға қолдау көрсетілді).

2019 жылдың маңызды оқиғасы жобалар үшін 8% түпкілікті мөлшерлеменен ЕДБ кепілдігімен «ҚКМ» АҚ Тікелей инвестиция қорлары арқылы жеңілдікті үлестік қаржыландырудың (капиталға кіру) жаңа бағдарламасы іске қосылды. ТИҚ инвестицияларын мақсатты пайдалану инвестициялық жобаларды және экспорттық операцияларды іске асыру, ПҚ, қаржы ұйымдары алдындағы қаржылық берешекті өтеу болып табылады (бірақ бір компанияға инвестициялар сомасының 30%-нан аспайтын).

¹⁷ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ үлесін есепке алғанда — 9,5 млрд теңге («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ-ның DBK Equity Fund C. V. қорындағы үлесі-97%).

Бағдарлама аясында 25 млрд теңге көлеміндегі KCM Sustainable Development Fund I тікелей инвестициялар қоры құрылды, Baiterek Venture Fund 20 млрд теңгеге 38,8 млрд теңгеге дейін капиталдандырылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы бойынша 19,5 млрд теңге сомасына 11 жоба қаржыландырылды, оның 2-уі ЕДБ кепілдігімен қаржыландырылды.

Венчурлік қаржыландыру

Технологиялық бизнес үшін венчурлік инвестициялардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы венчурлік инвестициялар нарығын дамыту бойынша жұмысы венчурлік қаржыландыру үшін нормативтік базаны жетілдіруге жәрдемдесуге; венчурлік қорларды құру және дамытуға; үздік практикаларды енгізуге және венчурлік нарықты талдауға бағытталған.

Венчурлік қаржыландыру үшін нормативтік базаны жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында «QazTech Ventures» АҚ қолданыстағы заңнамаға венчурлік қорлардың схемалары мен нысандары, Қазақстанның венчурлік қорларына шетелдік инвестициялардың ағынын қамтамасыз ету мақсатында салықтық жеңілдіктер және т. б. бөлігінде халықаралық тәжірибеге қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар әзірленді.

Әлеуетті инвесторларды және/немесе венчурлік басқарушыларды іздеу бойынша іс-шаралар шеңберінде «QazTech Ventures» АҚ құрылатын не құрылған венчурлік қорларды халықаралық венчурлік компанияларға тиісті сұрау жіберілді, олардың нәтижелері бойынша 12 басқарушы компаниядан ұсыныстар алынды. Олардың 3-і венчурлік қор құру үшін бекітілген өлшемдерге сәйкес келетін іріктеуден өтті.

500 Startups-пен серіктестік аясында Қазақстан Республикасында Тақырыптық венчурлік қор құру мүмкіндігі туралы келісімге қол қойылды, оның жалпы көлемі 10 млн. АҚШ долларын құрады. Бұдан басқа, келесі 2–3 жыл ішінде 500 Startups Қазақстанның экожүйесін бағалау бойынша рәсімдерді жүргізуді жоспарлап отыр.

Бизнес-инкубациялау жүйесін дамыту

Бизнес-инкубациялау — бұл шағын кәсіпкерлік субъектілерін оларға ресурстар мен қызметтер кешенін ұсыну жолымен олардың қалыптасуы мен табысты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған қолдау құралы.

Коммерциялық тартымды технологиялық компаниялар мен жобаларды құруды ынталандыру мақсатында 2019 жылы бизнес-инкубациялау жүйесін дамыту бойынша жұмысы жеке бизнес-инкубаторларды дамытуға жәрдемдесуге; бизнес-инкубациялау шеңберінде гранттар беру процестерін қолдауға; білім беру бағдарламаларын іске асыруға және танымал етуге бағытталған.

71
ЖОБА

инкубациялауға қабылданды

2018 жылы іріктелген бизнес-инкубаторлардың («BI Innovations» ЖШС, «SmArt. Point Almaty» ЖШС, «MOST» «Бизнес-инкубаторы» ЖШС) операциялық шығындарының бір бөлігін қоса қаржыландыру 2019 жылы жалпы сомасы 74 млн теңгеге жүзеге асырылды. Бұдан басқа, «Акселетатор ФРИИ» ЖШҚ (Ресей) қолдауымен инкубаторлардың қызметіне әдістемелік қолдау көрсетілді.

Ұсынылған есептерге сәйкес бизнес-инкубаторлар 2019 жылдың соңында келесі нәтижелерге қол жеткізді:

- 301 бизнес-жобаны іздеу және қарау жүзеге асырылды;
- 169 кәсіпкер үшін оқыту курстары өткізілді;
- әр түрлі көздерден 20 жоба қаржыландырылды, оның ішінде 10 жоба әрқайсысы 7 млн теңгеден кем емес сомаға инвесторлардың қаражатын тартты;
- инкубациялауға қабылданған жобалардың жалпы саны 71-ді құрайды.

Сараптамалық-технологиялық сүйемелдеу

2019 жылы «QazTech Ventures» АҚ инвестициялық жобаларды қарау кезінде кешенді тәсілді және синергияны қамтамасыз ету мақсатында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының қаржыландыруына үміткер жобалар бойынша технологиялық сараптама қызметтерін көрсетті. «Ұлттық чемпиондар — бәсекеге қабілеттіліктің көшбасшылары 2.0» атты Холдингтің бағдарламасына қатысқан компаниялардың 28 өтініміне



технологиялық шолулар жүргізілді. Технологиялық шолулар аясында компаниялардың өздері ұсынған технологияларды енгізуге және технологиялардың тиімділігін бағалауға дайындық дәрежесі туралы қорытындылар жасалды.

Сонымен қатар, «QazTech Ventures» АҚ «Талшықты-оптикалық байланыс желілері технологиясы бойынша Қазақстан Республикасының елді мекендерін кең жолақты қатынаумен қамтамасыз ету» «Қазақтелеком» АҚ инвестициялық жобасының техникалық пысықталуына және сатып алынуына тәуелсіз бағалау жүргізу бойынша қызметтер көрсетті, оны іске асыру Қазақстанның шалғай ауылдарының 2,5 млн-ға жуық тұрғынын жоғары жылдамдықты Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, «QazTech Ventures» АҚ осы жобаны іске асыру барысын техникалық бақылауға қолдау көрсету жоспарланған.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылы шетелдік инвестицияларды кемінде 2:1 арақатынаста тарту шартымен жетекші басқарушы компаниялармен бірлескен ТИҚ құру жөніндегі қызмет жалғасатын болады. Сондай-ақ инвестицияларды тарту және венчурлік қорларды құру, бизнес-инкубаторлар мен акселераторлар қауымдастығын дамыту, венчурлік қаржыландыру мәселелері жөніндегі және ТИҚ дамыту мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Келесі жылы ашық инвестициялық кезеңі бар қорларымен кемінде 35 млрд теңге сомасына кем дегенде 12 жобаның қаржыландырылуы қамтамасыз етілетін болады: Baiterek Venture Fund, DBK Equity Fund CV, KCM Sustainable Development Fund I және Kazakhstan Infrastructure Fund C.V.

2020 жылы отандық компаниялар үшін технологиялар скаутингі жөніндегі бастамаларды іске асыру және Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында іріктелген бизнес-инкубаторларды одан әрі қолдау жоспарланған. Сондай-ақ, келесі жылы технологиялық даму саласында форум-сессиялар, хакатондар, индустриялық-инновациялық даму саласында тренингтер өткізу жоспарланған.

Цифрландыру стратегиясы

Холдингті цифрландыру бойынша жұмысы корпоративтік басқару деңгейін, инвестициялық тартымдылығын және клиентке бағдарлануын арттыру, сондай-ақ қолданыстағы бизнес-үдерістерді трансформациялау мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

Холдингтің цифрландыру стратегиясында 6 негізгі бағыт анықталды:

- Холдингтің ішкі процестерін автоматтандыру;
- клиентке бағытталған қызметтер;
- сенімді және тұрақты инфрақұрылым;
- «rare-free» қағазсыз құжат айналымына көшу;
- талдау және деректерді басқару;
- сандық технологияларды басқарудың заманауи тәсілдері.

2019 жылы, атап айтқанда, Басқарушылық есептілік жүйесін дамыту бойынша жұмыс жүргізілді. Бюджетті және Холдингтің даму жоспарын жинау, бюджеттің нақты атқарылуын бақылау, бюджеттің атқарылуы жөніндегі есептерді және Даму жоспарын құру процестері автоматтандырылды.

Ұжымдық жұмыс жүйесін жаңғырту жүргізілді, бұл холдингішілік коммуникацияларды жақсартуға, өндірістік қызметті тиімді ұйымдастыруға және қызметкерлерге ақпаратқа қол жеткізуді ұсынуға мүмкіндік берді. Холдингтің BPMN (Business Process Model and Notation, бизнес-процестерді модельдеу әдістемесі) стандарты бойынша бизнес-процестері талданды және қалыптастырылды, кейіннен автоматтандыруды ескере отырып, бизнес-процестерді оңтайландыру бойынша ұсыныстар әзірленді. Сондай-ақ, Холдингтің серверлік қуаттарында BPM-SimBase жүйесі өрістетілді және Холдингтің негізгі бизнес-үдерістері автоматтандырылды.

«Digital Baiterek» Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталы жүйесінің функционалдық мүмкіндіктері кеңейтілді. Жаңа жетілдірілген және икемді платформаға көшу жолымен жүйенің ақпараттық қауіпсіздігі күшейтілді, жаңа тұжырымдама мен дизайн әзірленді, қызмет көрсету витринасындағы қолданыстағы қызметтер жаңғыртылды. «Бәйтерек девелопмент» АҚ, «Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ, «Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС және Холдингтің бизнес-үдерістері автоматтандырылды, сондай-ақ iOS және Android үшін мобильдік қосымшалар жасалды.

«Е-қабылдау» сервисі SimBase жүйесінде BPM іске асырылды. Интернетте сайттың мекенжайы — <https://baiterek.gov.kz/reception/index.php>. Бұл сервис сыртқы пайдаланушыларға

Холдинг қызметінің мәселелері бойынша онлайн өтініш беруге, өтініш мәртебесін қадағалауға және жауап алуға мүмкіндік береді.

«Baiterek Cloud» аясында бұлтты ортаны дамыту жүргізілуде. 2019 жылы 1 Гбит қашықтағы Деректерді өңдеу орталығына (ДӨО) дейін байланыс арнасы берілді, қашықтағы ДӨО қоймасына бэкаптарды жіберуді баптау орындалды. Бұл іс-шара Холдинг инфрақұрылымы мен ақпараттық жүйелер жұмысында бас тартуға төзімділікті арттыруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қиын ақаулар немесе өзге де сыртқы факторлар (өрт, су тасқыны және т.б.) жағдайында қашықтағы ДӨО-да шұғыл қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

2019 жылы Холдингтің 10 процесі оңтайландырылды және автоматтандырылды. Холдингтің еншілес ұйымдары цифрландыру жобаларын енгізу қорытындылары бойынша оң нәтижелерге қол жеткізді. Ішкі бизнес-үдерістерді автоматтандыру есебінен қызмет көрсету мерзімдері едәуір қысқартылды, сондай-ақ клиенттердің құжаттарды қағаз тасығыштарда ұсыну қажеттілігі азайтылды.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылға Холдингтің 40-қа жуық бизнес-процестерін автоматтандыру жоспарланған. Сондай-ақ Digital Baiterek порталын дамыту, Холдинг сайты жаңғырту, еншілес ұйымдардың электрондық құжат айналымы жүйелерімен және мемлекеттік органдардың электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесімен электрондық құжат айналымы жүйесін ықпалдастыру жоспарда бар. Сонымен қатар, Big Data технологиясын пайдалана отырып, Бірыңғай деректер қоймасын құру үшін деректер моделін әзірлеу жоспарланған.

Клиентке бағытталған тәжірибе

Холдинг Тобы тұрақты негізде ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады.

«Digital Baiterek» Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталы

Цифрландыру стратегиясы аясында бизнесті кешенді және клиентке бағдарланған қолдауды қамтамасыз ететін Digital Baiterek (бұдан әрі – Digital Baiterek) Кәсіпкерлікті қолдаудың бірыңғай порталының ақпараттық жүйесі тұрақты (өнеркәсіптік) пайдалануға енгізілді.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның ЕҰ ұсынатын қызметтер ассортименті Digital Baiterek қызметтерінің витринасы арқылы қолжетімді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Digital Baiterek қызметтерінің витринасында Холдингтің және оның ЕҰ-ның 43 қызметі орналас-тырылған, соның ішінде 33 автоматтандырылған қызмет және 10 ақпараттық қызмет.

Digital Baiterek витринасы аясында Холдингте әлеуетті клиентті инвестор ретінде тіркеу үдерістері автоматтандырылды, сондай-ақ жобаны қаржыландыруға өтінім беру мүмкіндігі берілді.

Digital Baiterek енгізудің негізгі артықшылықтары мыналар болып табылады:

- ұтқырлықты қоса алғанда, өтінім берушілер үшін қолжетімділікті арттыру, ыңғайлы уақытта Интернет желісі арқылы кез келген жерден өтінім беру мүмкіндігі, өтінім беруге арналған уақытша шығындарды қысқарту, қағазсыз құжат айналымы;
- жеке кабинет құру, кері байланыс алу, өтінім мәртебесін қадағалау қызметтерін алуда ашықтықты арттыру;
- құжаттарды келісуді және шешімдер қабылдауды (синергия) жеделдетуге мүмкіндік беретін бірыңғай ақпараттық кеңістікті қоса алғанда, Холдинг және оның ЕҰ қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттыру, қызметкерлердің орындаушылық тәртібі мен өнімділігін арттыру.

Клиенттік деректердің қауіпсіздігі

Заңнама талаптарын сақтау мақсатында Холдинг Тобы дербес деректерді қорғау бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдайды, оларды өңдеуге келісімді шарттық қатынастарды ресімдеу кезінде Холдингтің еншілес ұйымдарының клиенттері береді.

Холдингтің еншілес ұйымдарының ақпараттық жүйелерінде өңделуі жүзеге асырылатын дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету екі деңгейлі қорғаудың ұйымдастырылған жүйесі арқылы іске асырылады. Осы жүйе аясында қолжетімділікті беруді санкциялау мен бақылауды ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесі жүзеге асырады, ал ақпараттық технологиялар бөлімшесі дербес деректерді өңдеу жүргізлетін ақпараттық жүйелерге қолжетімділіктегі күйге келтіру мен шектеулер тарапынан бақылау функцияларын жүзеге асырады.



Холдинг Тобында ақпаратты қорғаудың мынадай функциялары бар жүйелер пайдаланылады:

- ДК және ноутбуктан қорғалатын ақпараттың, оның ішінде дербес деректердің, банктік құпияның, құпия ақпараттың ағып кетуін болдырмау;
- корпоративтік электрондық пошта арнасы арқылы қорғалатын ақпараттың ағып кетуін болдырмау;
- таратқыштарды жоғалтқан кезде ақпараттың құпиялылығын бұзу тәуекелін азайту үшін мобильді ақпарат жинақтаушыларына көшіру кезінде деректерді шифрлау;
- Интернет желісімен өзара іс-қимыл кезінде қорғалатын ақпараттың ағып кетуін болдырмау;
- пайдаланудан шығару кезінде ақпаратты тасығыштардан деректерді кепілді түрде жою;
- инсайдерлік қауіптен қорғау үшін артықшылықты пайдаланушылардың іс-әрекеттерін бақылау;
- мобильді құрылғылардан қорғалған ақпараттың ағып кетуін болдырмау үшін мобильді құрылғыларды басқару;
- соңғы нүктелерді қорғау жүйесі, оның ішінде антивирустық қорғау.

Холдинг Тобы тұрақты негізде ақпараттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады, атап айтқанда:

- ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау мәселелерінде пайдаланушылардың (қызметкерлердің) хабардарлығын арттыру;
- қорғалатын ақпаратты қамтитын ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді бақылау;
- құжат айналымы сервисімен жұмыс істеу үшін қорғалған VPN-арнаны іске асыру;
- ақпараттық активтердің қорғалуын, бас тартуға тұрақтылығын, үздіксіздігін және қол жетімділігін қамтамасыз ететін іс-шаралар;
- ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесіне аудит жүргізу;
- ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша процестердің жетілуін арттыру жөніндегі іс-шаралар.



10-нан 3
Директорлар кеңесінің
тәуелсіз мүшелері

Директорлар кеңесімен
90
мәселе қаралды

ІАҚ-ның ішкі аудиттің
халықаралық кәсіби
стандарттарына
98%
сәйкестігі

Басқарманың
44
күндізгі отырысы

04

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруды Холдинг және оның еншілес ұйымдары қызметінің тиімділігін арттырудың, транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз етудің, оның беделін нығайтудың және капиталды тартуға арналған шығындарды азайтудың негізгі құралы ретінде қарастырады. Холдинг корпоративтік басқарудың тиісті тәжірибесін іске асыру арқылы Қазақстан Республикасындағы заңнаманың үстемдігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға ұмтылады.

Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы Холдинг қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді және Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі Холдинг органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті нақты ажыратуды көздейді.

Корпоративтік басқару жүйесі 65

Жалғыз акционер 71

Директорлар кеңесі 72

Корпоративтік хатшы 85

Басқарма 86

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесі 91

Ішкі аудит қызметі 92

Корпоративтік этика және мүдделер дауларын реттеу 93

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл 94

Сыртқы аудитор 95

Корпоративтік басқару жүйесі

Корпоративтік басқару кодексі

Холдингте оның қызметінің алғашқы жылынан бастап қабылданған корпоративтік басқару кодексі Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есеп берушілікті қамтамасыз ету, беделін нығайту және капитал тартуға арналған шығындарды азайту мақсатында менеджменттің жоғары стандарттарын қолдануды қамтамасыз етеді.

Холдинг тұрақты негізде корпоративтік басқарудың халықаралық үрдістеріндегі негізгі өзгерістерді қадағалайды, ұлттық заңнамада және өз қызметінде корпоративтік басқарудың үздік практикасын енгізеді.

Квазимемлекеттік компанияларды корпоративтік басқару саласында танылған халықаралық стандарт ретінде Холдингтің қызметіне бейімделген және Жалғыз акционердің шешімімен бекітілген Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің шеңберінде іске асырылатын мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша Экономикалық серіктестік және даму ұйымының (ЭСДҰ) басшылық қағидаттарын қолданады. ЭСДҰ корпоративтік басқару кодексінің халықаралық корпоративтік басқару стандарттарына сәйкестігі туралы есеп Холдингтің интернет-сайтында қолжетімді.

Холдингте тұрақты негізде корпоративтік басқаруды жетілдіруге бағытталған іс-шараларды өткізу бойынша, оның ішінде Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің ережелері мен қағидаттарын оның қызметіне енгізу бойынша жұмысы

жүзеге асырылады. Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есептерді дайындау практикасы Холдингтің еншілес ұйымдарының қызметіне де енгізілген.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелерін сақтау туралы есептің (бұдан әрі – Есеп) 2019 жылғы қысқаша нұсқасы жылдық есепке қосымшада берілген. Есептің толық нұсқасы жыл сайын Холдингтің интернет-сайтында «Корпоративтік басқару» бөлімінде орналастырылады.

Корпоративтік басқару кодексінің ЭСДҰ корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарына сәйкестігі

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша ЭСДҰ-ның басшылық қағидаттарының негізгі ережелері мен ұсынымдары	Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары
Мемлекет қатысуының негіздемесі/ мемлекеттің жеке секторға кіруінің және осы ақпаратты ашудағы орындылығы	Өкілеттіктерді шектеу қағидасы Холдинг экономиканы дамыту мен әрараптандыруға, инвестициялар тартуға (оның ішінде ұлттық инвесторлар), кластерлерді дамытуға және оның еншілес және тәуелді ұйымдарында корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге жәрдемдесу мақсатында құрылған.
Мемлекет меншік иесі ретінде мемлекет қатысатын кәсіпорындардың толық операциялық дербестігін қамтамасыз етеді және операциялық шешімдер қабылдауға қатыспайды	Өкілеттіктерді шектеу қағидасы Мемлекеттік орган Холдингтің жалғыз акционері ретінде Холдингке толық операциялық дербестікті ұсынады және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері мен тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Холдингтің операциялық (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар өз қызметін жетекші жеке кәсіпорындар сияқты тиімділік, ашықтық және есеп беру дәрежесімен жүзеге асырады	Өкілеттіктерді шектеу қағидасы Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының экономикалық қызметі қарыздық және үлестік қаражатқа қатысты нарық талаптарына жауап беруі тиіс.
Мемлекет қатысатын барлық көпшілік және көпшілік емес кәсіпорындар корпоративтік басқарудың ұлттық кодекстерін сақтауы тиіс	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы Холдингтің корпоративтік басқару кодексі мемлекет бақылайтын акционерлік қоғамдардағы корпоративтік басқарудың үлгі Кодексінің ережелерін ескерумен өзектілендірілді.
Мемлекет қатысатын кәсіпорындар заңдарда немесе өзара келісімдерде көзделген мүдделі тұлғалардың құқықтарын тануға және құрметтеуге тиіс	Тұрақты даму қағидасы Холдинг және оның еншілес ұйымдары мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде орнықты дамуды қамтамасыз ету үшін экономикаға, экологияға және қоғамға өзінің ықпалының маңыздылығын түсінеді.

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар үшін корпоративтік басқару бойынша ЭСДҰ-ның басшылық қағидаттарының негізгі ережелері мен ұсынымдары

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар корпоративтік ақпаратты ашудың жоғары сапалы халықаралық таңылған стандарттарына сәйкес және мемлекет үшін меншік иесі ретінде және жұртшылық үшін ерекше назар аударатын салаларды қоса алғанда, кәсіпорын туралы елеулі қаржылық және қаржылық емес ақпаратты хабарлауға тиіс.

Мемлекет қатысатын кәсіпорындардың Директорлар кеңестері стратегиялық басшылық пен менеджмент қызметін бақылау функцияларын орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен объективтілікке ие болуға тиіс. Олар адал әрекет етуге және өздерінің іс-әрекеттері үшін жауапты болуға тиіс

Мемлекет қатысатын кәсіпорындар қаржылық және операциялық тәуекелдерді, сондай-ақ адам құқықтарына, жұмыспен қамтуға, қоршаған ортаны қорғауға және салық салуға қатысты тәуекелдерді басқару жөніндегі тиімді саясат пен рәсімдерге бақылау жасап жүргізуі тиіс.

Директорлар кеңесіне өз міндеттерін объективті түрде жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін және Директорлар кеңесінің жұмыс процесіне саяси араласуды шектейтін мүдделер дауларын болдырмауға арналған механизмдерді пайдалану қажет.

Холдингтің корпоративтік басқару кодексінің тиісті ережелері мен қағидаттары

Холдингтің қызметі туралы ақпаратты ашудың ашықтығы мен объективтілігі қағидасы

Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Холдинг Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ қаржылық жай-күйін, қызмет нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, өз қызметінің барлық маңызды аспектілері туралы ақпаратты уақтылы және дұрыс ашады.

Директорлар кеңесі мен Басқарманы, Холдингті тиімді басқару қағидасы

Директорлар кеңесі өз функцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдинг жарғысына, Корпоративтік басқару кодексіне, Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің мүшелері фидуциарлық міндеттер мен қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, іс-әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.

Басқарма Директорлар кеңесіне есеп береді және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің іске асырылуы үшін жауапты болады.

Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидасы

Холдингте өзінің стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуіне ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған және ұйымдастырушылық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-қимыл нормаларының, басқару әдістері мен механизмдердің жиынтығын білдіретін тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі жұмыс істейді.

Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидасы

Холдинг қызметкерлері мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін, өзіне (немесе өзіне байланысты тұлғаларға), басқаларға қатысты да жағдайларға жол бермейді.

Холдинг Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау және Холдингтің Директорлар кеңесінің процестеріне саяси араласуды шектеу үшін оларды болдырмау және реттеу бойынша механизмдер енгізеді.

Холдингтің корпоративтік басқару моделі

Холдингтің Корпоративтік басқару моделі шешімдер қабылдау жүйесінің тиімділігін, Жалғыз акционердің мүдделерін, ақпаратты ашудың жоғары стандарттарын сақтауды, тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Холдингтің Корпоративтік басқару моделі ашықтық пен есеп берушілікті қамтамасыз етуге бағытталған және Холдингтің органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты ажыратуды көздейді.

Холдингтің Жарғысына сәйкес негізгі органдар мыналар болып табылады:

- Жалғыз акционер — Холдингтің жоғары басқару органы
- Директорлар кеңесі — басқару органы
- Басқарма — атқарушы орган

Ішкі аудит қызметі Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласындағы бағалауды, Холдингтің қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және консультация беру саласындағы құжаттардың орындалуын жүзеге асыратын орган болып табылады.

Холдингтің Директорлар кеңесінің жанында құзыретіне аудит және тәуекелдерді басқару, Стратегиялық жоспарлау, кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі мәселелерді қарау кіретін комитеттер жұмыс істейді.

Холдинг қызметінің жекелеген бағыттары бойынша Басқарма үшін ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін, оның ішінде Басқарма құзыретіне жатқызылған мәселелерді дайындау және алдын ала қарауды жүзеге асыру үшін Басқарма жанынан комитеттер құрылды: Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті, Активтер мен пассивтерді басқару комитеті, Стратегия және корпоративтік даму комитеті. Есепті жылы басқару процестерін оңтайландыру шеңберінде Инвестициялық комитет пен Холдинг Басқармасының жанындағы кадрлар және сыйақы комитеті таратылды.

Холдингтің корпоративтік басқару жүйесінің құрылымы



Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

2019 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша 2019–2020 жылдарға арналған жаңа іс-шаралар жоспарын бекітті, оған мынадай бірқатар іс-шаралар енді:

- Холдингтің еншілес ұйымдарын корпоративтік басқаруға диагностика (бағалау) жүргізу;
- еншілес ұйымдардың директорлар кеңестеріне тәуелсіз бағалау жүргізу;
- еншілес ұйымдардың Директорлар кеңестерінің құрамдарын әртараптандыру жөніндегі іс-шараларды орындау;
- корпоративтік басқару тақырыптары бойынша кездесулер, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру;
- ішкі нормативтік құжаттарды, оның ішінде Іскерлік этика кодексін өзектендіру;
- Омбудсмен институты арқылы корпоративтік дауларды реттеу;
- Холдингтің корпоративтік басқарудың ұлттық тәжірибесін жетілдіру жөніндегі бастамаларға қатысуы және басқалар.

2019 жылғы желтоқсанда Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарын Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасымен «Параграф» Ақпараттық жүйесі ықпалдастыру жүргізілді, онда Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарының тізілімі орналастырылған және олардың өзектілігі қолдау тапты.

Холдингтің еншілес ұйымдарында корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша маңызды іс-шаралар

Холдингтің еншілес ұйымдарын корпоративтік басқаруды диагностикалау (бағалау)

2019 жылы Холдингтің еншілес ұйымдарында ішкі аудит қызметтерінің күшімен корпоративтік басқаруды бағалау (диагностика) жүргізілді, ол 76,3%-дан 95,1%-ға дейінгі ауқымда құрады, бұл Холдингтің еншілес ұйымдарының көпшілігі бойынша 2017 жылы жүргізілген бағалаумен салыстырғанда өсімді көрсетті. Бағалау корпоративтік басқару құрылымы, Корпоративтік басқару қағидаттарына бейілділік дәрежесі, қаржылық-мүдделі тараптардың құқықтары мен акционерлердің құқықтарын сақтау, корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу, Директорлар кеңесінің тиімділігі, ашықтық, тұрақты даму, тәуекелдерді басқару және т.б. сияқты компоненттерді қамтыды.

Жүргізілген бағалау қорытындысы бойынша анықталған кемшіліктер негізінде еншілес ұйымдарды корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі жаңа іс-шаралар жоспарлары бекітілді.

Халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының директорлар кеңестерінің қызметін тәуелсіз бағалау шеңберінде корпоративтік басқарудың жеткілікті жетілген деңгейін және Холдинг Тобының көптеген компанияларының директорлар кеңестерінің теңдестірілген Құзыретті құрамын растады.

Холдингтің еншілес ұйымдарының директорлар кеңестерін тәуелсіз бағалау

Халықаралық қаржылық корпорацияның (IFC) 2019 жылы еншілес ұйымдардың директорлар кеңестеріне тәуелсіз бағалау жүргізуі корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибелерін енгізу бойынша маңызды іс-шара болды. Бағалау қорытындысы бойынша күшті жақтары мен одан әрі даму бағыттары анықталды.

Күшті тараптарға мыналар жатады: Директорлар кеңесінің құрамы, салалық құзыреттілігі жоғары кәсіби тәуелсіз директорлардың болуы, күн тәртібіндегі мәселелерді талқылауға белсенді қатысу. Холдинг пен еншілес ұйымдар арасындағы белсенді диалог оң бағаланды, еншілес ұйымдарда корпоративтік басқаруды дамытуға, негізгі стейкхолдерлердің қатысуымен стратегиялық сессияларды өткізуге және басқаларына айтарлықтай назар аударылады.

Даму бағыттарына мыналар жатады: сабақтастық, сыйақылар саясатының ашықтығы, тәуекелдерді басқару жүйесінің туындайтын қауіп-қатерлерге уақтылы жауап беру және предиктивті сараптаманы қолдану, стратегияны декомпозициялау және оны тұрақты

өзектендіру бөлігінде комитеттердің рөлін жандандыру, IT-аудиттің жүйелілігі және басқалар.

Бағалау қорытындылары бойынша ұсынымдарды орындау шеңберінде директорлар кеңесі комитеттерінің функционалын өзектендіру, тәуелсіздік өлшемдерін нақтылау, директорлардың тәуелсіздігін растаудың, деңгей бенчмаркингі мен еншілес ұйымдардың директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру жүйесінің жыл сайынғы рәсімдерін формализациялау жөніндегі шараларды және басқаларды қамтитын тиісті іс-шаралар жоспары әзірленді.

Еншілес ұйымдар директорлар кеңестерінің құрамдарын әртараптандыру тәсілдері

2019 жылы іс-шаралар жоспарын іске асыру аясында директорлар кеңестерінің құрамдарын әртараптандыруға қатысты корпоративтік басқарудың халықаралық тәжірибелерін талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Холдинг халықаралық тәсілдерді ескере отырып, еншілес ұйымдардың директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерінің модельдік матрицасын әзірледі. Қажетті сандық құрамын, еншілес ұйым қызметінің салалық ерекшелігін, Компанияның атқарушы немесе бақылаушы органының мүшесі ретіндегі кәсіби тәжірибені, ДК комитеттерінің талап етілетін функционалдық бағыттары бойынша жұмыс тәжірибесі мен кәсіби біліктілігінің болуын және басқа да критерийлерді ескере отырып, олардың жеке бейіндері бойынша ұсыныстар әзірлеумен директорлар кеңесінің қолданыстағы құрамдарына талдау жүргізілді. Бұдан әрі әзірленген тәсілдер негізінде Холдингтің еншілес ұйымдар директорлар кеңестерінің мүшелерін іріктеу тәртібін айқындайтын ішкі нормативтік құжатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Корпоративтік басқару тақырыптары бойынша іс-шараларды ұйымдастыру

2019 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі тәуелсіз директорларының еншілес ұйымдардың басшыларымен кездесулер, сондай-ақ Холдинг компаниялары тобының корпоративтік хатшыларының отырыстарын өткізу тәжірибесі жалғастырылды. Корпоративтік хатшылар мен корпоративтік хатшылар қызметінің қызметкерлері корпоративтік хатшыны оқыту және кәсіби сертификаттауды алу тәжірибесін жалғастырды. Холдингтің еншілес ұйымдары мен құрылымдық бөлімшелері өкілдерінің қатысуымен білім мен тәжірибе алмасу үшін корпоративтік басқару саласындағы сарапшыларды шақырумен деңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Холдингтің Қазақстан Республикасының корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша бастамаларға қатысуы

Холдинг басшылығы мен қызметкерлерінің өкілдері «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі Ұлттық Кеңестің (бұдан әрі — Кеңес), сондай-ақ оның жанынан құрылған комитеттердің құрамына кірді. Осы Кеңес пен комитеттердің жұмысы аясында қазақстандық нарық субъектілері үшін әзірленетін және акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы ұлттық заңнаманы және Корпоративтік басқару кодексін жетілдіру шеңберінде енгізуге жоспарланған корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық басшылықтарға ұсыныстар әзірлеуге қатысты.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылы Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес және Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын одан әрі енгізу шеңберінде корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша бірқатар іс-шаралар өткізу жоспарлануда.

2020 жылы Холдингтің корпоративтік басқаруына тәуелсіз бағалау жүргізу жоспарлануда, оны «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңына сәйкес бағалау нәтижелерін Холдингтің интернет-ресурсында орналастыра отырып, үш жылда бір рет жүргізу қажет.

Автоматтандыру жүйесін енгізу шеңберінде «Бюджеттеу және жоспарлау жүйесі» бағдарламалық қамтамасыз етуді енгізу жоспарлануда.

Холдингтің еншілес ұйымдары директорлар кеңестерінің жеке бейіндері бойынша ұсыныстар негізінде 2020 жылы Холдингтің еншілес ұйымдары директорлар кеңестері туралы Үлгі ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жоспарлануда.

Ақпаратты ашу практикасын жетілдіру шеңберінде Холдингтің алдағы кезеңге арналған Медиа-жоспары бекітілетін болады.

Корпоративтік басқару кодексінің жаңалықтарын енгізу шеңберінде «акционердің үміттері» халықаралық практикасы қаралады және Холдингтің оның еншілес ұйымдарының акционері ретінде оны енгізуі жөнінде ұсыныстар әзірленетін болады. Бұл тәжірибе Холдингке еншілес ұйымдардың директорлар кеңесіне акционер үшін негізгі маңызды күтілетін шаралар, алдағы жылға арналған қызметтің шешімдері мен нәтижелері туралы жыл сайын хабарлауға мүмкіндік береді.

Жалғыз акционер

Холдингтің Жалғыз акционері заңнамамен және Холдингтің жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдайтын Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (бұдан әрі — ҚР ИИДБ) атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

Акционерлік капитал

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ акционерлік капиталы 917 218 712 теңгені құрады:

- Жарияланған қарапайым акциялар саны — 5 000 086 550 дана
- Орналастырылған және төленген қарапайым акциялар саны — 917 218 712 дана.
- Жарияланған, бірақ орналастырылмаған қарапайым акциялар саны — 4 082 867 838 дана.

Дивидендтік саясат

Холдингтің дивидендтік саясаты Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға, Холдинг пен оның еншілес ұйымдары қызметінің рентабельділігін қамтамасыз етуге, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге, дивидендтер мөлшерін айқындау механизмінің ашықтығына негізделеді.

2018 жылға дивидендтер төлеу Жалғыз акционердің таза кірісті бөлу, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу тәртібі және 2018 жылға «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшері туралы шешіміне сәйкес 2019 жылғы шілдеде 1 485 163 мың теңге мөлшерінде жүргізілді. Бір қарапайым акцияға дивидендтер 1,67 теңгені құрады.

Жалғыз акционердің негізгі шешімдері

Холдингтің Жалғыз акционері есепті жылы мынадай мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;
- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Дивидендтік саясатын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық қаржылық (шоғырландырылған және жеке) есептілігін бекіту және есепті қаржы жылындағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның бір қарапайым акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің құрамына өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және сайлау, Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамын 10 (он) адам және 2019 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімін анықтау, Холдингтің Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына сыйақы мөлшерін анықтау туралы.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі Холдингтің қызметіне стратегиялық басшылықты және басқарма қызметіне бақылауды жүзеге асыратын басқару органы болып табылады. Директорлар кеңесінің қызметі тиімділік пен жауапкершілік, Жалғыз акционер мен Холдингтің мүдделерін барынша сақтау және іске асыру, сондай-ақ Жалғыз акционердің құқықтарын қорғау қағидаттарына негізделеді.

Өз құзыретіне сәйкес Директорлар кеңесі:

- даму жоспарын бекітеді;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмыс істеуін қадағалауды жүзеге асырады;
- ішкі бақылау және ішкі аудитті жүзеге асырады;
- ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі Стратегиялық жобаларды тиімді іске асыру мониторингін бекітеді және жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің жауапкершілігі

Директорлар кеңесінің мүшелері фидуциарлық міндеттер мен қабылданатын шешімдерді, өз қызметінің тиімділігін, іс-әрекетін және/немесе әрекетсіздігін қоса алғанда, өз міндеттерін орындауға дербес жауапты болады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Холдинг Директорлар кеңесі мүшелерінің жауапкершілігін олар сайланған сәттен бастап және Холдингтің қаражаты есебінен сақтандыруға міндетті. Соған сәйкес, 2019 жылғы 5 желтоқсанда Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ»АҚ лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін сақтандыру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт жасады.

Директорлар кеңесінің құрамы

Холдингтің Директорлар кеңесі 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша он директордан тұрды, оның үшеуі тәуелсіз болып табылады.

Директорлар кеңесінің құрамы 2019 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 3 (үш) жыл өкілеттік мерзімімен Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен 2019 жылғы 21 қарашада белгіленді.



Мамин
Асқар Ұзақбайұлы

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Директорлар кеңесінің Төрағасы

Туған күні: 1965 жылы 23 қазан.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Целиноград инженерлік-құрылыс институтын «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша, Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономикалық академиясын «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2008 жылдан бастап 2016 жылдың қыркүйегіне дейін — «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Президенті.
- ▶ 2016 жылғы қыркүйектен 2019 жылғы ақпанға дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары.
- ▶ 2019 жылғы 25 ақпаннан бастап — Қазақстан Республикасының Премьер-министрі.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционердің 2019 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамына қайта сайланды. 2019 жылғы 28 желтоқсанда Директорлар кеңесінің Төрағасы болып қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- ▶ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы (2019 жылғы наурыздан 2020 жылғы қаңтарға дейін).
- ▶ «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.

Туған күні: 1978 жылы 5 сәуір.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетін «Менеджмент» мамандығы бойынша, Мэриленд университетін (АҚШ) «Болашақ» бағдарламасы бойынша іскерлік әкімшілік магистрі, «Қаржы» мамандандыруымен бизнес магистрі мамандығы бойынша тәмамдады. Ұлыбританияның алқа бухгалтерлері мен аудиторлары қауымдастығында сертификатқа ие.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2016 жылғы желтоқсаннан 2019 жылғы 1 наурызға дейін — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.
- ▶ 2019 жылғы 1 наурыздан бастап 2019 жылғы 22 наурызға дейін — Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі төрағасының орынбасары.
- ▶ 2019 жылғы 22 наурыздан 2019 жылғы шілдеге дейін — Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.
- ▶ 2019 жылғы 22 шілдеден бастап — Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционердің 2019 жылғы 2 сәуірдегі шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- ▶ «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2019 жылғы сәуірден бастап 2020 жылғы қаңтарға дейін).



Сүлейменов
Тимур Мұратұлы

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі



Смаилов
Әлихан Асханұлы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1972 жылы 18 желтоқсан.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Қолданбалы математика» мамандығы бойынша аяқтады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстандық менеджмент, экономика және болжау институтын тәмамдады, мемлекеттік басқару магистрі дәрежесі берілді.
Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2009 жылдан 2014 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Төрағасы.
- ▶ 2014 — 2015 жылдар аралығында — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Төрағасы.
- ▶ 2015 жылдың желтоқсанынан бастап 2018 жылдың қыркүйегіне дейін — Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі.
- ▶ 2018 жылғы 18 қыркүйектен бастап — Қазақстан Республикасының Қаржы министрі.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционердің 2016 жылғы 24 мамырдағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- ▶ 2019 жылғы 13 наурыздан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.
- ▶ «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



Скляр
Роман Васильевич

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1971 жылы 8 мамыр.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: Павлодар мемлекеттік университетін «Инженер-құрылысшы» мамандығы бойынша, Мәскеу қазіргі заманғы бизнес институтын «Экономист» мамандығы бойынша, Қазақ құқықтану және халықаралық қатынастар институтын «Заңгер» мамандығы бойынша аяқтады.
Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2016 жылғы желтоқсаннан бастап 2017 жылғы желтоқсанға дейін — Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министрі.
- ▶ 2018 жылғы қаңтардан бастап 2019 жылғы ақпанға дейін — Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму бірінші вице-министрі.
- ▶ 2019 жылғы 25 ақпаннан бастап 2019 жылғы 17 қыркүйекке дейін — Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі.
- ▶ 2019 жылғы 18 қыркүйектен бастап — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- ▶ «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы (2019 жылғы 23 қарашадан бастап).
- ▶ «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



Атамқұлов
Бейбіт Бәкірұлы

Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1964 жылы 19 мамыр.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтын «Инженер-металлург» мамандығы бойынша, Санкт-Петербург мемлекеттік экономика және қаржы университеті «Экономист» мамандығы бойынша тәмамдады.
Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2015 жылдың 8 тамызынан 2016 жылдың қазанына дейін — Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі.
- ▶ 2016 жылғы 7 қазаннан 2018 жылғы 26 желтоқсанға дейін — Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі.
- ▶ 2018 жылғы 26 желтоқсаннан 2019 жылғы 18 қыркүйекке дейін — Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі.
- ▶ 2019 жылғы 19 қыркүйектен бастап — Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 19 қыркүйектегі шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



Дәленов
Руслан Ерболатұлы

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1975 жылы 8 ақпан.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: Мармара университетін (Түркия) «Экономист» мамандығы бойынша аяқтады.
Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2008 жылдан бастап 2017 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі.
- ▶ 2017 жылғы сәуірден бастап 2019 жылғы 25 ақпанға дейін — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика бірінші вице-министрі.
- ▶ 2019 жылғы 25 ақпаннан бастап — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі.
- ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2019 жылғы 28 ақпандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2019 жылғы 7 наурыздан бастап).
- ▶ «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі (2019 жылғы 24 наурыздан 2019 жылғы 19 қарашаға дейін).
- ▶ «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.



**Әріпханов
Айдар Әбдіразақұлы**

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1974 жылы 28 қараша.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы шеңберінде Колумбия университетін (АҚШ) «Экономикалық саясатты басқару» мамандығы бойынша аяқтады.

- Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:**
- ▶ 2010–2017 жылдары Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Төрағасының орынбасары, «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Ұлттық экономика вице-министрі, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары қызметтерін атқарды.
 - ▶ 2017 жылғы желтоқсаннан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы.
 - ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

- Басқа ұйымдардың Директорлар кеңестеріне (Бақылау кеңестеріне) мүшелігі:**
- ▶ «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ, «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы.
 - ▶ «KazakhExport» ЭСК» АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
 - ▶ «Kazakh Invest» Ұлттық компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Туған күні: 1943 жылы 6 маусым.
Азаматтығы: Германия
Білімі: Мюнхен, Женева, Лондон, Майнц және Гейдельберг университеттерінде құқық пен экономиканы зерттеді. Профессор, доктор.

- Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:**
- ▶ 2000 жылдан 2010 жылға дейін — Шығыс-Еуропалық экономикалық қатынастар комитетінің Төрағасы.
 - ▶ 2011 жылдан бастап TUI AG Бақылау кеңесінің Төрағасы, Continental AG, Alstom S. A. Бақылау кеңестерінің мүшесі, Rothschild GmbH Бақылау кеңесінің Төрағасы.
 - ▶ 2015 жылдан — Баден-Вюртембергтегі Ресей Федерациясының құрметті консулы. Сондай-ақ, Германияның ең беделді университеттерінің бірі Фрайбург Университетінің құрметті сенаторы, Құрметті легион (Франция) командоры болып табылады.
 - ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



Филип Йео

Тәуелсіз директор

Туған күні: 1946 жылы 29 қазан.
Азаматтығы: Сингапур Республикасы
Білімі: Сент-Джозеф институтын (Сингапур), Торонто университетін (Канада) тәмамдады.

- Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:**
- ▶ 2010 жылдан 2013 жылға дейін — БҰҰ даму бағдарламасына сәйкес қатысушы елдер арасында мемлекеттік әкімшілендіруді және басқаруды жылжыту және дамыту үшін Экономикалық және Әлеуметтік Кеңес құрған Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) Мемлекеттік басқару жөніндегі сарапшылар комитетінің мүшесі.
 - ▶ Қазіргі уақытта — Accuron Technologies және Economic Development Innovations Singapore Pte Ltd Төрағасы., Сингапурдың экономикалық даму және инновациялар Төрағасы (EDIS).
 - ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және содан соң 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.



Томас Мирв

Тәуелсіз директор


Туған күні: 1953 жылы 6 қаңтар.
Азаматтығы: Германия
Білімі: Бонн университетін аяқтады, «Бесінші республика кезеңіндегі Еуропадағы Франция саясаты» атты тақырыбы бойынша докторлық диссертациясын қорғады.

- Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:**
- ▶ 2008 жылдан 2012 жылға дейін — Еуропа Қайта Құру және даму банкінің (ЕҚДБ) Президенті.
 - ▶ 2013 жылдан бастап 2018 жылға дейін — HSH Nordbank AG (Гамбург) Бақылау кеңесінің Төрағасы.
 - ▶ Rothschild GmbH (Франкфурт) Бақылау кеңесінің мүшесі, F.Laeisz (Гамбург) акционерлер комитетінің мүшесі болып табылады.
 - ▶ Холдингтің Жалғыз акционерінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды. 2016 жылғы 26 желтоқсанда және содан соң 2019 жылғы 21 қарашада Директорлар кеңесінің құрамына қайта сайланды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің құзыреті

Директорлар кеңесінің мүшелері	Мамин Асқар Ұзақбайұлы	Сүлейменов Тимур Мұратұлы	Смаилов Әлихан Асханұлы	Скляр Роман Васильевич	Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	Дәленов Руслан Ерболатұлы	Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	Клаус Мангольд	Филип Йео	Томас Миrows
Саладағы жұмыс өтілі/жалпы өтілі, жыл	16,6/31	22/22	19/25	15,6/29,11	21,7/34	16/21	23/23	52/52	44/50	23/45
Негізгі құзыреттер										
Саланы білу										
Саланың терең білімі										
Арнайы дағдылар мен тәжірибе										
Қаржыны терең білу										
Маркетингті терең білу										
Тәуекелдерді басқару және аудит										
Басқарудағы және заңгерліктегі жұмыс тәжірибесі										
Корпоративтік басқару										
Саясат пен реттеу жұмысындағы тәжірибе										
Терең құқықтық білімі										

Холдингтің Директорлар кеңесіндегі жұмыс ұзақтығы, адам



Директорлар кеңесі мүшелерінің жасы, адам



2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамындағы өзгерістер

2019 жылы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрықтарымен:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы Бақытжан Әбдірұлы Сағынтаевтың және Директорлар кеңесінің мүшелері: Ерболат Асқарбекұлы Досаев, Әлихан Асханұлы Смаилов, Тимур Мұратұлы Сүлейменов, Жеңіс Махмұдұлы Қасымбек, Ерулан Кенжебекұлы Жамаубаевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.
- Директорлар кеңесінің құрамына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы және мүшелері ретінде сайланды: Мамин Асқар Ұзақбайұлы, Смаилов Әлихан Асханұлы, Дәленов Руслан Ерболатұлы, Сүлейменов Тимур Мұратұлы, Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы, Скляр Роман Васильевич.

Лауазымға кіріспе

Холдингте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін қызметке енгізу саясаты жұмыс істейді. Саясаттың талаптарына сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелеріне Холдингтің лауазымды тұлғалары мен ұйымдық құрылымы, оның ішкі құжаттары, Холдингтің Жалғыз акционері мен Директорлар кеңесінің шешімдері туралы ақпарат және Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін тиісінше орындауы үшін маңызы бар өзге де ақпарат беріледі. 2019 жылы қызметке енгізу рәсімі Холдингтің Директорлар кеңесінің келесі жаңадан сайланған мүшелеріне қатысты жүргізілді: Мамин А.Ұ., Скляр Р.В., Атамқұлова Б. Б., Дәленова Р. Е.

Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің 45-тармағына сәйкес Жалғыз акционер үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескере отырып, айқын және ашық рәсімдер негізінде Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлайды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ереженің 5-тарауының 11-тармағына сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Холдингтің Басқарма Төрағасы, тәуелсіз директорлар және өзге де тұлғалар қатарынан жасалады.

Директорлар кеңесінің құрамына үміткерлерді іріктеу кезінде мыналар назарға алынады:

- басшылық қызметтердегі жұмыс тәжірибесі;
- Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде жұмыс тәжірибесі;
- жұмыс өтілі;
- халықаралық сертификаттарының бар болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- іскерлік бедел;
- тікелей немесе әлеуетті мүдделер дауларының болуы.

Тәуелсіз директорларды тарту

Холдингтің Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес Директорлар кеңесінің құрамында тәуелсіз директорлардың болуы және қатысуы міндетті. Холдингтің Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызына дейін құрайды.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді. Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері объективті пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіруі мүмкін қандай да бір материалдық мүдделерден немесе Холдингпен қарым-қатынастардан, оны басқарудан немесе оның меншігінен бос болуы тиіс.

Тәуелсіз директорларды іріктеу кезінде Холдинг «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарын, Холдингтің Жарғысын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорлары Клаус Мангольд, Филип Йео және Томас Миrows 2019 жылғы 30 желтоқсанныан бастап 3 жыл өкілеттік мерзімімен Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде Жалғыз акционер болып сайланды.

Холдингтің Директорлар кеңесінің қызметін бағалау

Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы тиісті бағалау жүргізуге бастамашылық жасаған жағдайда жыл сайынғы негізде бағаланады. 2019 жылы Холдингтің Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу туралы ұсыныстар Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы тарапынан түскен жоқ.

2019 жылғы Директорлар кеңесі жұмысының қорытындысы

Есепті кезеңде Директорлар кеңесінің 12 отырысы өткізілді, оның ішінде 5 отырыс тікелей және 7 отырыс сырттай өткізілді. Жалпы алғанда Директорлар кеңесі 90 мәселені қарады.

Директорлар кеңесі қараған ең маңызды мәселелер:

- Холдингтің 2017–2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспарын 2019–2021 жылдардың бөлігінде және 2019 жылға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның түзетілген Жылдық бюджетін бекіту туралы;
- 2019–2021 жылдарға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қаржылық есептілігіне аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды және оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін айқындау туралы;
- Холдингтің 2019 және 2020 жылға бизнес-процестерінің, тәуекелдерінің және бақылауларының матрицасын, 2020 жылға арналған тәуекел-тәбет матрицасын бекіту туралы;
- 2018 жылдың IV тоқсанындағы, 2019 жылдың I, II, III тоқсанындағы тәуекелдер бойынша есепті бекіту туралы;
- Ішкі аудит қызметінің 2018 жылдың IV тоқсанындағы, 2019 жылдың I, II, III тоқсанындағы есебін бекіту туралы;
- Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімін анықтау, оның қызметкерлерін тағайындау және олардың еңбегіне ақы төлеу мөлшерін, Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған аудиторлық жоспарын және Ішкі аудит қызметі қызметкерлері қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштерінің карталарын айқындау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы, корпоративтік басқарудың заңдылық режимін қолдау бойынша корпоративтік басқару саласында Холдинг жүргізген іс-шаралар туралы, оның ішінде корпоративтік шешімдер қабылдау кезінде анықталған бұзушылықтар, мүдделердің әлеуетті және нақты қайшылықтары туралы ақпаратты назарға алу туралы есепті бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігін (шоғырландырылған және жеке) алдын ала бекіту және есепті қаржы жылындағы таза табысты бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төлеу және бір қарапайым акцияға шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына енгізу туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- Холдингтің 2018 жылғы жылдық есебін бекіту туралы;
- 2018 жылдың қорытындысы бойынша Холдингтің 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы есепті және 2018 жылғы Жылдық бюджеттің атқарылуы туралы есепті бекіту, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарын іске асыру нәтижелерін бағалауды жүзеге асыру туралы;
- меншік құқығында Холдингке тікелей тиесілі активтерді сату қағидаларын бекіту туралы;
- 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның сатып алуларын бақылау жөніндегі Орталықтандырылған қызметті құру және Қызмет басшысын тағайындау, еңбекақы мөлшерін айқындау туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсмен қызметінің нәтижелерін бағалау және оның өкілеттік мерзімін ұзарту туралы.

Директорлар кеңесі мүшелерінің 2019 жылғы отырыстарға қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі	Директорлар кеңесінің отырыстары	%	Директорлар кеңесінің құрамында болу кезеңі
Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы	1/1	100	01.01.2019–28.02.2019
Мамин Асқар Ұзақбайұлы	11/11	100	28.02.2019–31.12.2019
Жамаубаев Ерулан Кенжебекұлы	2/2	100	01.01.2019–02.04.2019
Досаев Ерболат Асқарбекұлы	1/1	100	01.01.2019–28.02.2019
Смаилов Әлихан Асханұлы	10/12	83	01.01.2019–31.12.2019
Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	8/8	100	01.01.2019–19.09.2019
Скляр Роман Васильевич	10/11	91	28.02.2019–31.12.2019
Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	4/4	100	19.09.2019–31.12.2019
Сүлейменов Тимур Мұратұлы	11/11	100	01.01.2019–28.02.2019 02.04.2019–31.12.2019
Дәленов Руслан Ерболатұлы	11/11	100	28.02.2019–31.12.2019
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	12/12	100	01.01.2019–31.12.2019
Клаус Мангольд	12/12	100	01.01.2019–31.12.2019
Филип Йео	12/12	100	01.01.2019–31.12.2019
Томас Мирон	12/12	100	01.01.2019–31.12.2019

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында Холдингте төмендегі Комитеттер жұмыс істейді:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет;
- Стратегиялық жоспарлау комитеті.

Аудит жөніндегі комитет

Аудит жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметіне (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы мен дұрыстығына) бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу бойынша, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігіне, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуына, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бойынша ұсынымдар әзірлеуге бағытталған.

2019 жылы Аудит жөніндегі комитет 3 тікелей және 3 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 38 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің құрамы және 2019 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстар	%	Комитет құрамында болған кезең
Томас Миров	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасы	6/6	100	01.01.2019–31.12.2019
Клаус Мангольд	тәуелсіз директор, Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі	6/6	100	01.01.2019–31.12.2019

Аудит жөніндегі комитеті келесі маңызды мәселелерді қарады:

Ішкі аудит

- тоқсан сайынғы негізде ішкі және сыртқы аудиторлардың ұсыныстары бойынша түзету іс-қимылдарын орындау мониторингінің нәтижелері мен аудиторлық анықтаулар туралы ақпараты бар Ішкі аудит қызметінің есептері алдын ала қаралып, мақұлданды. Холдинг Басқармасына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік қаржы жүйесінің ішкі аудит нәтижелері бойынша елеулі байқаулардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылды;
- Ішкі аудит қызметінің өкілеттік мерзімі алдын ала мақұлданды, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы лауазымына және ішкі аудиторлар лауазымына үміткерлерді және олардың еңбекақы мөлшері мақұлданды;
- Ішкі аудит қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған Аудиторлық жоспары мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің қызметкерлер қызметінің 2020–2022 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштерінің карталары мақұлданды.

Сыртқы аудит

- Директорлар кеңесіне «КПМГ Аудит» ЖШС-ны «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019–2021 жылдарға арналған қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым етіп, аудитор қызметіне ақы төлеуді айқындай отырып, ұсыныс жасалды;
- Холдингтің 2018 жылғы жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) алдын ала қаралды және мақұлданды;
- 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ шоғырландырылған және жеке жылдық қаржылық есептілігі аудитінің нәтижелері, сондай-ақ «КПМГ Аудит» ЖШС сыртқы аудиторы Аудит комитетінің ұсыныстарын орындау мәртебесі бойынша «КПМГ Аудит» ЖШС Холдингтің сыртқы аудиторымен кездесу өткізілді;
- 2019 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның аудиттелмеген шоғырландырылған және жеке аралық қысқартылған қаржылық есептілігі қаралды.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару

- тоқсан сайынғы негізде Холдингтің тәуекелдері бойынша есептері алдын ала қаралып, мақұлданды. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасына «КПМГ Аудит» ЖШС тәуелсіз аудиторы кибершабуыл тәуекелдері бойынша ақпарат дайындауды қамтамасыз ету, ақша қаражатын орналастыру, «В-» деңгейінен төмен емес рейтингі бар екінші деңгейдегі банктермен серіктестік бойынша ұсыныстар берді;
- Холдингтің 2020 жылға арналған бизнес-процестерінің, тәуекелдері мен бақылауларының матрицасы алдын ала қаралып, мақұлданды. Холдинг Басқармасына жыл сайынғы негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Ішкі аудит қызметінің «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ бизнес-процестерінің, тәуекелдерінің және бақылауларының матрицасын қарауды қамтамасыз ету ұсынылды;
- Холдингтің 2020 жылға арналған тәуекел-тәбеті алдын ала қаралып, мақұлданды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуды бақылау жөніндегі Орталықтандырылған қызметтің басшысы лауазымына үміткерлер алдын ала мақұлданды, Директорлар кеңесіне Қызмет

басшысын 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап тағайындау, оған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сатып алуды бақылау жөніндегі Орталықтандырылған қызмет қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларының схемасына сәйкес лауазымдық жалақысын белгілеу туралы ұсыныс жасалды (грейдер негізінде).

Корпоративтік басқару

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің есебі алдын ала қаралып, мақұлданды. Омбудсменнің 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша қызметі тиімді деп танылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау туралы есеп алдын ала қаралып, мақұлданды

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің қызметі Директорлар кеңесінің кадр саясаты, тағайындау және сыйақы жүйесі саласындағы құзыретіне жататын мәселелерді терең пысықтау және мониторингілеу, сондай-ақ Холдингтің Басқарма мүшелері мен Корпоративтік хатшының қызметін бағалау арқылы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған.

2019 жылы Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет 4 күндізгі және 3 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 20 мәселе қаралды.

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет мүшелерінің 2019 жылғы отырыстарға қатысуы және құрамы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстар	%	Комитет құрамында болған кезең
Клаус Мангольд	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің Төрағасы	7/7	100	01.01.2019–31.12.2019
Филип Йео	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшесі	7/7	100	01.01.2019–31.12.2019
Томас Миров	тәуелсіз директор, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшесі	7/7	100	01.01.2019–31.12.2019

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет келесі маңызды мәселелерді қарады:

- Директорлар кеңесіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшелерін тағайындау және Басқарма өкілеттігінің мерзімін, сондай-ақ Холдингтің Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйлықақы беру шарттарын айқындау жөнінде ұсыныстар берілді;
- Холдингтің Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің 2019 және 2020 жылдарға арналған нысаналы мәндері бар түзетілген карталары алдын ала қаралып, мақұлданды;
- 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің қызметі

алдын ала қаралып, қанағаттанарлық деп танылды, Директорлар кеңесіне 2018 жылғы Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің негізгі көрсеткіштері карталарының нақты нәтижелілігін бекіту және сыйақы төлеу туралы шешім қабылдау ұсынылды;

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2018 жылғы қызметі туралы есебі алдын ала қаралып, мақұлданды. 2018 жылғы жұмыс қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің қызметі тиімді деп танылды;

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар алдын ала қаралып, қалыптастырылды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей тиесілі заңды тұлғалардың Бірыңғай кадр саясатын бекіту туралы ақпарат қаралды және назарға алынды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің қызметі Холдингтің Директорлар кеңесіне Холдинг қызметінің басым бағыттарын әзірлеу және оның даму стратегиясы мәселелері бойынша, орта және ұзақ мерзімді перспективада Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, ұсынымдар әзірлеуге және ұсынуға бағытталған.

2019 жылы Стратегиялық жоспарлау комитеті 4 күндізгі және 2 сырттай отырыс өткізді, оның барысында 10 мәселе қаралды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті мүшелерінің 2019 жылғы отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Лауазымы	Отырыстар	%	Комитет құрамында болған кезең
Филип Йео	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің Төрағасы	6/6	100	01.01.2019–31.12.2019
Томас Мирон	тәуелсіз директор, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	6/6	100	01.01.2019–31.12.2019
Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	0/1	0	01.01.2019–28.02.2019
Скляр Роман Васильевич	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	1/3	33	16.04.2019–19.09.2019
Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы	Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	0/1	0	17.10.2019–31.12.2019
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	Стратегиялық жоспарлау комитетінің мүшесі	6/6	100	05.02.2019–31.12.2019

2019 жылы Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамындағы өзгерістер:

Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімімен:

- Директорлар кеңесінің мүшесі Қасымбек Жеңіс Махмұдұлы өкілеттілігі тоқтатылды және Стратегиялық жоспарлау комитетінің құрамынан

шығарылды және Холдингтің Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшесі болып Скляр Роман Васильевич сайланды;

- Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі Скляр Роман Васильевичтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Холдингтің Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі өкілеттілік мерзімі аяқталғанға дейінгі өкілеттік мерзімімен Холдинг Директорлар кеңесінің мүшесі Атамқұлов Бейбіт Бәкірұлы сайланды.

Стратегиялық жоспарлау комитеті келесі маңызды мәселелерді қарады:

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған Даму стратегиясын өзектендіру бойынша тәсілдер қаралды және назарға алынды. Холдинг Басқармасына неғұрлым шынайы мақсаттарды белгілеу, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға өзектендірілген Даму стратегиясын 2019 жылғы шілдеде Директорлар кеңесінің қарауына шығару кезінде тартылған қорландырудағы мемлекеттік емес көздер үлесінің көрсеткішін төмендету бойынша ұсыныстар берілді;
- мемлекеттік органдар өкілдерімен кездесу шеңберінде мемлекеттік-жекеменшік серіктестік жобалары бойынша ақпарат қаралды және назарға алынды;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019–2021 жылдарға арналған түзетілген Даму жоспары, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019 жылға арналған түзетілген жылдық бюджеті және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2020 жылға арналған жылдық бюджеті алдын ала мақұлданды;
- тұрақты даму саласындағы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметі туралы ақпарат алдын ала қаралып, назарға алынды;
- 2018 жылдың қорытындысы бойынша 2017–2021 жылдарға арналған даму жоспарының орындалуы туралы есеп және 2018 жылғы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ жылдық бюджетінің орындалуы туралы есеп алдын ала мақұлданды;
- 2018 жылғы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Инвестициялық саясаты талаптарының орындалуы туралы ақпарат алдын ала қаралып, мақұлданды;
- 2018 жылдың қорытындысы және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мониторингінің нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2017–2021 жылдарға арналған Даму жоспарының орындалуы туралы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі бекіткен есептің негізінде 2018 жылға арналған «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Даму жоспарын іске асыру нәтижелерін бағалау назарға алынды.

Корпоративтік хатшы

Корпоративтік хатшы — Холдингтің Директорлар кеңесінің не Басқармасының мүшесі болып табылмайтын, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі тағайындайтын және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп беретін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкері.

Корпоративтік хатшының құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Холдингтің Жарғысымен, Холдингтің корпоративтік хатшысы туралы ережемен және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарымен айқындалады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережеге сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің шешімі бойынша «Бәйтерек»

ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының міндеттері Холдингтің қызметкері болып табылмайтын және еңбек қатынастары қолданылмайтын және сыйақы төленбейтін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысына жүктелуі мүмкін. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы Холдингті басқаруға қатыспайды.

Корпоративтік хатшыға жүктелген қызметтерді тиімді іске асыруды қамтамасыз ету Холдингтің Корпоративтік хатшысы қызметінің негізгі міндеті болып табылады. Қызметті Корпоративтік хатшының орынбасары — Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы Тұрғанова Майра Дүйсенбайқызы басқарады. Корпоративтік хатшы қызметі Холдингтің құрылымдық бөлімшесі болып табылады және тікелей Корпоративтік хатшыға бағынады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне төмендегілер жатады:

- Холдингтің органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін іске асыруға және қорғауға кепілдік беретін корпоративтік басқару ережелері мен рәсімдерін сақтауын қамтамасыз ету;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының және Холдингтің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің шешімдерін дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету;
- Холдингтің Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тиімді қызметін қамтамасыз ету;
- Холдинг туралы қажетті ақпаратты сақтауды, ашуды және ұсынуды қамтамасыз ету;
- Холдинг органдары арасында нақты және тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 16 сәуірдегі № 03/19 шешімімен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы Қойшыбаев Ғалымжан Тельманұлы тағайындалды.



Қойшыбаев
Ғалымжан Тельманұлы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы

Туған күні: 1968 жылы 12 сәуірде Қызылорда қаласында дүниеге келген.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: М. В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін тәмамдады

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2012–2016 жылдары — Қазақстан Республикасының Финляндия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының Эстония Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметін қоса атқарушы.
- ▶ 2016 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің орынбасары қызметін атқарды.
- ▶ 2019 жылғы 26 наурызда Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы болып тағайындалды.
- ▶ 2019 жылғы 18 қыркүйекте Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің басшысы болып тағайындалды.

Басқарма

Басқарма Холдингтің алқалы атқарушы органы болып табылады және оның ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асырады, Холдингтің және оның Жалғыз акционерінің мүддесінде әрекет етеді және соңғысына және Холдингтің Директорлар кеңесіне есеп береді. Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде және Жарғыда Холдингтің басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған Холдинг қызметінің кез келген мәселелері бойынша, оның ішінде заңнамада және Холдингтің Жарғысында оның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер қабылдауға құқылы. Басқарма Холдингтің Директорлар кеңесінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша алдын ала шешімдер қабылдайды.

Басқарма Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасына, Холдингтің Жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Холдингтің Басқармасының шешімдерін орындауды ұйымдастырады.

Басқарма Төрағасы Жалғыз акционердің шешімімен тағайындалады. Басқарма мүшелері Басқарма Төрағасының ұсынысы бойынша Директорлар кеңесінің шешімімен сайланады.

Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі өлшемі Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен қойылған ҚНҚ қол жеткізу болып табылады. Басқарма мүшелерінің уәждемелік ҚНҚ бөлігінде ұсыныстарды Директорлар кеңесінің қарауына Басқарма Төрағасы енгізеді.

Басқарма Құрамы

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Холдинг басқармасына жеті адам енді.



Әріпханов
Айдар Әбдіразақұлы

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі

Туған күні: 1974 жылы 28 қараша.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын «Экономист» мамандығы бойынша, ҚР Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясын, «Болашақ» Президенттік бағдарламасы шеңберінде Колумбия университетін (АҚШ) «Экономикалық саясатты басқару» мамандығы бойынша аяқтады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2011 жылдан 2015 жылға дейін — «Қазатомпром» ҰАК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасының міндетін уақытша атқарушы (2015 жылдың 31 наурызынан бастап).
- ▶ 2015 жылдан 2017 жылға дейін — Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі.
- ▶ 2017 жылғы қаңтардан бастап желтоқсанға дейін — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- ▶ 2017 жылдың желтоқсанынан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы



Қарағойшин
Рустам Тимурұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Жауапкершілік саласы: тәуекелдерді, активтерді басқару, корпоративтік қаржы, стратегия және корпоративтік даму, талдау және зерттеу мәселелері.

Туған күні: 1983 жылы 6 қыркүйек.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақстан Менеджмент, экономика және болжау институтын «Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша, Халықаралық бизнес академиясын «Іскерлік әкімшілік магистрі» мамандығы бойынша бітірді.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2013 жылдан 2015 жылға дейін — «Сбербанк Лизинг» ЖШС Бас директоры.
- ▶ 2015 жылдан бастап 2018 жылға дейін — «ҚазАгроҚаржы» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- ▶ 2019 жылдың ақпан–мамыр аралығында — «Қазақстанның Астық консорциумы» ЖШС Бас директоры.
- ▶ 2019 жылғы мамырдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



Омарқожаев
Әнуар Сағынәлиұлы

Басқарма Төрағасының орынбасары

Жауапкершілік саласы: инновациялық жобаларды дамыту және ақпараттық технологияларды енгізу, құқықтық қамтамасыз ету, құрылыс мәселелері.

Туған күні: 1973 жылы 31 қазан.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін «Инженер-механик» мамандығы бойынша, Бремендік институтын (Германия) «Өнеркәсіптік техника инженері» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2012 жылдан 2014 жылға дейін — Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысы хатшылығының меңгерушісі.
- ▶ 2014 жылғы сәуірден бастап 2016 жылғы 3 қазанға дейін — Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының орынбасары.
- ▶ 2016 жылғы 3 қазаннан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.



Жанке
Тимур Амантайұлы

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

Жауапкершілік саласы: тәуекелдерді және тұрғын үй-құрылыс активтерін басқару мәселелері.

Туған күні: 1977 жылы 30 желтоқсан.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін «Мұнай және газ кен орындарын игеру» мамандығы бойынша, Маастрихт Менеджмент Мектебі MSM (Нидерланды) «Бизнес-әкімшілендіру магистрі (МВА)» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2008 жылдан 2014 жылға дейін — «ҚазМұнайГаз-Сервис Compass» ЖШС Бас директоры.
- ▶ 2014 жылдан 2019 жылдың сәуіріне дейін — Жамбыл облысы әкімінің орынбасары.
- ▶ 2019 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- ▶ 2019 жылғы мамырдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.



Хамитов
Ерсайын Ербулатұлы

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

Жауапкершілік саласы: экономика, бухгалтерлік есеп және есептілік, қазынашылық мәселелері.

Туған күні: 1983 жылы 5 қыркүйек.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін «Экономист-қаржыгер» мамандығы бойынша, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетін «Executive Master of Business Administration (EMBA)» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2013 жылдан 2014 жылға дейін — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік қаржы департаментінің директоры.
- ▶ 2014 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- ▶ 2016 жылғы ақпаннан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.



Омаров
Марат Талғатұлы

Басқарушы директор — Басқарма мүшесі

Жауапкершілік саласы: стратегия, активтерді басқару, талдау және зерттеу мәселелері.

Туған күні: 1988 жылы 20 қыркүйек.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: «Болашақ» бағдарламасы бойынша Йорк университетін (Ұлыбритания), Лондон Экономика және саяси ғылымдар мектебін (LSE) «Әлеуметтік ғылымдар магистрі» мамандығы бойынша тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2014–2016 жылдары — Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тарифтік және институционалдық саясатты қалыптастыру департаменті директорының орынбасары.
- ▶ 2016–2017 жылдары — «Қазақтелеком» АҚ Басқарушы директоры.
- ▶ 2017 жылдың сәуірінен 2019 жылдың мамырына дейін — «Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ Басқарма Төрағасы (трансформациядан кейін — «QazTech Ventures» АҚ).
- ▶ 2019 жылдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- ▶ 2019 жылғы мамырдан бастап — «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.



Қуатова
Айнұр Саинқызы

Басқарушы директор – Басқарма мүшесі

2019 жылы Басқарма құрамындағы өзгерістер

2019 жылы Басқарма мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды: Біртанов Есжан Амантайұлы, Тәжияқов Ғалымжан Бисенғалиұлы, Нұрланов Нұржан Нұрланұлы.

Басқарма мүшелерінің құрамына: Қарағойшин Рустам Тимурұлы, Жанке Тимур Амантайұлы, Омаров Марат Талғатұлы сайланды.

Басқарма жұмысының 2019 жылғы қорытындысы

2019 жыл ішінде Холдинг Басқармасы 62 отырыс өткізді, оның ішінде 44 тікелей және 18 сырттай. Басқарма қараған ең маңызды мәселелер:

- «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ лауазымдары грейдтерінің құрылымын бекіту туралы;
- Холдингтің 2019–2023 жылдарға арналған PR-стратегиясын бекіту туралы;
- Холдингтің Бірыңғай кадр саясатын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тұрақты даму жөніндегі 2020 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;

Жауапкершілік саласы: инвесторлармен жұмыс, жобалық қаржыландыру және мемлекеттік-жекеменшік серіктестік мәселелері.

Туған күні: 1973 жылы 13 қазан.

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі: Қазақ мемлекеттік басқару академиясын, Мидлсек университетін (Ұлыбритания) тәмамдады.

Соңғы жылдардағы жұмыс тәжірибесі:

- ▶ 2014 жылдан 2015 жылға дейін – «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.
- ▶ 2015 жылдан 2016 жылға дейін – «Казатомпром» ҰАК» АҚ Басқарма төрағасының Стратегия және бизнесті трансформациялау жөніндегі орынбасары.
- ▶ 2016 жылдан бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарушы директоры.
- ▶ 2016 жылғы шілдеден бастап – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма мүшесі.

- Холдингтің 2018–2023 жылдарға арналған цифрландыру стратегиясын іске асыру жөніндегі 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жалғыз акционерінің бекітуіне «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» мәселені Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» мәселені «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің қарауына шығару туралы;
- Холдингтің еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару кодекстеріне өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы;
- Холдингтің Жарғысына, Холдингтің қарыз алу ережесіне, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарындағы ішкі аудит мәселесі бойынша үлгі ішкі құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және басқалар.

Басқарма мүшелерінің 2019 жылғы отырыстарға қатысуы

Басқарма мүшесі	Отырыстарға қатысуы	%	Басқарма құрамында болу кезеңі
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	61/62	98	01.01.2019–31.12.2019
Омарқожаев Әнуар Сағынәлиұлы	55/62	89	01.01.2019–31.12.2019
Қарағойшин Рустам Тимурұлы	28/34	82	15.05.2019–31.12.2019
Тәжияқов Ғалымжан Бисенғалиұлы	21/24	88	01.01.2019–13.05.2019
Хамитов Ерсайын Ербулатұлы	54/62	87	01.01.2019–31.12.2019
Қуатова Айнұр Саинқызы	56/62	90	01.01.2019–31.12.2019
Жанке Тимур Амантайұлы	29/34	85	15.05.2019–31.12.2019
Омаров Марат Талғатұлы	33/34	97	15.05.2019–31.12.2019
Нұрланов Нұржан Нұрланұлы	9/12	75	01.01.2019–22.02.2019
Біртанов Есжан Амантайұлы	13/15	87	01.01.2019–28.03.2019

Холдинг басқармасы жанындағы комитеттер

Ұсынымдық сипаттағы шешімдерді дайындау үшін Холдинг Басқармасының жанынан консультативтік-кеңесші органдар – комитеттер жұмыс істейді.

Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті/Бюджеттік комиссиясы Холдинг Басқармасының жанындағы Холдингтің тобы бойынша бизнес-жоспарлау және бюджеттеу процесін үйлестіретін тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2019 жылы Қызметті жоспарлау және бағалау комитеті 18 отырыс өткізді. Комитет бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ұсыныстарын қарады және бюджет қаражатын қайта бөлу бойынша ұсыныстар шығарды; Холдингтің/ ЕҰ Даму жоспарының/ Жылдық бюджетінің жобалары және оларды түзету алдын ала қаралды, Басқармаға ұсыныстар берілді; ЕҰ Басқарма мүшелерінің ҚНҚ жобалары және оларды түзету (Даму жоспары түзілген жағдайда) алдын ала қаралды.

Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі комитеті Холдинг Басқармасының жанындағы тұрақты жұмыс істейтін консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Комитет қызметінің мақсаты активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді (қаржылық, операциялық, стратегиялық, құқықтық) оңтайландыру және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және ЕҰ активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

2019 жылы Активтер мен пассивтерді басқару комитеті 37 отырыс өткізді. Комитет Холдинг Тобы компанияларының қаржылық тәуекелдерін басқару, Холдинг Тобы контрагенттерінің қаржылық талдауы, шоғырландырылған басқарушылық есептілік мәселелерін қарады; активтер мен міндеттемелерді басқару кезінде тиімділікті арттыру бөлігінде еншілес ұйымдарға ұсыныстар берді.

Стратегия және корпоративтік даму комитеті Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының стратегиясы және корпоративтік даму мәселелері бойынша ұсыныстарды қарау және әзірлеу, Даму стратегиясын іске асырудың тиімділігін арттыру, корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру, талдамалық қолдау және Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметінде тұрақты дамуды қамтамасыз ету үшін құрылған алқалы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2019 жылы Стратегия және корпоративтік даму комитеті 16 отырыс өткізді. Комитет Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің ҚНҚ қалыптастыру бойынша тәсілдерді, Холдингтің еншілес ұйымдарының директорлар кеңестері мен комитеттерінің қызметін бағалау бойынша тәсілдерді, Холдингтің Даму стратегиясының жаңа бастамаларын, Холдингтің еншілес ұйымдарының даму стратегияларын іске асыру туралы есептерді, еншілес ұйымдардың даму стратегияларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының орындалуы туралы есептерді және басқаларды айқындау мәселелерін қарады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы төлеу жүйесі

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Жарғысында белгіленген тәртіпте «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесі туралы Ережеге сәйкес тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындау кезеңінде Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы төлеуі және (немесе) олардың Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты шығыстар өтелуі мүмкін.

Тәуелсіз директорларды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің мүшелеріне олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу және сыйлықақы беру тәртібі, мөлшері мен шарттары Холдингтің Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

Директорлар кеңесінің Төрағасы тәуелсіз директорлармен Холдингтің Директорлар кеңесі туралы ережесінің қосымшасында көзделген редакцияда Холдингтің атынан шарт жасасады, онда тәуелсіз директорларға сыйақылар мен өтемақыларды төлеудің мөлшері мен шарттары жазылған. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің барлық өткізілген тікелей және сырттай отырыстарының жартысына немесе кеміне қатысқан жағдайда, науқастану немесе негізгі жұмыс орны бойынша демалыста болу себебі бойынша тәуелсіз директор болмаған жағдайларды қоспағанда, сыйақы азайтылады.

2019 жылы Холдингтің Директорлар кеңесі мүшелерінің функцияларын орындауына байланысты сыйақы тек тәуелсіз директорларға – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне ғана төленді.

Холдингтің Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу жүйесі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелеріне еңбекақы төлеу, қызметін бағалау және сыйақы беру ережесімен регламенттелген. Басқарма мүшелеріне Директорлар кеңесінің шешімі бойынша лауазымдық жалақы белгіленеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 желтоқсандағы № 1266 қаулысына сәйкес Басқарма мүшелеріне сыйақы Директорлар кеңесі бекітетін стратегиялық ҚНҚ-ға қол жеткізуге және олардың қызметін бағалау нәтижелеріне, сондай-ақ аудиттелген қаржылық есептілік негізінде компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері белгіленген тәртіппен бекітілгеннен кейін таза шоғырландырылған пайданың болуына байланысты есепті жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады. Бұл ретте осы сыйақының жалпы жылдық көлемі 6 (алты) лауазымдық жалақыдан аспауы тиіс.

Ішкі аудит қызметі

Қызметкерлері Жаһандық ішкі аудиторлар институтының жұмыс істеп тұрған мүшелері болып табылатын Холдингтің Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі — ІАҚ) миссиясы тәуекел-бағдарланған тәсіл негізінде объективті ішкі аудиторлық тексерулер жүргізу, ұсынымдар беру және білім алмасу арқылы ұйымның құнын сақтау және арттыру болып табылады. ІАҚ ішкі аудитінің тәуелсіздігі мен объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында Холдингтің органы болып табылады, ол Директорлар кеңесіне, оның жанындағы Аудит жөніндегі комитетке тікелей бағынады және олардың алдында өз жұмысы туралы есеп береді.

2019 жылы ІАҚ құрамындағы өзгерістер

2019 жылғы 31 қазанда ІАҚ өкілеттілігінің үш жылдық мерзімі өтті. 2019 жылғы 19 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің шешімімен 2019 жылғы 1 қарашадан бастап ІАҚ өкілеттілігінің жаңа мерзімі белгіленді және кон-курстық іріктеу нәтижелері бойынша жаңа құрам тағайындалды:

- *ІАҚ басшысы — Науанова Д.А., Сертификатталған ішкі аудитор (CIA), MBA for the Global Energy Industry (Warwick Business School, UK), 26 жыл еңбек өтілі бар.*
- *Ішкі аудитор — Жүсіпова Д.Б., Қазақ инженерлік-техникалық академиясының экономика және бизнес магистрі, Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы құзыреттілік, 17 жыл еңбек өтілі.*
- *Ішкі аудитор — Бурабаева А.С., О.А. Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша, Қазақстан Республикасының аудиторы, Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері, Big 4-те жұмыс тәжірибесін қоса алғанда, 17 жыл еңбек өтілі бар.*

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Холдингтің Жарғысы мен Корпоративтік басқару кодексінің нормаларына, ІАҚ туралы ереженің және Холдингінде ІАҚ ішкі аудитті ұйымдастыру қағидаларының талаптарына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру кезінде Ішкі аудиттің жаһандық институты ұсынған Ішкі аудиттің кәсіби практикасының халықаралық негіздерін (бұдан әрі — ІАҚПХН) басшылыққа алады.

2019 жылғы жұмыс нәтижелері

Директорлар кеңесі бекіткен Холдингтің ІАҚ жұмыс жоспарына сәйкес 2019 жылы Республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан тартылған мемлекеттік қаражатты инвестициялау процестеріне, Индустриялық-инновациялық дамудың 2015–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ету процестеріне, жекешелендіру жоспарларын іске асыруға, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2014–2023 жылдарға арналған даму стратегиясына, сыйақы жүйесіне және Холдингтің атқарушы органы қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерінің дұрыстығына, адами ресурстарымен басқару жүйесін, активтерді басқару, инвесторлармен өзара іс-қимыл жасау, инвестициялық саясатты іске асыру және Холдинг тобы субъектілерінің инвестициялау, қазынашылық жүйесінің құрамдауыштары және әкімшілік шығыстардың жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтау мәселелері бойынша қызметін үйлестіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға кешенді аудит жүргізілді. Сондай-ақ ІАҚ Ақпараттық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша еншілес ұйымға консультациялық қызмет көрсетілді.

ІАҚ орындалған тапсырмаларының нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайтуға, бизнес-үдерістердің дизайнын жетілдіруге, ішкі бақылаудың тиімділігін арттыруға және Холдингтің корпоративтік басқаруын дамытуға бағытталған 113 ұсыныс берілді.

2019 жылдың есептік кезеңдерінде ІАҚ ұсыныстары бойынша түзету іс-қимылдарының бекітілген жоспарларының уақтылы орындалуының орташа деңгейі 64% құрады.

2019 жылдың жұмыс қорытындысы бойынша ІАҚПХН талаптарына сәйкес өткізілген ІАҚ қызметінің Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келуі ішкі өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша 98% жуық құрады.

ІАҚ аудиторлық тәсілдер мен рәсімдерді одан әрі жетілдіруді, ішкі аудит қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды өзектендіруді, ІАҚ процестері мен құжат айналымын автоматтандыруды, Холдингтің еншілес ұйымдарының ішкі аудит қызметтерімен өзара іс-қимылды жетілдіруді және үздіксіз кәсіби дамытуды қамтитын жақсарту үшін мүмкіндіктерді пайдалануға бағытталған, оның ішінде ішкі аудиторлардың сертификатталған ішкі аудитор (CIA) және/немесе ақпараттық жүйелердің сертификатталған аудиторы (CISA) біліктілігін алуға даму жоспары әзірленді.

2020 жылға арналған жоспарлар

Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 21 қарашадағы шешімімен бекітілген ІАҚ-ның 2020 жылға арналған аудиторлық жоспарында ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, сыбайлас жемқорлық пен алаяқтыққа қарсы іс-қимыл жүйелерінің, Ақпараттық жүйелер мен IT-инфрақұрылымдарының тиімділігін бағалау және жоспарлау және бюджеттеу үдерістерінің аудиттері, іс жүргізу және электрондық құжат айналымы жүйесі, талдамалық және PR-қызмет, атқарушы орган қызметінің негізгі көрсеткіштерінің нақты мәндерінің дұрыстығын растау және Холдингтің әкімшілік шығыстар жекелеген түрлерінің лимиттерін сақтау. Сондай-ақ, Холдингтің еншілес ұйымдарын біріктіру, көрсеткіштердің теңдестірілген жүйесін қалыптастыру, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің стратегиялық негізгі көрсеткіштерін каскадтау және декомпозициялау және ақпараттық технологиялар және Холдинг тобының ақпараттық қауіпсіздігі саласындағы әртүрлі аспектілер мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жоспарланған.

Корпоративтік этика және мүдделер дауларын реттеу

Холдингтегі корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу, сондай-ақ барлық органдар мен лауазымды тұлғалардың іс-қимылын үйлестіру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатты бекітті. Саясат дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы процестер шеңберінде Холдинг органдарының лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің іс-қимылын регламенттейді.

Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері басшылыққа алатын Корпоративтік этика қағидалары мен нормалары Холдингтің Директорлар кеңесі бекіткен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінде бекітілген.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 17 қазандағы № 10/19 шешімімен Холдингтің Іскерлік этика кодексіне меритократия қағидаларын сақтауға, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге, корпоративтік дауларды реттеудегі Омбудсмен институтын нығайтуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Холдингтің Іскерлік этика кодексіне енгізілген негіз қалаушы құндылықтар жауапкершілік, кәсіпқойлық, командалық, адалдық және әлеуметтік жауапкершілік болып табылады.

Іскерлік этика кодексін сақтау атқаратын лауазымына қарамастан Холдингтің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

Холдинг қызметкерлері жыл сайынғы негізде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексінің нормаларын білуге арналған тестілеуді сәтті тапсырады.

Омбудсмен Институты

Холдингтің Іскерлік этика кодексі ережелерінің сақталмауы туралы мәліметтер жинауды, оны бұзу жөніндегі дауларды қарауға бастамашылық етуді, сондай-ақ дауларды реттеуге қатысуды Холдингтің Омбудсмені жүзеге асырады.

Іскерлік этика кодексінің ережелерін бұзу жағдайлары туындаған кезде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері Омбудсменге жазбаша да, ауызша да нысанда жүгінуге құқылы. Омбудсмен, өз кезегінде, қызметкерлердің лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ Іскерлік этика кодексінің ережелерін сақтамау мәселелері бойынша іскер серіктестер мен мүдделі тұлғалардың өтініштерін есепке алады. Бес жұмыс күні ішінде Холдинг қызметкерлеріне олар жүгінген жағдайда Іскерлік этика кодексінің ережелерін түсіндіруді ұсынады, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Іскерлік этика кодексін бұзу фактісі

бойынша жүгінген қызметкердің, лауазымды тұлғаның анонимдігін қамтама-сыз етеді.

Корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысы бөлігінде Омбудсмен Холдингтің корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі саясатқа сәйкес корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысын шешуге жауапты тұлғалармен өз іс-қимылын үйлестіреді.

Холдингтің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 шілдедегі шешімімен Холдингтің Омбудсмені Тұрғанова Майра Дүйсенбайқызы, Корпоративтік хатшының орынбасары — Холдингтің Корпоративтік хатшысы қызметінің басшысы өкілеттігі екі жылға ұзартылды.

Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Омбудсменінің 2018 жылғы қызметі туралы есебін Кадрлар, сый-ақылар және әлеуметтік мәселелер комитеті және Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті қарады және мақұлдады.

Есепті жылы Іскерлік этика кодексінің ережелеріне қатысты мәселелер және/немесе жұмыс барысында туындаған этикалық мәселелер бойынша, сондай-ақ Іскерлік этика кодексі ережелерінің, Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарының және Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзу фактілері бойынша, оның ішінде сыбайлас жемқорлық және басқа да құқыққа қарсы әрекеттер бойынша Омбудсменге хабарламалар келіп түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Холдингте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты жұмыс істейді, оның мақсаты сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау бойынша бақылауды күшейту, сондай-ақ Холдингте оны қатаң қабылдамау атмосферасын қалыптастыру болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптардан басқа Холдинг сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша өз тәсілдерін әзірледі.

2019 жылы Холдингтің Операциялық қызмет департаменті қызметінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылданған алдын алу шараларының арқасында тәуекелдер анықталмаған. Атап айтқанда, ақпараттық технологиялар саласындағы қызметтерді сатып алу бойынша техникалық ерекшеліктердің жобалары әлеуетті өнім берушілердің шеңберін тарылтуға мүмкіндік беретін сыбайлас жемқорлық нормаларын алып тастау мәніне Комплаенс-қызметпен келісіледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдарды, Холдингтің Ішкі аудит қызметінің есептерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін зерделеу жолымен тұрақты негізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізіледі.

Холдингтің жауапты құрылымдық бөлімшесі Холдингтің ішкі құжаттарының жобаларына және оның басқару органдарының шешімдеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама жүргізеді.

Холдингтегі мүдделер дауларын анықтау, реттеу және болдырмау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін Холдингтің аффилирленген тұлғаларының және оның лауазымды тұлғаларының тізілімі тұрақты негізде жүргізіледі.

Кері байланыс арналары («жедел желі», электрондық және пошталық байланыс арналары) жолға қойылып, жұмыс істейді, оған жеке және заңды тұлғалар өтініш жасай алады және Холдингте сыбайлас жемқорлықтың болуы мүмкін немесе орын алған фактілері туралы хабарлай алады.

Кейіннен шаралар қабылдау, оның ішінде құқық қорғау органдарына материалдарды жіберу мақсатында Холдингте сыбайлас жемқорлықтың ықтимал фактілері бойынша қызметтік тергеулер/тексерулер жүргізу көзделген.

2019 жылы Холдинг тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қатысуға өтінімдер берген 115 контрагент мүдделер дауларын болдырмау затына тексерілді; мүдделер дауларын болдырмау және іскерлік беделді (сенімділік) белгілеу үшін демеушілік көмек алуға өтінімдер берген 56 контрагент тексерілді.

Холдинг Тобында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында Холдинг және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін хабардар етуге және хабардар болуын арттыруға тиісті көңіл бөлінеді. Холдингтің еңбек тәртібінің ережелеріне сәйкес жаңадан қабылданған қызметкерлер міндетті түрде Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысуы тиіс. 2019 жылы 21 қызметкер Холдингтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен танысты.

Сонымен қатар Холдингтегі бос лауазымдарға орналасуға үміткерлерді іріктеу ережесіне сәйкес, әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлер «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын білуге тестілеуден өтуге міндетті. 2019 жылы барлық үміткерлер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы білу бойынша тестілеуден өтті.

Есепті жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті өкілінің қатысуымен ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша заңнама нормаларын түсіндіру бойынша бизнес-таңғы ас өткізілді. Холдингтің барлық қызметкерлері үшін ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша жеке оқыту өткізілді. Холдингтің еншілес ұйымдарының комплаенс-қызметтерінің қызметкерлері үшін Құзыреттер орталығы және Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы агенттігінің өкілдерімен кездесу өткізілді.

2019 жылы Холдингте сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық фактілері анықталған жоқ.

2020 жылы Холдинг пен еншілес ұйымдар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және анықтау жөніндегі бақылауды күшейтуге, сондай-ақ Холдингте оларды қатаң қабылдамау атмосферасын қалыптастыруға бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

«Жедел желі»

Сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы іс-қимылдың негізгі құралдарының бірі «жедел желі» арқылы ақпараттандыру арнасы болып табылады. Association of Certified Fraud Examiners деректеріне сәйкес, сыбайлас жемқорлықты қоса алғанда, алаяқтық фактілерінің шамамен 50%-ы «жедел желі» арқылы анықталады. Холдингте сыбайлас жемқорлық мәселелері бойынша «жедел желі» Комплаенс-қызметте жұмыс істейді, оған тәулік бойы қоңырау шалуға болады. Сонымен қатар барлық қоңыраулар автоматты түрде жазылады және осы жазбалар Комплаенс-қызметтің электрондық мекенжайына түседі. Келіп түскен жазбалар тыңдалады және сыбайлас жемқорлық пен алаяқтық мәселелері бойынша өтініштер Word форматына көшіріледі және тіркелу үшін Холдингтің Құжаттамалық қамтамасыз ету қызметіне беріледі. Кейіннен «жедел желіге» келіп түскен өтініштер тікелей қаралады.

2019 жылы Холдингтің Комплаенс-қызметіне сатып алу, еңбек даулары, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан 17 өтініш келіп түсті. 2019 жылы алынған барлық өтініштер өңделді, өтініш берушілерге кері байланыс берілді.


Сыртқы аудитор

ҚР заңнамасына сәйкес «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау, оның қызметтеріне ақы төлеу мөлшерін анықтау Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

2019–2021 жылдар кезеңінде Холдингтің сыртқы аудиторы «КПМГ Аудит» ЖШС болып табылады. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да сыртқы аудитті ұйымдастыру саясаты аудиторды алмастыруды білдірмейді. Саясатқа сәйкес, сондай-ақ халықаралық практика негізінде сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша серіктесті алмастыру (аудит үшін негізгі жауапкершілікті атқаратын) принципін ұстануға тиіс.

Аудиторлық қызметтерді ұсыну бойынша шарттық талаптарына сәйкес 2019 жылға аудиторлық қызметтердің құны ҚҚС-мен 42 560 мың теңгені құрады.

Сыртқы аудитордан аудиторлық емес қызметтерді алған жағдайда Холдинг барлық қызметтерді сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер даулары (сыртқы аудитордың мүдделілігі қаржылық есептіліктің дұрыстығы туралы оның пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай) туындау (тәуекел) мүмкіндігіне қарайды. 2019 жыл ішінде «КПМГ Аудит» ЖШС аудиторлық ұйымы қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес кеңес беру қызметтерін көрсеткен жоқ.





05

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері 97

Холдингінің негізгі тәуекелдері 99

Холдингте тәуекелдерді басқару компоненттерден тұратын тұрақты, қарқынды және үздіксіз процесс болып табылады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің компоненттері

Тәуекел-менеджмент басқару процесінің маңызды құрамдас бөлігі және корпоративтік басқарудың дамыған жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Холдингінің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі элементі оның ұйымның ерекшелігімен, қызметтің негізгі қағидаттарымен, бизнес-процестермен интеграциялануы және әрбір қызметкердің тәуекелдерді басқару процесіне тартылуы болып табылады.

Холдингте Тәуекелдерді басқару саясаты жұмыс істейді, онда тұтастық, ашықтық, құрылымдылық, хабардар болу, үздіксіздік, циклдық сияқты тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидаттары бекітілген.

Тәуекелдерді басқару процесінің мақсаты мүмкіндіктерді барынша пайдалану мен шығындарды болдырмау арасындағы теңгерімге қол жеткізу болып табылады.

Холдингте тәуекелдерді басқару Холдингінің мынадай органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, бірнеше деңгейде жүзеге асырылады: Директорлар кеңесі, Басқарма, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше және өзге де құрылымдық бөлімшелер, сондай-ақ Ішкі аудит қызметі.

Директорлар кеңесі тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін қадағалауды жүзеге асыруда негізгі рөл атқарады. Директорлар кеңесінің негізгі функциялары Холдингінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарын қою, Холдингте тәуекелдерді

басқаруды регламенттейтін негізгі құжаттарды бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөніндегі есептерді қарау болып табылады. Холдингтің Директорлар кеңесінің жанынан Директорлар кеңесіне Холдингтің қаржы-шаруашылық қызметін, тәуекелдерді басқару жүйесінің сенімділігі мен тиімділігін, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын, сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін бақылау бөлігінде ұсыныстар беру жөніндегі консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Аудит жөніндегі комитет құрылды.

Басқарма тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және корпоративтік саясаттарды орындауды және қадағалауды қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бақылау құрылымын құруға жауапты. Басқарма жанынан тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Активтер мен пассивтерді басқару комитеті жұмыс істейді, оның негізгі функциялары активтер мен міндеттемелерді әртараптандыру, тәуекелдерді оңтайландыру және қаржылық

тұрақтылықты қамтамасыз ету қағидаттарына қол жеткізу мақсатында Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының активтері мен міндеттемелерін басқарудың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу болып табылады.

Холдингтің қойылған стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуіне және оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді барынша азайтуға бағытталған маңызды құрамдас бөлігі ішкі бақылаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесі болып табылады. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру Холдингтің тәуекелдерге тез ден қоюға, Холдингтің негізгі және қосалқы бизнес-процестеріне және күнделікті операцияларына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ жақсарту үшін кез келген елеулі кемшіліктер мен салалар туралы тиісті деңгейдегі ішкі бақылау жүйесіне қатысушыларды дереу хабардар етуді жүзеге асыруға қабілетті басқару жүйесін құруын көздейді. Ішкі бақылау жүйесінің сенімді және тиімді жұмыс істеуі Холдингтің барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ішкі бақылау шеңберінде тартуды және тұрақты өзара іс-қимылды талап етеді.

Холдингтің тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың корпоративтік жүйесі қызметтің барлық деңгейлері мен бағыттарын, бизнес-процестерді, есептілік/ақпарат түрлерін және операцияларды қамтиды. Бұл жүйе жалпыға белгілі қағидаттарды, ережелерді және үздік тәжірибелерді ескере отырып ұйымдастырылған және төмендегі модельдерге ұсынылған.



Бақылау рәсімдері Холдинг мақсаттарының, міндеттері мен жоспарларының орындалуына тиімді ішкі бақылауды қамтамасыз ету, стандартты емес операцияларды анықтау және жасау, сондай-ақ Холдингтің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан тәуекелдерді және ықтимал заңсыз іс-әрекеттердің алдын алу, шектеу және болдырмау жөніндегі іс-шаралар мен іс-қимылдардың құжатпен тіркелген жүйесі болып табылады. Бақылау рәсімдері Холдингтің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады және Холдингтің органдары, құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлері сақтауға жатады.

Холдингте тәуекелдерді басқару компоненттерден тұратын тұрақты, қарқынды және үздіксіз процесс болып табылады: сәйкестендіру, өлшеу, бақылау, мониторинг.

2019 жылы Директорлар кеңесі мен Холдингтің Басқармасы тоқсан сайынғы негізде Холдинг Тобының негізгі тәуекелдерін сипаттай отырып, тәуекелдер бойынша шоғырландырылған есептерді және оларды басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын қарады, тәуекелдердің негізгі индикаторларына, тәуекелдер тіркелімі мен карталарына мониторинг және өзектендіру, сондай-ақ сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жүзеге асырылды.

2019 жылы Холдинг қызметкерлері үшін тәуекел-бағдарланған мәдениетті дамыту мақсатында Холдингке тән тәуекелдер мен оның түрлерін тиімді сәйкестендіру, COSO стандарттарына сәйкес тәуекел-менеджменттің құрамдауыштарын айқындау және қағидаттарын түсіну мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша оқыту семинарлары өткізілді.

2020 жылға арналған жоспарлар

Одан әрі жетілдіру және дамыту мақсатында Холдинг өз алдына 2020 жылы және орта мерзімді перспективада мынадай міндеттер қояды:

- Холдингтің тәуекел-мәдениеті деңгейін арттыру және оның Холдингтің корпоративтік басқару жүйесіне бірігуі;
- Basel және COSO тұжырымдамаларын ескере отырып, тәуекелдерді басқару жүйесі және ішкі бақылау жүйесі саласындағы Холдинг Тобындағы тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау бойынша бар тәсілдерді біріктіру және біріздендіру;
- басқару есептілігі жүйесін мынадай бағыттарда енгізу шеңберінде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін автоматтандыру: тәуекелдерді уақтылы сәйкестендіру, тәуекелдерді тиімді бағалау және бақылау рәсімдері, тәуекелдің барлық түрлерін азайту және Холдингтің тәуекелдер бойынша есептерін шоғырландыру.

Холдингтің негізгі тәуекелдері

Холдинг негізгі тәуекелдерді бағалау және сәйкестендіру процесінде сыртқы консультантты тарта отырып әзірленген тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің моделі шеңберінде бірыңғай стандартты ұстанады. Модель тәуекелдің негізгі түрлерін (өтімділік тәуекелі, нарықтық тәуекел, несиелік тәуекел, операциялық тәуекел, бизнес-тәуекел және жылжымайтын мүлік тәуекелі) бағалауды, сондай-ақ оларды агрегациялауды және қалыпты және стрестік жағдайларда есептелген тәуекелдердің біріктірілген мөлшерін жабу үшін қолжетімді қаржы ресурстарының жеткіліктілігін бағалауды қамтиды. Тәуекелдерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің әдіснамасы Холдинг қызметінің миссиясы мен стратегиялық негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізуге тән стратегиялық тәуекелдерді сәйкестендіруді көздейді және қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге, оларға қол жеткізу кезінде тәуекелдерді азайтуға бағытталған.

Несиелік тәуекел

Холдинг қаржы құралы бойынша контрагенттің өз міндеттемелерін орындамау тәуекелі болып табылатын несиелік тәуекелге ұшырайды.

Несиелік тәуекелді басқару жүйесінің мақсаты оның алдын алу, қарыз алушының өз қаржылық міндеттемелерін орындамауы салдарынан қаржылық шығындардың туындау мүмкіндігін төмендету болып табылады.

Несиелік тәуекелді басқару процесі келесі жүйелі кезеңдерді орындауды қамтиды:

- сәйкестендіру – Холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер етуге қабілетті несиелік тәуекел факторларын анықтау және құжаттау;

Есепті жылы Холдингте тәуекелдерді басқару бойынша мынадай жұмыс жүргізілді:

Холдингтегі барлық бизнес-үдерістерге кешенді талдау жүзеге асырылды, ол тәуекелдерді анықтау процесінің алдында жүргізіледі. Холдингтегі бизнес-процестерді айқындау екі негізгі тәсілге негізделді: бизнес-процесті сипаттау және регламенттеу. Осы тәсілдерді кезең-кезеңімен пайдалану қандай да бір бизнес-процестің мәнін кешенді анықтауға, сондай-ақ кейіннен оның үздіксіз мониторингін қамтамасыз етуге бағытталған.

Холдингтің негізгі бизнес-процестерін талдаудан тұратын және олардың тәуекелдерге ұшырауын бағалауға және осы тәуекелдерді басқару бойынша бақылау рәсімдерін қалыптастыруға бағытталған ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесінің құралы болып табылатын бизнес-процестердің тәуекелдер мен бақылаулардың 2020 жылға арналған матрицасы бекітілді.

Холдинг пен оның басшылары бизнесті дамыту стратегиясы шеңберінде қабылдауға дайын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді негізде нәтижелерде өзгерістер мүмкіндігін білдіретін түрлі компоненттер мен метриктер бойынша тәуекел-тәбеті бекітілді.

Бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында Холдинг Тобы бойынша 9 ХҚЕС (IFRS) сәйкес кезеңдер бойынша ұқсас қаржы құралдарын бөлуді талдау бойынша жұмыс жүргізілді.

- сапалы бағалау — несиелік тәуекелді сапалы талдау, олардың Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау — несиелік тәуекелді іске асыру салдарының пайда болу ықтималдығын және Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін сандық талдау;
- әрекет ету — несиелік тәуекелді іске асырудың теріс салдарларын әлсірету бойынша рәсімдер мен әдістерді анықтау;
- ұшырағыштықты мониторингілеу және бақылау — несиелік тәуекелдің мониторингі, оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау, Холдингтің несиелік тәуекеліне ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау.

Холдинг және оның еншілес ұйымдары несиелік тәуекелге ерекше назар аударады, несиелік тәуекелдің деңгейін айқындау бір қарыз алушыға және/немесе байланысты қарыз алушылар тобына ең жоғары лимиттерді белгілеу жолымен тұрақты негізде жүзеге асырылады. Лимиттерді белгілеу кезінде Холдинг халықаралық рейтингтік агенттіктер берген контрагенттердің ең төменгі несиелік рейтингтерін пайдаланады, сондай-ақ қаржылық есептілік және меншікті сараптама бойынша қолжетімді деректер негізінде қаржылық жай-күйіне бағалау жүргізеді. Шоғырландырылған негізде осы тәуекел түрінің мониторингі мен бақылауын Холдингтің уәкілетті органы жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімдері сәйкес келмеген кезде туындайды, бұл өз кезегінде өзінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша уақтылы жауап беру үшін қолайлы баға бойынша Холдингтің жеткілікті өтімді қаражатымен қамтамасыз етілуіне әсер етеді.

Холдинг өтімділікті басқаруды оларды өтеу мерзімінің басталуына қарай барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақша қаражатының тұрақты болуын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

Өтімділікті басқару жөніндегі Холдингтің рәсімдері мыналардан тұрады:

- ақша ағындарын болжау және өтімді активтердің қажетті деңгейін есептеу;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымын қолдау;
- қарыз құралдарының шоғырлануы мен құрылымын басқару;
- қарыздық қаржыландыру бойынша жоспарлар әзірлеу;

- қассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғау шарасы ретінде еркін іске асыруға болатын өтімділігі жоғары активтер портфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікті және қаржыландырудың берілген деңгейін қолдау бойынша резервтік жоспарларды әзірлеу;
- Холдинг Тобы өтімділігінің баланстық көрсеткіштерінің белгіленген нормативтер мен лимиттерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Нарықтық тәуекел

Холдинг нарықтағы жалпы және ерекше өзгерістер тәуекеліне ұшыраған валюталық, пайыздық және өзге де қаржы құралдары бойынша ашық позициялармен байланысты нарықтық тәуекелге ұшырайды.

Нарықтық тәуекелдерге ұшырауды басқару жүйелерінің мақсаты Холдингтің өзіне қабылдайтын жиынтық тәуекелді өзінің стратегиялық міндеттеріне сәйкес деңгейде ұстау болып табылады. Күтпеген қаржылық шығындарға әкелуі мүмкін нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту негізінде Холдингтің активтері мен капиталының барынша сақталуын қамтамасыз ету басым болып табылады.

Нарықтық тәуекелдерді басқару процесі келесі дәйекті кезеңдерді орындауды қамтиды:

- басқаруды жоспарлау — нарықтық тәуекелдерге ұшырауды тиімді басқаруды жүзеге асыру үшін релевантты тәсілдерді анықтау;
- сәйкестендіру — Холдингтің қаржылық нәтижесіне теріс әсер ете алатын нарықтық тәуекелдерге бейімділік түрлерін анықтау және құжаттау;
- сапалы бағалау — нарықтық тәуекелдерді сапалы талдау, олардың Холдингтің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау мақсатында пайда болу себептерін анықтау;
- сандық бағалау — нарықтық тәуекелдерді іске асыру салдарларының пайда болу ықтималдығы мен әсерін сандық талдау;
- әрекеттерді жоспарлау — нарықтық тәуекелдерді іске асырудың теріс салдарларын әлсірету бойынша рәсімдер мен әдістерді анықтау;
- ұшырағыштықты мониторингілеу және бақылау — нарықтық тәуекелдердің мониторингі және оларды уақтылы басқару бойынша рәсімдерді орындау; нарықтық тәуекелдерге ұшырағыштықты барынша азайту бойынша қабылданған іс-әрекеттердің тиімділігін бағалау.

Операциялық тәуекел

Холдинг адекватты емес немесе қате ішкі процестердің, жүйелердің жұмыс істеуінің, қызметкерлердің іс-қимылдарының нәтижесінде шығындарға, сондай-ақ сыртқы оқиғаларды іске асыру себебі бойынша туындайтын шығындарға әкелетін операциялық тәуекелге ұшырайды.

Операциялық тәуекелді басқарудың мақсаты операциялық шығындарды азайту, шығыстарды ұтымды ету, сондай-ақ уақытты азайту және бақылаудан тыс болған оқиғаларға ден қоюдың барабарлығын арттыру жолымен Холдингтің операциялық тиімділігін оңтайландыру болып табылады.

Холдинг операциялық тәуекелді мынадай құралдар арқылы басқарады:

- әрбір оқиға бойынша операциялық тәуекелдерді басқару бойынша ұсынымдар әзірлейтін жауапты құрылымдық бөлімшені тарта отырып, операциялық тәуекелдер оқиғаларының журналын толтыру арқылы операциялық тәуекелдер санатына жататын оқиғаларды жіктеу;
- операциялық тәуекелдерді іске асыруға байланысты нақты шығындарды салғастыра отырып, операциялық тәуекелге капитал резервін есептеу;
- операциялық тәуекелдер бойынша есептілік мониторингі;
- басқарумен үздіксіз қызметті тиісті деңгейде қамтамасыз ету.

Операциялық тәуекел деңгейі мониторингінің нәтижелері тиісті алқалы органдарға жеткізіледі.



2538

АДАМ

Холдинг тобы персоналының орташа тізімдік саны

112

АДАМ

Холдинг тобының кадрлық резервіне алынды

80%

Холдинг Тобының қызметкерлерін тарту деңгейі

63,4%

Холдинг Тобы бойынша сатып алу көлеміндегі жергілікті қамту үлесі

06

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

Тұрақты дамудың қағидаттары мен бастамаларын қызметке енгізу Холдинг және оның ЕҰ «Қазақстан-2050» Стратегиясында белгіленген мақсаттарға қол жеткізу үшін басты басымдық болып табылады. Холдинг өз қызметі шеңберінде Холдингтің корпоративтік басқару кодексінде көзделген орнықты даму қағидаттарын, сондай-ақ осы саладағы халықаралық бастамаларды: жаһандық шарт қағидаттарын және БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттарын, экваторлық

қағидаттарды ұстануға ұмтылады. Холдинг практикаларға сәйкес келетін тұрақты даму саласындағы бастамаларды анықтады халықаралық даму институттары және ұлттық басымдықтар.

Холдингте және оның ЕҰ-да орнықты даму саясаты бекітілді. Жыл сайынғы негізде холдингте орнықты даму саласындағы іс-шаралар әзірленетін болады, олар Холдинг басшылығының уәждеу жүйесіне енгізілетін болады

Тұрақты дамуды басқару жүйесі 103

Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы 104

2019 жылы іске асырылған Холдингтің тұрақты дамуы саласындағы негізгі іс-шаралар 105

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл 108

Ақпараттық саясат 112

Персоналды басқару 114

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі 118

Экономикалық нәтижелілік 119

Сатып алу қызметі 120

Қоршаған ортаны қорғау 121

Демеушілік және қайырымдылық көмек 122

Тұрақты дамуды басқару жүйесі

«Бәйтерек» Холдингі Қазақстан Республикасы Үкіметінің негізгі қаржы даму институты ретінде өзінің қоршаған ортаға әсерінің маңыздылығын (кең мағынада) сезінеді және мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтауға ұмтылады.

Холдингтің тұрақты даму саясаты Холдинг мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынаста, ұлттық экономикаға, әлеуметтік сала мен экологияға әсер етуді бағалау мен басқаруда басшылыққа алатын бірқатар қағидаттар мен міндеттемелерді қамтиды.

Холдинг өз қызметі шеңберінде экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттардың келісімділігін қамтамасыз етеді, оның ішінде: неғұрлым жетілдірілген технологияларды құруға және дамытуға инвестициялардың өсуі; өңдеуші өнеркәсіптің өсуі; шикізаттық емес салалар экспортының өсуін ұлғайту; еңбек өнімділігін арттыру; жаңа жұмыс орындарын құру; шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалану; жұмысқа қабылдау кезінде ашық конкурстық рәсімдер мен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету; еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қызметкерлердің денсаулығын сақтау және т. б.

Холдинг өз қызметінде Холдингтің Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген тұрақты дамудың мынадай қағидаттарын басшылыққа алады: ашықтық, есептілік, ашықтық, этикалық мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер дауларына жол бермеу. Холдинг өз қызметінде сондай-ақ БҰҰ-ның Адам құқықтары, еңбек қатынастары, қоршаған ортаны қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы жаһандық шартының қағидаттарын ұстанады. Мақсаттар, міндеттер, қағидаттар тұрақты даму саясатында егжей-тегжейлі бекітілген.

Тұрақты дамуды басқару — Холдинг қызметінің стратегиялық бағыты. Холдинг пен оның ЕҰ қызметіне тұрақты даму қағидаттары мен бастамаларын енгізу «Қазақстан-2050» Стратегиясында бекітілген мақсаттарға қол жеткізу үшін ең басты басымдық болып табылады. Осыған байланысты Холдинг ұқсас халықаралық даму институттарының қызметін және мемлекеттік басымдықтарды талдау шеңберінде анықталған тұрақты даму саласындағы басымдықтарды анықтады.

Тұрақты дамуды басқарудың ұйымдық құрылымы


Холдингте тұрақты дамуды басқару корпоративтік басқарудың жалпы жүйесі аясында жүзеге асырылады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

Холдингтің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті тұрақты даму мәселелерін қарауды алдын ала құзырет шеңберіне жіберді. Жыл сайынғы негізде Комитетке өткен жылғы Холдингтің орнықты дамуы туралы есеп қарауға ұсынылады.

Холдинг Басқармасы тұрақты дамуды басқарудың тиісті жүйесін қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ тұрақты даму саласындағы тиісті іс-шаралар жоспарын бекітеді.

Холдингтің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің шешімімен Холдингтің топ-менеджментін уәждеу жүйесіне «Холдингтің тұрақты дамуын қамтамасыз ету» ҚНҚ енгізілді. 2019 жылдың қорытындысы бойынша Басқарма мүшелерінің ҚНҚ толық көлемде орындалды.

Тұрақты даму саласындағы Холдинг қызметінің басым бағыттары



Өз құзырет аясында Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды іске асыру және ҚНҚ-ға қол жеткізу үшін Холдингтің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары дербес жауапты болады.

Холдингтің тұрақты даму мәселелерін үйлестіретін негізгі Департамент Стратегия және корпоративтік даму департаменті болып табылады, ол мынадай жұмыстарды орындайды:

- тұрақты даму саласындағы қызметті жоспарлауды жүзеге асырады;
- Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің тұрақты даму саласындағы қызметін үйлестіреді;
- тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын және ҚНҚ орындау бойынша есеп дайындауды жүзеге асырады;
- тұрақты даму туралы бөлімді қоса отырып, Холдингтің жылдық есебін дайындауды жүзеге асырады;
- тұрақты даму мәселелері бойынша Холдинг ЕҰ және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының лауазымды тұлғалары қызметті жүргізу және өз міндеттерін орындау кезінде Тұрақты даму қағидаттарын ұстанады және барлық қызметкерлердің тартылуына ықпал етеді. Холдингте тұрақты дамуды енгізуге байланысты тақырыптар бойынша құзыреттерді арттыруға ерекше назар аударылады. Осылай, 2019 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері үшін Тұрақты даму тақырыптары бойынша дөңгелек үстелдер өткізілді.

2019 жылы іске асырылған Холдингтің тұрақты дамуы саласындағы негізгі іс-шаралар

2019 жылы Холдингке алғаш рет тұрақты даму рейтингі (ESG рейтингі) берілді. Бұл рейтинг тұрақты дамудың үш негізгі сегменті: экология, қоғам, корпоративтік басқару (ESG қағидаттары) бойынша ұйымның қызметін бағалауды білдіреді.

ESG рейтингі 2019 жылы Холдингке «D+» деңгейінде берілді, бұл ұқсас даму институттары арасында орташа мәнге сәйкес келеді (Азия даму банкінде ең жоғары баға — «B»).

Бағалау нәтижелері бойынша халықаралық рейтингтік агенттіктің сарапшылары Холдингтің әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару және іскерлік этика (ESG) қағидаттарына бейілділігін растады. Даму үшін сала ретінде сарапшылар экологиялық тәуекелдерді басқаруды қоса алғанда, жобалық қызмет аясында экологиялық принциптерді есепке алу қажеттілігін атап өтті. Тұтастай алғанда, ESG рейтингін алу Холдингтің стратегиясына және бизнес-процестеріне ESG қағидаттарын интеграциялаудағы Холдингтің жетістіктерін, сондай-ақ мүдделі тараптар үшін оның қызметі туралы ақпаратты ашу сапасын арттыруды куәландырады.

Есепті жылы тұрақты даму саласындағы жетекші даму институттарының қызметін салыстырмалы талдау, сондай-ақ қаржы секторының ұйымдары үшін осы саладағы негізгі жаһандық үрдістерді талдау бойынша жұмыс жүргізілді. Талдау нәтижелері бойынша Холдингтің тұрақты даму саласындағы бастамалары әзірленді, олар Холдингтің 2014–2023 жылдарға арналған жаңартылған стратегиясының жобасына енгізілген. Жаңартылған стратегия жобасына сондай-ақ тұрақты даму саласындағы Холдингтің ҚНҚ — ESG рейтингі енгізілді. 2023 жылға қарай нысаналы мәні: базалық мәнге бағалауды 2 тармаққа арттыру.

Табысты тұрақты даму және ортақ проблемаларды шешу үшін ел ішінде де, одан тыс жерлерде де серіктестік өзара іс-қимыл жасау өте маңызды. 2018 жылы Холдинг БҰҰ-ның жауапты инвестициялау қағидаттары және Экватор қағидаттары сияқты бастамаларға негізделген «Investing for Impact: Operating Principles for Impact Management» қаржыландырылатын жобалардың әлеуметтік және экологиялық әсерін басқару жөніндегі Халықаралық қаржы корпорациясының (бұдан әрі — ХҚК) қағидаттарын (бұдан әрі — импакт-инвестициялау қағидаттары) әзірлеуге қатысты. Импакт-инвестициялау қағидаттары қаржыландырылатын жобаның экология мен қоғамға әсерін кешенді бағалауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ жобаны іске асырудан болатын әлеуетті теріс салдарларды басқаруға бағытталған. 2019 жылғы сәуірде Холдинг Дүниежүзілік банк Тобы мен Вашингтондағы Халықаралық валюта қорының көктемгі кездесулері кезінде осы қағидаттарды ресми іске қосуға қатысты. Бастаманың талаптарына сәйкес келу және одан әрі қосылу мақсатында Холдингтің 2020 жылға

арналған ХҚК-нің экологиялық және әлеуметтік талаптарын әзірлеу, оларды Холдинг пен оның ЕҰ жобаларын іріктеу рәсімдеріне бейімдеу жөніндегі жұмысты жоспарлады.

Есепті жылға қарай Холдинг ESG факторларын Холдингтің инвестициялық саясатында қалыптасқан инвестициялық процеске енгізу бойынша жұмыс жүргізді. Сондай-ақ саясат шеңберінде әлеуетті жобаларды басымдау құралы — елдің дамуына үлес қосуға және ықпал етуге қабілетті неғұрлым маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды бөліп көрсетуге мүмкіндік беретін Даму индексі енгізілді.

2019 жылы АХҚО-мен және Қазақстан Республикасының экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен «жасыл» жобалар мен басым «жасыл» салалардың өлшемдерін анықтау бойынша бірлескен жұмыс басталды. Холдинг алдағы уақытта «жасыл» облигацияларды әлеуетті шығару үшін әзірленген критерийлерді пайдалануды жоспарлап отыр.

Тұрақты даму қағидаттарын енгізу бойынша жүйелі жұмыс жүргізу мақсатында Холдинг Тобында 11 еншілес ұйым деңгейінде тұрақты даму саясаты бекітілді. Саясатты іске асыруға мониторинг пен бақылауды жүзеге асыру үшін еншілес ұйымдар тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарларын әзірлейді және бекітеді.

Холдинг ашылатын ақпараттың ашықтық деңгейін арттыру бойынша белсенді жұмыс жүргізуде, оны сыртқы сарапшылар растайды. Солай, «QRA» ірі рейтингтік агенттігі өткізетін IX жылдық есептер байқауының нәтижелері бойынша «Бәйтерек» Холдингінің 2018 жылғы жылдық есебі «Қаржы секторындағы үздік жылдық есеп» номинациясында екінші орынға ие болды. Қазақстандық жылдық есептердің жалпы рейтингінде 2017 жылдан бастап Холдингтің жылдық есебі 73 позицияға көтерілді — 2017 жылы 82-орыннан 2019 жылы 9-орынға дейін. Сарапшылар, атап айтқанда, стейкхолдерлердің кең ауқымы үшін ақпаратты ашу сапасының артқанын атап өтті.

2020 жылға арналған жоспарлар

ESG рейтингін арттыру мақсатында Холдинг 2020 жылға арналған тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірледі, ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- «жасыл» облигацияларды әлеуетті шығару үшін «жасыл» жобалардың критерийлерін анықтау;
- халықаралық инвесторлардың талаптарына сәйкес келу мақсатында қаржылық қолдау көрсету процесі аясында экологиялық және әлеуметтік талаптарды, сондай-ақ осы талаптарды қолдану рәсімдерін әзірлеу;
- «жасыл» жобалар критерийлері бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен/АХҚО-мен Құзыреттер орталығын өткізу;
- Холдингтің Басқарма мүшелері мен қызметкерлер үшін ESG стандарттарын тұрақты дамыту/енгізу тақырыбы бойынша оқыту және т. б.

Холдингтің БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі үлесі

Холдинг басшылығы 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған кедейлікті жоюға, ғаламшар ресурстарын сақтауға және жалпыға ортақ игілікті қамтамасыз етуге бағытталған Тұрақты дамудың 17 мақсаттарын (бұдан әрі – ТБМ) қолдайды.

Холдингтің ТБМ-ға қол жеткізуіне жәрдемдесу қызметті жүргізуге жауапты тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Мәселен, жобалық портфельді қалыптастыру кезінде Холдинг ТБМ-ға сәйкес келетін және Қазақстан Республикасының тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер ететін жобаларға, оның ішінде төмендегілерге себеп болатын жобаларға артықшылық береді:

- барлығын қамтитын және тұрақты индустрияландыру;
- қалалар мен елді мекендердің ашықтығы, қауіпсіздігі, өміршеңдігі және экологиялық тұрақтылығы;
- Қазақстан Республикасының және жекелеген облыстардың/қалалардың экономикасын әртараптандыру.

Есепті жылы Холдинг Қазақстанда ТБМ-ны ілгерілету бойынша БҰҰ ұйымдастырған дөңгелек үстелдер мен семинарларға қатысты.



БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудегі Холдингтің міндеттері

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары	Холдингтің қызметі
ТДМ 3. Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және әл-ауқатқа жәрдемдесу	халықтың денсаулығын қолдауға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған жобаларды қолдау; қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау.
ТДМ 4. Бүкіл қамту және сапалы білім беруді қамтамасыз ету, өмір бойы оқу мүмкіндігін көтермелеу	оқыту бағдарламаларын ұйымдастыруды қамтитын кәсіпкерлерді қаржылық емес қолдау; ішкі оқыту бағдарламаларын іске асыру; қайырымдылық білім беру жобаларын қолдау.
ТДМ 5. Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және барлық әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту	тең жұмыс жағдайлары мен мансаптық мүмкіндіктер жасау; қызметті және сыйақыны бағалаудың тең жүйесін қамтамасыз ету.
ТДМ 8. Үдемелі, барлығын қамтитын және тұрақты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу	Холдингтің қаржы құралдарын ұсыну жолымен ірі бизнесті қолдау және ШОБ дамыту; қызметтердің клиентке бағдарлануын арттыруға бағытталған бастамаларды іске асыру.
ТДМ 9. Тұрақты инфрақұрылым құру, индустрияландыру мен инновацияларға жәрдемдесу	өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобаларды қолдау; қазақстандық шикізаттық емес тауарлар өндірушілерді және қызметтерді жеткізушілерді сыртқы нарықтарда жылжыту және олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейту; тұрғын үй құрылысын қолдау; технологиялық кәсіпкерлікті және private equity инфрақұрылымын дамыту.
ТДМ 10. Елдер ішіндегі және олардың арасындағы теңсіздікті қысқарту	жастар, бастаушы кәсіпкерлер үшін өнімдер әзірлеу; халықтың әлеуметтік әлжуаз топтарына арналған өнімдерді әзірлеу; қайырымдылық жобаларды іске асыру арқылы қатысу аймақтарындағы мүмкіндіктері шектеулі адамдарға қолдау көрсету.
ТДМ 11. Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршеңдігін және экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету	ірі инфрақұрылымдық және индустриялық жобаларды қолдау; ШОБ-ты кешенді қолдау.
ТДМ 12. Тұтыну мен өндірістің ұтымды үлгілеріне көшуді қамтамасыз ету	«жасыл» жобаларды қолдау; Холдинг кеңсесінде ресурс үнемдеуші технологияларды қолдану; ресурстарды жауапты тұтыну.
ТДМ 16. Тұрақты даму мүддесінде бейбітшілік сүйгіш және ашық қоғам құруға жәрдемдесу, барлығы үшін әділ сот төрелігіне қол жеткізуді қамтамасыз ету және барлық деңгейлерде тиімді, есеп беретін және кең ауқымды қатысуға негізделген мекемелерді құру	елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру; Холдингтің мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеуге/өзектілендіруге қатысу.
ТДМ 17. Тұрақты даму мүддесінде жаһандық серіктестік аясында жұмысты жүзеге асыру және жандандыру құралдарын нығайту	тұрақты даму мәселелері бойынша халықаралық институттармен және қаржы ұйымдарымен серіктестік; Қазақстанда ТБМ-ны ілгерілету бойынша конференцияларға, форумдарға, дөңгелек үстелдерге қатысу.

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Холдинг барлық мүдделі тараптармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға үлкен мән береді.

Мүдделі тараптарды айқындау кезінде Холдинг және оның еншілес ұйымдары осы саладағы халықаралық стандарттарды пайдаланады. Холдингте бекітілген Стейкхолдерлер картасы негізгі мүдделі тараптардың тізбесін және олардың әсер ету дәрежесін айқындайды. Карта стейкхолдерлердің әрқайсысымен барабар жұмыс стратегиясын құру үшін Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының ортасы туралы ақпаратты жүйелендіруге және визуализациялауға мүмкіндік береді.

Стейкхолдерлердің тартылуына мынадай үш қағидатты сақтаған кезде қол жеткізіледі:

1. Маңыздылық. Холдинг өзінің мүдделі тараптарын нақты айқындайды және мүдделі тараптардың қандай мүдделері елеулі болып табылатынын түсінеді.
2. Толықтығы. Холдинг өз қызметі барысында мүдделі тараптардың қауіптілігіне назар аударады, атап айтқанда олардың көзқарастарын, қажеттіліктерін және қызметтің күтілетін нәтижелерін, сондай-ақ маңызды мәселелер бойынша пікірлерді түсінеді.
3. Әрекет ету. Холдинг мүдделі тараптардың барлық маңызды мәселелеріне дәйекті жауап береді.

Стейкхолдерлерді анықтау және олармен жұмыс істеу бизнестің іскерлік беделін арттыруға, компанияны капиталдандыруға, барлық мүдделі тұлғалармен тиімді және теңгерімді қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін құралдардың бірі болып табылады.

Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде Холдинг мүдделі тараптарды екі фактор бойынша саралауды жүргізеді: стейкхолдерді қолдау/қарсы іс-қимыл дәрежесі, оның Холдингке әсер ету күшін бағалау. Мүдделі тараптардың маңыздылығын алынған бағалау негізінде Холдингтің құрылымдық бөлімшелері қызметінің ерекшелігіне байланысты мүдделі тараптармен өзара әрекет ету бағыттарын айқындайды.

Мүдделі тараптармен өзара әрекет етудің негізгі нысандары: бірлескен бағдарламалар мен жобалар, серіктестік туралы меморандумдар, бірлескен жұмыс топтары, қызмет туралы есептілік, кездесулер, кеңестер, жарияланымдар, сұхбат және т. б. болып табылады.

Холдингтің мүдделі тараптармен өзара іс-қимылын ұйымдастыру процесі Холдинг қызметін басқару процесінің барлық сатыларында мүдделі тараптардың мүдделерін ескеруді және маңызды тақырыптар мен маңызды мәселелерді, әлеуетті тәуекелдер мен жауапкершілік шекараларын талқылауға мүдделі тараптарды тартуды көздейтін тарту қағидатына негізделген.

Мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарды басқаруды ұйымдастыру мақсатында Холдинг өз қызметін мынадай негізгі қағидаттарға шоғырландырады:

- барлық мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтейді және ескереді;
- мақсатты аудиторияларды өз қызметі туралы белсенді ақпараттандыруға ұмтылады;
- мемлекеттік бағдарламаларды, жекелеген ішкі рәсімдерді (сатып алу, жұмысқа қабылдау бойынша сыртқы кандидаттар арасында конкурстық іріктеу, қаржылық және қаржылық қаражатын пайдалану бөлігінде ақпараттық ашықтықтың объективтілігін, анықтығын, тәуелсіздігін және жоғары деңгейін қамтамасыз етеді;
- барлық мүдделі тараптармен ашық және өнімді серіктестікті қамтамасыз етеді;
- мүдделі тараптар алдында өзіне алған міндеттемелерді орындайды;
- тұрақты негізде мүдделі тараптардан кері байланыс алады.

Мүдделі тараптардың негізгі топтары және олармен өзара әрекет ету әдістері

Топтар	Өзара әрекет ету механизмдері	Мүдделері	Біз қалай жауап береміз
Жалғыз акционер	<ul style="list-style-type: none"> • Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің отырыстарын өткізу. • Жалғыз акционердің тапсырмаларын орындау. • Холдингтің мүдделерін қозғайтын нормативтік-құқықтық құжаттарды әзірлеуге және өзектілендіруге қатысу. • Келіп түскен сұраныстарға жауап дайындау. • Қаржылық есептілікті және жылдық есепті Холдингтің сайтында жариялау, сондай-ақ заңнамаға, листингілік талаптарға және үздік практикаларға сәйкес өзге ақпаратты ашу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Холдингтің Жалғыз акционерінің мүдделерін сақтау, • Мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> • Корпоративтік басқару қағидаттары аясында Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету. • Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы шынайы ақпарат беру. • Холдингтің Даму стратегиясын іске асыру • Мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және нәтижелер мониторингі.
Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> • Өтініштерді қабылдау үшін «жедел желінің» жұмыс істеуі. • Ішкі коммуникациялар арналарының жұмыс істеуі. • Қызметкерлердің тартылу деңгейін бағалауды жүргізу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Еңбек шарттарының ережелерін орындау; • Оқыту бағдарламаларын ұйымдастыру және өткізу; • Жұмыс берушімен сапалы еңбек қатынастары. 	<ul style="list-style-type: none"> • Ашық, нақтылық, білікті және уәжді персоналды, кадр саясатын қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жүргізу. • Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі процесінде олардың әлеуетін іске асыру үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету, олардың нәтижелерін әділ және әділ бағалау, қызметкерлерді тек қана кәсіби қабілеттер, білім және дағдылар негізінде іріктеу және мансаптық өсу. • Омбудсмен Институтын Енгізу.
Еншілес ұйымдар	<ul style="list-style-type: none"> • ЕҰ Холдингтің басқару органдарына қатысу. • Стратегия бойынша есептерді, стратегияны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспарларын, даму жоспарларын, жылдық есептерді және ЕҰ ДК отырыстарының аясында өзге де материалдарды қарау. • ЕҰ-мен дөңгелек үстелдер/құзыреттілік орталықтарын өткізу. 	<ul style="list-style-type: none"> • Акционерлердің / қатысушылардың мүдделерін сақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> • Холдингтің еншілес ұйымның акционері/қатысушысы ретінде өз құқықтарын іске асыруы.

Топтар	Өзара әрекет ету механизмдері	Мүдделері	Біз қалай жауап береміз
Мемлекеттік органдар	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің мүдделерін қозғайтын бағдарламалық құжаттарды, нормативтік-құқықтық құжаттардың жобаларын қарау. 	<ul style="list-style-type: none"> Заңнаманы сақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу. Холдинг қызметінің негізгі бағыттарын келісу. Заңнаманы қатаң сақтау.
Клиенттер, тұтынушылар	<ul style="list-style-type: none"> «Сұрақ-жауап» механизмі арқылы кері байланыс алу, Холдинг Басқармасы Төрағасының жеке блогы. Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалауды жүргізу. БАҚ-та, Холдингтің сайтында жариялау. 	<ul style="list-style-type: none"> Коммерциялық келісімдерді сақтау; Әлеуметтік мүдделер. 	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің және еншілес ұйымдардың қаржылық/қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылардың үміттеріне сәйкестігін қамтамасыз ету. Шарттар жасасу, орындалуын бақылау. Әлеуметтік бағдарланған қызметтерді әзірлеу
Жеткізушілер	<ul style="list-style-type: none"> Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу үшін шарттар жасасу және сатып алуды жүргізу. «Сұрақ-жауап» механизмі арқылы кері байланыс алу, Холдинг Басқармасы Төрағасының жеке блогы. Өтініштерді қабылдау үшін «жедел желінің» жұмыс істеуі. Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалауды жүргізу. 	<ul style="list-style-type: none"> Мөлдір сатып алу жүйесі; Коммерциялық келісімдерді сақтау. 	<ul style="list-style-type: none"> Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Ашық және тиімді сатып алу жүйесін қамтамасыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық іс-шаралар
Инвесторлар	<ul style="list-style-type: none"> Шетелдік ұйымдардың өкілдерімен кездесулер өткізу. Форумдарға, конференцияларға, көрмелерге, оның ішінде Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің және Премьер-Министрі орынбасарларының сапарлары аясында қатысу. Холдингтің сайтында қаржылық есептілікті және жылдық есепті жариялау. 	<ul style="list-style-type: none"> Мықты қаржылық жағдай; Тұрақты даму. 	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің және оның еншілес ұйымдарының қызметіне ESG-қағидаттарын енгізу. Тиімді қаржылық менеджмент. Несиелік рейтингтерді, ESG рейтингін алу.

Топтар	Өзара әрекет ету механизмдері	Мүдделері	Біз қалай жауап береміз
Серіктестер	<ul style="list-style-type: none"> Серіктестермен келіссөздер және кездесулер өткізу. Серіктестік туралы шарттар мен меморандумдар жасасу. Жылдық қаржылық есепті Холдингтің сайтында жариялау. Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалауды жүргізу. 	<ul style="list-style-type: none"> Коммерциялық мүдделер 	<ul style="list-style-type: none"> Өзара тиімді серіктестік, бизнес және технологиялық процестерді жетілдіру және оларды автоматтандыру. Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.
Қаржы институттары	<ul style="list-style-type: none"> Қаржы институттары, рейтингтік агенттіктер өкілдерімен келіссөздер және кездесулер өткізу. Қызмет көрсетуге шарттар жасау. Қаржылық есептілікті, жылдық есепті Холдингтің сайтында жариялау. 	<ul style="list-style-type: none"> Депозиттік шоттарға бос ақша қаражатын орналастыру, арнайы шоттарға қызмет көрсету. 	<ul style="list-style-type: none"> Шарттар жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау. Қаржылық көрсеткіштерді жақсарту.
Бұқаралық ақпарат құралдары	<ul style="list-style-type: none"> Ай сайынғы негізде жылдық медиа-жоспарларды, оқиғалы медиа-жоспарларды әзірлеу. Ақпарат алушылармен пресс-конференциялар мен кездесулер өткізу. Холдингтің қызметі туралы ақпаратты БАҚ-та, интернет желісінде, Холдингтің веб-сайтында мына мекенжай бойынша: www.baiterek.gov.kz және Холдингтің әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттарында орналастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Холдингтің қызметі туралы жариялау және ақпараттандыру 	<ul style="list-style-type: none"> Ақпараттық қызметті төмендегілер арқылы ұйымдастыру: PR-бағдарламаларды іске асыру; Холдингтің мықты жақтары мен мүмкіндіктерінің мақсатты аудиториясына жеткізу; оң қоғамдық пікір құру; ақпаратты шынайы, тұрақты, үздіксіз және уақтылы ашу арқылы Холдинг қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету; Холдинг брендінің танылуын қолдау қызметтері; Холдинг қызметінің негізгі бағыттары бойынша қызмет нәтижелерін жұртшылыққа ұсыну.

Топтар	Өзара әрекет ету механизмдері	Мүдделері	Біз қалай жауап береміз
Халық	<ul style="list-style-type: none"> «Сұрақ-жауап» механизмі арқылы кері байланыс алу, Холдинг Басқармасы Төрағасының жеке блогы. Өтініштерді қабылдау үшін «жедел желінің» жұмыс істеуі. Холдинг қызметі туралы ақпаратты медиада орналастыру. Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалауды жүргізу. 	<ul style="list-style-type: none"> Холдинг қызметінің ашықтығы; Қоғам мүдделерін сақтау; ЕҰ-ның мемлекеттік бағдарламалары мен жеке бағдарламаларын іске асыру аясында әлеуметтік бағдарланған қолдау құралдарын ұсыну. 	<ul style="list-style-type: none"> Бедел аудиті, қоғамдық пікір сауалнамасы, PR-стратегияны жүзеге асыру. Өз қызметі туралы қаржылық және қаржылық емес есептілікті жариялау. Әлеуметтік жауапкершілік, қызметтің ашықтығы және тұрақты даму қағидаттарына нақты берілгендікті көрсету. Жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларды сақтауға ұмтылу.
Қоғамдық ұйымдар	<ul style="list-style-type: none"> Әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру. Бірлескен іс-шараларға қатысу. «Сұрақ-жауап» механизмі арқылы кері байланыс алу, Холдинг Басқармасы Төрағасының жеке блогы. Өтініштерді қабылдау үшін «жедел желінің» жұмыс істеуі. Холдинг қызметі туралы ақпаратты медиада орналастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Қоғамдық жобаларды іске асыру. 	<ul style="list-style-type: none"> Заңнама нормаларын сақтау, қайырымдылық пен демеушілік жасау. Жалпы мәселелер бойынша өзара келісім. Қауымдастықтармен және бірлестіктермен бірлескен іс-шаралар өткізу.

Ақпараттық саясат

Холдингтің және ЕҰ ақпараттық жұмысы Холдингтің 2019–2023 жылдарға арналған PR-стратегиясы аясында жүргізіледі. PR-стратегия Холдингтің коммуникациялық саясатының бірыңғай стандарттарын айқындайды.

Ақпаратты ашуды Холдинг ақпаратты мынадай тәсілдермен тарату жолымен жүзеге асырады:

- заңнамада, Холдинг Жарғысында, Ақпаратты ашу саясатында және Холдингтің басқа да ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен ақпарат алушыларға ақпаратқа (құжаттарға) рұқсат беру;
- БАҚ-та орналастыру;

- Интернет желісінде, Холдингтің веб-сайтында мына мекенжай бойынша: www.baiterek.gov.kz Facebook, Instagram, Twitter, YouTube, Telegram ресми аккаунттарында орналастыру;
- Холдингтің ішкі ресурстарына орналастыру;
- ақпарат алушылармен баспасөз-конференциялар мен кездесулер өткізу және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Холдингтің құжаттарында көзделген өзге де тәсілдер.

Холдинг жылдық медиа-жоспар әзірлейді, оны Басқарма бекітеді. Бұдан басқа, ай сайынғы негізде Холдинг тобының оқиғалар іс-шараларының медиа-жоспары дайындалады, оны кейіннен оның орындалуы туралы есепті бере отырып, Холдинг Басқармасының Төрағасы бекітеді.

2019 жылы келесі жұмыстар жүргізілді:

- БАҚ-да Холдингтің 112 іс-шарасы жарияланды;
- 105 баспасөз релизі және 58 сұхбат дайындалды (оның ішінде Басқарма Төрағасының қатысуымен – 26, Басқарма мүшелерінің қатысуымен – 17);

- мемлекеттік және орыс тілдерінде 20 тақырыптық инфографика әзірленді;
- «Atameken business» телеарнасының эфиріне шығумен 4 арнайы репортаж дайындалды;
- республикалық телеарналарда ротациямен 3 презентациялық бейнеролик жасалды.

Холдинг қызметі туралы белсенді ақпараттық жұмыс әлеуметтік желілерде де жүргізіледі. 2019 жылы Холдингтің аккаунттарында түрлі форматтағы 863 материал – ақпараттық хабарламалар, инфографикалар, бейнероликтер, шолулар жарияланды, Холдинг туралы аса маңызды мақалаларды қайта басып шығару, сондай-ақ «Дәйексөздер» және «Басты сандар» атты жаңа айдарлар ашылды.

Холдинг қызметіне сенім деңгейін арттыру


2019 жылы медиа-жоспарды сапалы іске асыру «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметіне сенім деңгейін арттыруға оң әсер етті. 2019 жылы «Standard Expo» ЖШС компаниясы Холдинг қызметіне сенім деңгейін бағалау бойынша зерттеу жүргізді, оның негізгі мақсаты Холдингтің қызметі туралы мақсатты топтардың хабардарлық деңгейін анықтау болып табылады. Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес, Холдинг қызметіне барлық нысаналы топтардың интегралдық сенім индексі 2019 жылы 88,1%-ды құрады және 2018 жылға қарай 3 тармақшаға өсті.

Холдинг қызметіне сенім деңгейін арттыру мақсатында 2019 жылы еншілес ұйымдардың баспасөз хатшыларымен 12 кеңес өткізілді, онда PR-стратегия шеңберіндегі ақпараттық жұмыстың өзекті мәселелері талқыланды.

Холдинг сайтының «Сұрақ-жауап» бөлімінде қоғаммен кері байланыс механизмі қамтамасыз етілді (<https://www.baiterek.gov.kz/ru/vopros-otvet>), оған 2019 жылы азаматтардан 24 өтініш келіп түсті, оларға жауаптар Холдингтің бейінді СП-мен жедел пысықталды және Холдингтің интернет-сайтында орналастырылған. Сонымен қатар, 2019 жылдың қазанынан бастап Электрондық үкімет порталында Холдингтің Басқарма Төрағасының жеке блогы жұмыс істейді. 2019 жылғы 7 қазаннан 31 желтоқсанға дейін блог арқылы 13 өтініш қарауға қабылданды, олар уақтылы қаралып, олар бойынша жауаптар берілді. Сондай-ақ Холдинг қызметінің негізгі бағыттарын түсіндіру мақсатында 2019 жылғы қарашадан бастап сайтта «Жиі қойылатын сауалдар» бөлімі құрылды.

Өткен жылы Холдинг сайтының контентіне мониторинг жүргізу, ақпараттық материалдарды беру тиімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді, оның қорытындысы бойынша интернет-ресурстың құрылымын жетілдіру жүргізілді.

Холдинг сенім индексі, %



2020 жылға арналған жоспарлар

Холдингтің 2020 жылға арналған медиа-жоспары Холдингтің іс-шараларын ақпараттық қолдауды, Холдинг туралы ақпараттық материалдарды, сондай-ақ Холдинг басшылығының қатысуымен өтетін іс-шараларды (брифингтер мен сұхбаттар) қамтиды.

Бұдан басқа, Холдинг Басқармасының шешімімен Холдингтің қызметіне нысаналы топтардың сенім деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі 2020 жылға арналған жоспар бекітілді, ол Жалғыз акционермен, еншілес ұйымдармен, нысаналы топтармен жүйелі коммуникациялық жұмысты күшейту және жетілдіру жөніндегі бірқатар іс-шараларды көздейді. Соның ішінде мынадай іс-шаралар бар:

- Холдингтің және оның ЕҰ медиа-жоспарларын қалыптастыру және іске асыру;
- Жалғыз акционерді мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылу барысы туралы хабардар ету және осы ақпаратты Холдингтің интернет-сайтына орналастыру;
- Холдингтің қолдауына ие болған кәсіпорындар бойынша ҚР Парламенті депутаттарының қатысуымен баспасөз турының ұйымдастыру және өткізу;
- Холдинг басшылығының БАҚ бас редакторларымен және жетекші журналистерімен бейресми кездесуін ұйымдастыру;
- Холдинг қызметін әлеуметтік желілер арқылы жариялау және басқалар.

Кадрлық саясатты іске асырудың негізгі бағыттары:

- Стратегиялық HR. HR-қызметінің стратегиялық рөлін HR бизнес-серіктестер институтын құру және олардың ұйым бизнесін дамытуға белсенді қатысуы арқылы дамыту.
- Өзгерістерді басқару. Персоналды өзгерістерге дайындауға, кедергіні басқаруға және персоналды талап етілетін білім мен дағдыларға оқытуға басшылық жасауға жәрдемдесу.
- Жұмыс берушінің бренді. HR-брендті мақсатты аудитория арасында жылжыту және бренд танымалдығын үнемі бағалау арқылы дамыту.
- Корпоративтік мәдениет. Мақсатты корпоративтік мәдениетті анықтау, мәдениетті қолдау үшін негізгі HR-үдерістерді түзету, корпоративтік құндылықтарды және жұмыс тәртібінің қажетті стандарттарын белсенді насихаттау.
- Ішкі коммуникациялар. Ұйымның барлық қызметкерлері арасында кері байланыстың жеткілікті арналарын құру арқылы ішкі коммуникация арналарын дамыту. Персоналдың тартылу деңгейін тұрақты бағалау.
- Автоматтандыру және талдау. Бизнес-процестерді оңтайландыру. Күнделікті процестерді барынша автоматтандыру үшін заманауи бағдарламалық қамтамасыз етуді қолдану, «жеке кабинет» құралдарын енгізу, чат-боттарды, дашбордтарды және басқа да автоматты құралдарды жасау. Басшылыққа және өзге де мүдделі тұлғаларға тұрақты есеп беру, сондай-ақ ағымдағы HR-трендтерді талдау арқылы HR-сараптама қызметін кеңейту.
- Күнделікті процестерді оңтайландыру. Операциялық қызмет көлемін қысқарту және Жалпы Қызмет Көрсету Орталығын (меншікті немесе сыртқы ұқсас орталықтарға қосылу шеңберінде) құру мүмкіндігін қарау.

Персоналды басқару

2019 жылы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының шешімімен Холдингтің Бірыңғай кадрлық саясаты — Холдингтің Орталық аппаратында ғана емес, еншілес ұйымдарда адам ресурстарын тиімді басқару мәселелерін реттейтін корпоративтік стандарт бекітілді. Құжат қызметкерлерді кәсіби дамыту және аттестаттау, жұмыс берушінің брендінің құру және жылжыту, құндылықтарды басқару сияқты салаларда персоналды басқару үдерістеріндегі елеулі өзгерістерді қарастырады.

Өзінің Даму стратегиясы аясында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Холдинг пен оның еншілес ұйымдарының бәсекелестік артықшылықтарының бірі ретінде тұрақты адами капиталды қалыптастыруды қамтамасыз етуге ұмтылады.

Персоналдың құрылымы

Холдинг Тобы бойынша қызметкерлердің орташа тізімдік саны 2019 жылы өткен жылмен салыстырғанда 4%-ға артты және 2 538 адамды құрады. Орталық аппаратта сондай-ақ 7%-ға өсті, 2019 жылы орташа тізімдік саны 123 адамға дейін артты. Орталық аппарат бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 2019 жылы 4,9%, Холдинг тобы бойынша — 9,7% деңгейінде болды.

Персоналдың орташа тізімдік санының динамикасы

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Орталық аппарат, адам	106	115	123
Холдинг Тобы, адам	2 507	2 431	2 538

Холдинг Тобы бойынша 2019 жылғы орташа тізімдік саны

	2019 жыл
Холдинг Тобында барлығы, адам, оның ішінде:	2 538
Орталық аппарат	123
«ҚДБ» АҚ	298
«Даму» Қоры» АҚ	362
«ҚКМ» АҚ	37
«ҚИК» ИҰ» АҚ	184
«KazakhExport» ЭСК» АҚ	81
«БД» АҚ	69
«QTV» АҚ	78
«ТҮҚКБҚ» АҚ	42
«ҚТҮҚЖБ» АҚ	1 178
«ҚИҚ» АҚ	67
«KPPF» АҚ	19

Орталық аппарат кадрларының жасы мен жынысы бойынша бөлудегі тұрақтамауы

	Гендерлік топтар		Жас ерекшелік топтары		
	Ерлер	Әйелдер	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
Орталық аппарат, адам	19	6	2	23	0

Холдинг тобы бойынша 2019 жылғы кадрлар тұрақтамауы, %

	2019 жыл
Жалпы көрсеткіш, %	9,7
Орталық аппарат	4,9
«ҚДБ» АҚ	9,3
«Даму» Қоры» АҚ	13,2
«ҚКМ» АҚ	0
«ҚИК» ИҰ» АҚ	7,7
«KazakhExport» ЭСК» АҚ	19,7
«БД» АҚ	0
«QTV» АҚ	45
«ТҮҚКБҚ» АҚ	7,3
«ҚТҮҚЖБ» АҚ	9,1
«ҚИҚ» АҚ	0
«KPPF» АҚ	0

Холдинг қандай да бір әлеуметтік белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермейді және барлық қызметкерлер үшін тең мансаптық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді. Бұл, атап айтқанда, Холдинг Тобы бойынша да, Орталық аппаратта да персоналдың гендерлік құрылымымен расталады.

Холдинг қызметкерлерінің басым бөлігі — 30–50 жас аралығындағы қызметкерлер. 2019 жылы Орталық аппарат қызметкерлерінің орташа жасы 37 жасты, Холдинг Тобы бойынша — 38 жасты құрады.

2019 жылы жынысы мен жасы бойынша бөлінген Орталық аппарат қызметкерлерінің құрылымы


	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
Ерлер, адам	14	42	1
Әйелдер, адам	12	49	5
Барлығы орташа тізімдік, адам	26	91	6

2019 жылы Орталық аппараттың басшылық органдарының құрамы


	30-дан 50 жасқа дейін		50 жастан жоғары	
	Ер.	Әйел.	Ер.	Әйел.
Директорлар кеңесі, адам	5	—	5	—
Басқарма, адам	6	1	—	—

2019 жылғы қызметкерлердің гендерлік құрылымы

Холдинг Тобы бойынша



Орталық аппаратта



Есепті кезеңде қызметкерлердің 73%-ы тұрақты еңбек шартының талаптарымен жұмыс істеді, 27%-ы уақытша шарт (белгілі бір мерзімге) болды. Бұл ретте толық жұмыспен қамтылған қызметкерлердің үлесі 100% құрады.

Персоналды іріктеу және жалдау

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-да персоналды үш кезеңді іріктеу жұмыс істейді. Бос лауазымдар пайда болған кезде, бірінші кезекте, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының Бірыңғай кадрлық резервінен үміткерлер қаралады. Келесі кезеңде ішкі үміткерлер қарастырылады, осы топқа Холдингтің Орталық аппаратының және оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ аутсорсинг секторының қызметкерлері кіреді. Көрсетілген екі топта лайықты үміткерлер болмаған жағдайда сырттан үміткерлерді іздеу жарияланады. Осылайша, негізгі мамандарды ұстау

және Холдинг Тобында ұзақ жұмыс істеуге ынталандыру мақсатында ішкі іріктеудің басымдылығы бар.

Сырттан үміткерлерді іздестіру туралы ақпарат міндетті түрде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ сайтында, Telegram-арнада жазылушыларға хабарлама таратумен жарияланады, ал өтінімдер электронды пошта немесе Digital Baiterek платформасында тіркеу арқылы қабылданады.

2019 жылы Орталық аппаратта қызметкерлерді қандай да бір белгілер бойынша жалдау кезінде кемсітушілік жағдайлары анықталған жоқ.

Таланттарды басқару

2019 жылы Холдинг «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының Бірыңғай кадрлық резервіне талантты қызметкерлерді іріктеу бойынша жұмыс жүргізді. Кадрлық резерв негізгі бос орындарға дайын үміткерлерді жылдам іздестіруді, персоналға жұмсалатын шығындардың тиімділігін, жаңа рөлге жедел бейімделуді; сабақтастықты сақтауды; негізгі мамандарды ынталандыру мен ұстап қалуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Конкурс нәтижелері бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасында үш санат бойынша резервшілер іріктелді: «Топ-100» (құрылымдық бөлімшелердің болашақ басшылары), «Топ-50» (Болашақ басқарушы директорлар мен Басқарма мүшелері) және «Топ-20» (қысқа мерзімді перспективада тағайындауға дайын басшы қызметкерлер).

2019 жылы Холдинг Тобының кадр резервіне 112 адам қабылданды. Оқу, тәлімгерлік, іссапарға жіберу, ротация және тағылымдама бағдарламалары арқылы резервшілердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, БҚР «Топ-20», Топ-50» және «Топ-100» топтарына енгізілген компаниялар тобы бойынша 16 қызметкер модульдік академиялық бағдарламалар (МВА және магистратура) бойынша оқуды бастады. Сонымен қатар, резервшілер үшін Назарбаев Университетінде «Mini MBA» көшбасшылар бағдарламасы бойынша және Азия даму банкімен бірлесіп «жасыл»

қаржыландыру бойынша оқыту жүргізілді. 2019 жылдың желтоқсан айында Enterprise Singapore-мен бірлесіп «Топ-20» тобының 10 резервшісі үшін халықаралық тағылымдама ұйымдастырылды.

Бірыңғай кадрлық резерв тұжырымдамасы 2019 жылы 8 резервшінің мансаптық иерархиясы бойынша қозғалуына ықпал етті.

2019 жылы Орталық аппаратқа жасы мен жынысы бөлігі бойынша жалданған қызметкерлер

	Барлығы	30 жасқа дейін	30-дан 50 жасқа дейін	50 жастан жоғары
Жалданған қызметкерлердің барлығы, адам	25	5	19	1
Ерлер, адам	10	1	9	—
Әйелдер, адам	15	4	10	1

2019 жылы Холдинг Тобының Бірыңғай кадр резервіне алынған қызметкерлер саны

	Қызметкерлер (Топ-100)	Құрылымдық бөлімшелердің басшылары (Топ-50)	Басшылық (Топ-20)
Қызметкерлер саны	53	39	20

Оқыту және кәсіби даму

Қызметкерлерді оқыту және кәсіптік дамыту қызметкерлердің өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және Холдингтің Даму стратегиясына сәйкес айқындалатын міндеттерді шешу үшін кәсіби және басқару қызметі саласында қосымша теориялық және практикалық білімді, шеберлікті, қабілеттілікті, құзыреттер мен дағдыларды жаңарту және алу мақсатында жүзеге асырылады. Холдинг қызметкерлерін оқытуды және кәсіптік дамытуды ұйымдастыру мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- оқыту іс-шараларының тақырыбы мен мазмұнының қызметкердің лауазымдық міндеттеріне, оның қызметін бағалау нәтижелеріне, қызметкердің алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес анықталған қажеттіліктерге сәйкестігі;
- Холдинг қызметінің тиімділігін арттыруды, үздік корпоративтік тәжірибелер мен стандарттарды зерделеуді қамтамасыз ететін нақты міндеттерді шешуге оқыту іс-шараларының бағыттылығы;
- оқыту мен кәсіби дамудың жүйелік, қолданбалы, жоспарлы сипаты;
- Холдинг қызметкерлерінің барынша ықтимал санын оқыту және кәсіптік даму бағдарламаларымен қамту.

Орталық аппарат қызметкерлерін оқыту

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Бір адамға шаққандағы орташа жылдық оқу сағатының саны, адам-сағат	110	259	336

Орталық аппаратты оқытуға арналған шығындар

	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Бір адамды оқытуға арналған шығындар, теңге	41 826	57 579	76 593

2019 жылы Орталық аппаратта оқыту және кәсіби даму бойынша 74 іс-шара өткізілді, оның 70% — жеке-іскерлік құзыреттілікті дамытуға (soft skills), 30% — кәсіби дағдыларды дамытуға (hard skills). Оқумен 115 адам қамтылды. Орташа алғанда, бір қызметкер 2 немесе одан да көп тренинг/семинардан өтті.

Жеке-іскерлік құзыреттілік саласынан оқыту іс-шараларының ең көп саны кросс-функционалдық өзара іс-қимыл, коммуникацияларды басқару, сыни ойлау, көшбасшылық, командада жұмыс істеу, стрессті басқару, тиімді шешім қабылдау және т.б. дағдыларды дамытуға бағытталған.

Сонымен қатар, кәсіби білімді дамытуға бағытталған тренингтер/семинарлар өткізілді, олардың ішінде: қаржы, бухгалтерлік есеп, қызметкерлерді басқару, жобаларды басқару, тәуекелдерді басқару, комплаенс-контроллинг, мемлекеттік және ағылшын тілін оқыту, ішкі бақылау және аудит және т. б.

Еңбекақы төлеу және қызметкерлер қызметінің тиімділігін басқару

2018 жылғы 1 қаңтардан бастап «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметкерлері ҚНҚ орындау негізінде (тоқсанына бір рет) тиімділікті бағалаудың қағидатты жаңа жүйесіне көшті, ол басшылықтың ҚНҚ құрылымдық бөлімше мен жеке қызметкердің деңгейіне «каскадтауға», қойылған мақсатқа қол жеткізудің нақты деңгейін «табалдырық–мақсат–шақыру» деңгейінде анықтау үшін жеткілікті критерийлерге ие болуға және әрбір қызметкердің нақты тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, жылына бір рет «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның барлық қызметкерлері қызмет тиімділігінің кешенді бағалауынан өтеді, оның аясында өткен жылғы қызметкердің жалпы нәтижелілігі және оның жеке-іскерлік құзыреттерінің даму деңгейі қаралады. Нәтижелер «таланттардың 9-жасушалық матрицасы» бойынша бөлінеді. Бағалау нәтижелері бойынша сыйлықақы төленбейді, бірақ бағалау нәтижелері қызметкерді одан әрі ынталандыру (оқыту, жылжыту, кадр резервіне алу және т.б.) туралы шешімге әсер етеді.


Грейдрлеу

- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобына еңбекақы төлеу жүйесін грейдирлеу және біріздендіру жүйесін енгізілуде. Бірыңғай қағидаттарды енгізу еңбекке ақы төлеу жүйесінің ішкі әділдігін және еңбек нарығындағы ағымдағы жағдаймен салыстыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Грейдтер жүйесі — бұл ұйымның стратегиялық мақсаттарына сәйкес лауазымдардағы қызметкерлер атқаратын жұмыстың күрделілігі мен құндылығы негізінде құрылған лауазымдық разрядтар жүйесі (лауазымдар иерархиясы). «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының лауазымдарын бағалау кезінде қолданылатын әдістеме ірі халықаралық компанияларда 70 жылдан астам сәттілік тарихымен, сондай-ақ, Қазақстанның мемлекеттік қызметінде ақы төлеу саласындағы жүргізіліп жатқан реформалардың негізі болып табылады.

Жобаны іске асыру нәтижесінде мынадай мақсаттарға қол жеткізілді:

- грейдер негізінде ұйымның лауазымдар жүйесі ретке келтірілді (базалық жалақы атауы бойынша емес, күрделілігі мен негізгі қызметке қосқан үлесі бойынша);
- экономиканың нысаналы секторындағы еңбек нарығындағы ағымдағы жағдайды жыл сайын талдай отырып, бәсекеге қабілетті еңбекақы төлеу жүйесі құрылды (бенчмаркинг);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының кадр қызметтеріне әдіснаманы трансляциялау (сыртқы сарапшыларды тартпай, лауазымдарды бағалауды дербес жүргізуге мүмкіндік беретін мамандарды сертифициаттау);
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобының лауазымдарын бағалау және еңбекақы төлеу бойынша ішкі нормативтік құжаттар (үлгілік әдістеме негізінде) бекітілді;

Холдинг Тобының қызметкерлерін тарту деңгейі, %



- функционалдық міндеттерге көзқарасты өзгерту — күрделі жұмыс көлемі үшін жауапкершілікті қабылдауға ынталандыру (жұмыс неғұрлым қиын болса, соғұрлым грейд жоғары);
- қызмет ерекшелігін ескере отырып, еншілес ұйымдардың еңбегіне ақы төлеу жүйесі бойынша ұсыныстар әзірленді.

Сонымен қатар, қолданыстағы регламенттердің шектеулерін мойындай отырып, материалдық ынталандырудың әртүрлі әдістерін қолдану үшін тиісті нормативтік актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі жұмыс 2020–2021 жылдарға жоспарланған.

Жұмыс берушінің бренді

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ HR-брендин жылжыту және Холдинг қызметкерлерінің тартылуын арттыру, ішкі коммуникация мен ашықтықты қамтамасыз ету мақсатында 2019 жылы тиісті іс-шаралар кешені қабылданды.

2019 жыл ішінде Холдингтің еншілес ұйымдарының қатысуымен 75-тен астам корпоративтік іс-шара өткізілді, олардың тиімділігі (ұйымның бюджет қаражатын пайдалану қажеттілігінің болмауын қоса алғанда) және креативтілігін Холдинг қызметкерлері мен оның еншілес ұйымдары тоқсанына бір рет жасырын сауалнама жүргізу арқылы оң бағалады.

Холдинг Тобының қызметкерлерін тарту деңгейі 2019 жылдың қорытындысы бойынша 80% құрады. Көрсеткіштің 2 п.т. өсуі негізінен жұмыс берушінің имиджінің деңгейін арттыруға бағытталған команда құраушы корпоративтік іс-шаралар мен іс-шаралар санының артуына байланысты. Сондай-ақ, көрсеткішті арттыруға дөңгелек үстелдерді, құзыреттілік орталықтарын, оқыту іс-шараларын жүйелі түрде өткізу әсер етті.

2019 жылы «жедел желі» арқылы Холдингтің Орталық аппаратының Комплаенс-қызметіне еңбек қатынастары бөлігінде 3 өтініш келіп түсті. Өтініштер өңделіп, шешілді.

Есепті жыл бойы қандай да бір белгілер бойынша кемсітушілік жағдайлары анықталған жоқ.

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі

Холдинг пен оның еншілес ұйымдары үшін Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Холдингтің осы саладағы ішкі құжаттарының талаптарына қатаң сәйкестікте еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды қамтамасыз ету сөзсіз басымдық болып табылады.

Қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде, сондай-ақ Холдингтің үй-жайларында болған уақытта Холдинг саясатына сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде Холдинг қабылдаған және әзірлеген қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтайды.

Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі ережелерін сақтау мақсатында Холдинг Тобында жыл сайынғы негізде оқыту іс-шаралары өткізіледі. 2019 жылы құрылымдық бөлімшелердің басшылары үшін «Кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау және өрт-техникалық минимумы» тақырыбында содан кейін арнайы емтихан тапсырумен семинарлар өткізілді, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласы бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторды комиссияға тарту жүргізілді. «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» тақырыбында бизнес-таңғы ас ұйымдастырылып өткізілді, оның барысында кеңсе және өндірістік үй-жайлардағы еңбек қауіпсіздігінің іргелі принциптері түсіндірілді.

Есепті жылы Холдинг ғимаратынан төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялау бойынша оқу-жаттығу өткізілді. Холдинг қызметкерлері үшін өрт қауіпсіздігі шаралары және өрт болған жағдайда эвакуациялау туралы жадынама әзірленді. Сондай-ақ 2019 жылы жаңа қызметкерлерді бейімдеу бағдарламасына енгізілген тақырып бойынша анимацияланған бейнероликтер әзірленді.

2019 жылы Холдинг пен оның еншілес ұйымдарында жарақат алу жағдайлары болған жоқ.

2020 жылы стандарттау жөніндегі ережелер мен басшылық құжаттардың, санитарлық нормалар мен ережелердің мемлекеттік стандарттарының талаптарын ескере отырып, еңбектің қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Холдингтің барлық қызметкерлерін еңбек қауіпсіздігі мен денсаулығын қорғау жөніндегі жұмыстарға белсенді қатысуға тарту жоспарланған.

Экономикалық нәтижелілік

Холдинг оның миссиясына байланысты Қазақстан Республикасының тұрақты экономикалық дамуына елеулі әсер етеді және өзінің негізгі міндеттерін ғана емес, халықтың әртүрлі топтарына оң әсер ете отырып, маңызды әлеуметтік-экономикалық функцияларды орындайды.

Экономикалық құнды бөлу

Көрсеткіш, млн теңге	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
Құрылған экономикалық құн (табыс)	326 438	366 750	426 578
негізгі қызметтен түскен кірістер (пайыздық кірістер)	287 373	301 746	332 040
комиссиялық кірістер	5 946	6 116	9 115
басқа да кірістер	33 119	58 887	85 424
Бөлінген экономикалық құн:	282 851	332 032	375 068
еңбекақы төлеу бойынша шығындар	19 262	21 465	24 252
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығындар	10 116	20 651	13 305
капиталды жеткізушілерге төлемдер (пайыздар мен дивидендтер төлеу)	139 932	155 416	175 137
қайырымдылық және демеушілік көмек	584	798	315
басқа операциялық шығындар	73 585	58 179	134 597
басқа операциялық емес шығындар	39 372	75 523	27 461
Бөлуге экономикалық құны (таза пайда)	43 588	34 718	51 510

Сатып алу қызметі


Холдингтің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу жүйесі Холдингтің сатып алуды жүзеге асыруының транспаренттілігін қамтамасыз етеді және жалпы алғанда қалыптасқан құқық қолдану практикасына және халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді.

Холдингте сатып алуды жүзеге асыру ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, тиімділігі пен ашықтықты арттыру және барынша, әлеуетті өнім берушілерге сатып алу процесіне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру қағидаттарына негізделеді.

2019 жылы Холдинг өз қызметінде «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында тікелей немесе жанама тиесілі дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызын ұйымдастыруын басшылыққа алды.

2019 жылғы 31 қазанда Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары — Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бұйрығымен

2019 жылы Холдинг Тобы бойынша тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу көлемі және жергілікті қамту үлесі, млн теңге



ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялар мен ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу ережелері, дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы (жарғылық капиталға қатысу үлестері) бекітілді ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тікелей немесе жанама тиесілі (бұдан әрі жаңа редакцияда Сатып алу ережелері деп аталады), олардың қолданылу күші «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-на қолданылады.

Жаңа редакциядағы сатып алу ережелері бірқатар өзгерістерді қамтиды, оның ішінде:

- *сатып алу саласындағы уәкілетті орган болып тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу саласындағы басшылықты, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган (ҚР Қаржы министрлігі) анықталды;*
- *тендерлік құжаттама жобасын әлеуетті жеткізушілермен міндетті түрде талқылауды көздейтін «Тендерлік құжаттама жобасын алдын ала талқылау» нормасы енгізілді;*
- *индустриялық сертификат — өтініш берушінің отандық тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өндірушілер тізілімінде болуын растайтын құжат ұғымы енгізілді;*
- *әлеуетті өнім берушілердің тендерге қатысуға өтінімдерді біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкес келтіру бөлігінде норма енгізілді.*

Ереже жаңа редакцияда 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

2019 жылы сатып алу көлемі және жергілікті қамту үлесі

Холдинг Тобы бойынша тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 2019 жылы 19 540,0 млн теңгені құрады, оның ішінде отандық жеткізушілерден — 12 395,0 млн теңге, жергілікті қамтудың жалпы үлесі 63,4%.

2020 жылға арналған жоспарлар

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Холдинг ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырудың жаңа қағидаларына басшылық жасайтын болады.

Холдингтің Тобы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі аясында 2020 жылға 29 377,0 млн теңгеге сатып алу жоспарланған.

Қоршаған ортаны қорғау

Холдинг өз қызметінің сипатына байланысты қоршаған ортаға тікелей елеулі әсер етпейді. Холдинг тұтынатын негізгі ресурстар электр энергиясы, жылу энергиясы және су болып табылады.

Холдинг қоршаған ортаға қолайсыз әсердің алдын алуды ең жақсы түрде қамтамасыз ететін ресурстарды ұтымды пайдалану қағидаттары мен әдістерін қолданады.

Холдинг өз қызметінде ресурстарды артық тұтынуды қысқартуға және энергия тиімді технологияларды енгізу, су тұтынуды азайту, кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту арқылы қазіргі келеңсіз экологиялық әсерді азайтуға ұмтылады (атап айтқанда, электрондық құжат айналымы жүйесін енгізу есебінен).

Холдинг «жасыл кеңсе» тұжырымдамасын енгізу мүмкіндігін қарастырады, оның маңызды құрамдас бөлігі қызметкерлердің экологиялық санасының деңгейін арттыруға бағытталған ақпараттық науқан болып табылады.

«Жасыл кеңсе»

«Жасыл кеңсе» деп табиғи ресурстар үнемді пайдаланылатын және қоршаған ортаға қамқорлық көрсететін кеңсе деп аталады, қызметкерлер жұмыс жағдайын, жайлылықты, дизайн мен сәулетті, көгалдандыруды, тұрғын үй ортасының сапасын, демалыс үшін мүмкіндіктерді үнемі жақсарту және еңбек өнімділігін арттыру іс-шараларына тартылған.

2019 жылы Холдинг ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің және Нұр-Сұлтандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесінің қолдауымен «Жасыл экономика» және G-Global дамуы үшін коалиция» ЗТБ ұйымдастырған «Мемлекеттік органдар (министрліктер, әкімдіктер, басқармалар және басқалар) және квазимемлекеттік сектор арасындағы» «Жасыл кеңсе» атты бірінші республикалық конкурста жеңіске жетті.

«Green Office» арнайы белгісі мен жеңімпаз дипломы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқарма Төрағасы Айдар Әріпхановқа тапсырылды.

«Бәйтерек» Холдингі тобының жаңа бизнес-орталығы ресурстарға ұқыпты қарау технологияларын ескере отырып салынған. Жұмыс, авариялық және жөндеу жарықтандыру жүйелері қарастырылған. Люминесцентті жарықтандыру көздері пайдаланылады. Инсоляцияны ескере отырып, қасбеттің витражды шынылауы электр қуатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, уақытша тұрған жерлерде электр энергиясын үнемдеу үшін қозғалыс датчиктері орнатылған.

Жылыту, кондиционерлеу және салқындатқышты реттеу жүйесі температура режимі бойынша жеке параметрлерді орнатуға мүмкіндік береді, бұл кеңседе жұмысты ыңғайлы етеді. Бизнес-орталықтың санитарлық тораптарында суды тұтынуды

үнемдеу үшін пайдаланушы кеткеннен кейін су беруді өздері ажырататын қозғалыс датчиктерімен байланыссыз араластырғыштар қарастырылған. Қайта өңдеуге пайдаланылған қағаз ғана емес, сондай-ақ істен шыққан кеңсе техникасы жіберіледі. Бизнес-орталықтың жанында қызметкерлер үшін велосипедтерге арналған тұрақ орындары жабдықталған, ол қызметкерлерді салауатты өмір салтын жүргізуге және автокөлік құралдарын пайдалану кезінде қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтуға ынталандырады.

Қағазды тиімді пайдалану мақсатында әр кеңседе макулатура жинау үшін урналар орнатылған. Есепті жылдың қорытындысы бойынша Холдинг 185 кг қағаз қайта өңдеуге берді.

Қызметкерлердің бастамасы бойынша кабинеттер мен жұмыс орындарын көгалдандыру жүргізілуде. Холдинг қызметкерлері жыл сайын жалпықалалық сенбіліктерге және қалалық экологиялық акцияларға белсенді қатысады.

Есепті жылы Холдинг «Бірге — Таза Қазақстан!» атты республикалық эко-челленджіне қолдау көрсетті, оған Холдинг пен оның ЕҰ-ның 250 қызметкері қатысты. Волонтерлер Есіл және Қарасу өзендерінің жағалауларын әуежайдан Қарағанды трассасына қарай айналып өтіп, тазалап шықты. Холдинг Басқармасының Төрағасы Айдар Әріпханов бастаған Холдингтің тату тобы Талапкер кентінің жанындағы өзен бойында жұмыс істеді.

2019 жылы іске асырылған Холдингтің бастамашыл жобалары

- «Baiterek Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкелері 2019 жылдың ақпан және қараша айларында өткізілді. Түскен ақша ауыр аурулармен ауыратын балаларды емдеуге жіберілді.
- «Baiterek Open Hearts» қайырымдылық жәрмеңкелері 2019 жылдың ақпан және қараша айларында өткізілді. Түскен ақша ауыр аурулармен ауыратын балаларды емдеуге жіберілді.
- Әлеуметтік тимбилдинг ұйымдастырылды, оның аясында Холдинг қызметкерлері Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлерін құттықтады.
- «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы өткізілді, оның аясында тұрмысы төмен отбасылардан шыққан 80 бала жаңа оқу жылының басына кеңсе тауарлары бар арқа сөмкелерін алды.
- Жыл сайынғы «Bugabike» қайырымдылық жүгірісіне қатысты.
- «Бәйтеректің игі істері» атты қайырымдылық challenge ұйымдастырылды, оның аясында Холдингтің 10 компаниясы ағаш отырғызу, қарттар үйінен сапары, балалар онкологиялық орталығына сапары, Қазақстандық зағиптар қоғамының Ақмола оқу-өндірістік кәсіпорнына сапары, өмірлік қиын жағдайға тап болған жүкті әйелдерге көмек көрсету, «Тоқта аулау» жануарларды құтқару қорына көмек және т.б. сияқты бірқатар қайырымдылық іс-шараларын ұйымдастырды.

Демеушілік және қайырымдылық көмек

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ-ның 2019 жылға арналған Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес Холдинг филантропиялық және меценаттық көмекті жүзеге асырды. Бұл ретте Холдинг бекітілген жылдық бюджет немесе даму жоспарлары аясында қайырымдылықты жүзеге асыруға арналған қаражатты жоспарлаудың және тиімді басқарудың ашықтығын қамтамасыз етеді.

2019 жылы жүгінген тұлғаларға олардың өмір сүру жағдайын жақсарту мақсатында, әсіресе онкологиялық аурулар, БЦП және басқа да диагнозы бар балаларды емдеу мақсатында филантроптық көмек көрсету бойынша 10 жоба іске асырылды.

Холдинг «Тәлімгерлер» жобасын іске асыру үшін меценаттық қолдау көрсетті, ол жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға өзінің өмірлік әлеуетін ашуға көмек көрсетуді қарастырады және ересек еріктілер-тәлімгерлермен қарым-қатынас арқылы өз бетінше өмір сүру дағдылары мен біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жобалар Павлодар, Орал, Қарағанды және Нұр-Сұлтан қалаларында жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, Холдинг логопедтік саланы дамыту, мүгедектердің қоғамдық-саяси белсенділігін арттыру жөніндегі жобаларды іске асыру үшін көмек көрсетті. Есепті жылы Холдинг ауылдық округте мүмкіндігі шектеулі адамдарға, көп балалы және аз қамтылған балаларға қолдау көрсетті, БЦП диагнозы бар балаларға арналған оңалту орталығын дамытуға қолдау көрсетті.





07

ҚОСЫМШАЛАР

Есеп туралы

Холдинг өзінің экономикалық және әлеуметтік қызметінің маңыздылығын сезінеді және ішкі және сыртқы мүдделі тараптар үшін ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылады. 2013 жылдан бастап Холдинг жыл сайынғы негізде https://www.baiterek.gov.kz/ru/resources?field_resource_type_target_id=96 атты корпоративтік интернет-сайтта ұсынылған жылдық есептерде өз қызметінің нәтижелерін ашады.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2019 жылғы жылдық есебі (бұдан әрі – Есеп) тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша Жаһандық бастаманың стандарттарына (GRI Standards, «негізгі» ашу нұсқасы), Корпоративтік басқару кодексінің ережелеріне және Холдингтің өзге де ішкі құжаттарына сәйкес дайындалды.

Бұл Есеп Холдинг қызметінің 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі нәтижелерін көрсетеді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ 2018 жылғы жылдық есебі 2019 жылдың тамызында жарияланды. Ағымдағы есеп сыртқы растаудан өткен жоқ.

Есепті жылы Холдингтің Қазақстандағы Жастар жылы аясында жастар бастамаларын қолдау бойынша тәсілін көрсететін «Жастар жылы» есебінің басым тақырыбы таңдалды.

Есептің мазмұнын анықтау


Есепті жылы Холдинг Есепте ашуға барынша маңызды тақырыптардың тізбесін айқындау бойынша жұмыс жүргізді. Жұмыс GRI Standards көрсеткіштеріне және ұқсас компаниялардың жылдық есептеріне талдау жүргізу болды. Талдау нәтижелері бойынша Холдинг қызметі үшін 30-ға жуық маңызды тақырыптарды қамтитын сауалнама дайындалды.

Сауалнамада көрсетілген барлық тақырыптар үш топқа бөлінген — экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Сауалнама ұсынылатын тізбеден неғұрлым маңызды тақырыптарды таңдау мақсатында Холдингтің ішкі және сыртқы мүдделі тараптарының өкілдеріне

бағытталған. Атап айтқанда, сауалнамаға құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері, менеджмент, Холдингтің еншілес ұйымдары, инвесторлар, БАҚ өкілдері және т. б. қатысты.

Сауалнама нәтижелері бойынша жиынтық бағалар Маңыздылық матрицасына енгізілді. Матрицаның оң жақтағы жоғарғы бұрышына түскен тақырыптар аса маңызды деп танылды және оларға есеп жасау кезінде бірінші дәрежелі мән берілді.

Маңыздылық матрицасы



Тақырыптар (ең маңызды деп танылған тақырыптар алтын түсті)	№
Экономика	
Экономикалық нәтижелілік	1
Нарықтарға қатысу	2
Тікелей емес экономикалық ықпал ету	3
Сатып алулар тәжірибесі	4
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	5
Бәсекелестікке кедергілер	6
Экология	
Материалдар	7
Қуат	8
Су	9
Биоалуантүрлілік	10
Шығарындылар	11
Төгінділер мен қалдықтар	12
Табиғат қорғау заңнамасының талаптарына сәйкестігі	13
Өнім берушілерді экологиялық бағалау	14
Қоғам	
Жұмыспен қамту	15
Қызметкерлер мен басшылықтың өзара қарым-қатынасы	16
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік	17
Оқыту және білім беру	18
Әртүрлілік және тең мүмкіндіктер	19
Кемсітушілікке жол бермеу	20
Қауымдастық және ұжымдық келіссөздер жүргізу бостандығы	21
Балалар еңбегі	22
Мәжбүрлі немесе міндетті еңбек	23
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәжірибесі	24
Байырғы және саны аз халықтардың құқықтары	25
Адам құқықтарының сақталуын бағалау	26
Жергілікті қауымдастықтар	27
Өнім берушілердің қоғамға әсерін бағалау	28
Мемлекеттік саясат	29
Тұтынушының денсаулығы және қауіпсіздігі	30
Өнімдер мен қызметтерді таңбалау	31
Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық	32
Талаптарға сәйкестігі	33

Есептің шекаралары

Осы Есеп Холдинг Тобының қызметі туралы ақпаратты қамтиды. Холдингтің 11 еншілес ұйымы туралы ақпарат «2019 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі» Қосымшасында толығырақ берілген.

Қаржылық-экономикалық нәтижелері ХҚЕС шоғырландыру периметріне сәйкес «Менеджмент есебі» бөлімдерінде ашылады. Есептің басқа бөлімдерінде, егер өзгеше көрсетілмесе, Холдингтің Тобы бойынша тұтастай ақпарат бар.

Экономикалық нәтижелілік, тікелей емес экономикалық әсер ету және табиғат қорғау заңнамасына сәйкестік тақырыптары негізінен ұйымнан тыс жерлерде өзекті. Қалған тақырыптар ұйымның ішінде де, одан тыс жерлерде де маңызды.

2019 жылғы еншілес ұйымдардың қызметі



«Қазақстан Даму Банкі» АҚ

«ҚДБ» АҚ миссиясы елдің шикізаттық емес секторын қаржыландыру арқылы ұлттық экономиканың тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.

452,8

МЛРД ТЕҢГЕ

тікелей несие беру шеңберінде қаржыландырылған жобалардың сомасы

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	1,2	0,8	2,7
ROA, %	0,2	0,1	0,4
Қарыз/Капитал	5,3	5,7	5,0
Активтер, млрд теңге	2 564	2 537	2 591
Активтердің өсімі, %	5	-1	2
Таза пайда, млрд теңге	5	3	11

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 2019 жылы «ҚДБ» АҚ тікелей несиелеу аясында жалпы сомасы 452,8 млрд теңге болатын жобаларды қаржыландырды, оның ішінде 15 инвестициялық жоба – 315,1 млрд теңге сомасына және 13 экспорттық (экспорт алдындағы) операция – 137,7 млрд теңге сомасына.
- Есепті жылы «ҚДБ» АҚ қолдауымен құны 1,8 трлн теңге болатын «ҚДБ» АҚ қатысуымен 581 млрд теңгеге 8 жоба пайдалануға берілді, оның аясында 1 763 жаңа жұмыс орны құрылды.
- 2019 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік қаражаттың әрбір теңгесіне «ҚДБ» АҚ нарықтық жағдайда 1,17 теңге қарыз алды. 329,5 млрд теңге тартылды, оның 54% (177,9 млрд теңге) нарықтық (бюджеттен тыс) көздерден тартылды.
- Халықаралық серіктестікті дамыту аясында жыл соңында Commerzbank AG, KfW IPEX-Bank, Deutsche Bank AG сияқты ірі неміс банктерімен серіктестік туралы бірқатар келісімдерге қол қойылды. Қол қойылған келісімдер серіктестік пен өзара тиімді инвестициялық жобаларды іс жүзінде іске асыруға жаңа серпін береді



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

«Даму» Қоры» АҚ миссиясы қолдау көрсетудің кешенді және тиімді құралдарын іске асыру арқылы Қазақстандағы микро, шағын және орта кәсіпкерліктің (МШОК) тұрақты дамуындағы белсенді рөлі болып табылады.

24,3

МЫҢ ЖОБАҒА

жалпы сомасы 600 млрд теңгеден астам қолдау көрсетілді

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	4,1	-13,7	4,8
ROA, %	1,2	-3,8	1,2
Қарыз/Капитал	2,2	3,2	2,9
Активтер, млрд теңге	320	304	338
Активтердің өсімі, %	-8	-5	11
Таза пайда, млрд теңге	4	-12	4

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Субсидиялау, кепілдік беру және қаражатты шартты орналастыру құралдары бойынша жалпы сомасы 600 млрд теңгеден астам 24,3 мың жобаға қолдау көрсетілді.
- 2019 жылы отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін 67,5 млрд теңге, оның ішінде Азия даму банкі желісі бойынша – 35,3 млрд теңге 2017 жылы жасалған несие желісін ашуға 72 млрд теңге сомасында мемлекеттік кепілдікпен ЕДБ және «Даму» Қоры» АҚ МҚҰ арқылы МШОК қаржыландыруға бөлінді.
- 2019 жылы Тұрақты даму саласындағы Қор қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында ішкі құжаттар, оның ішінде Серіктестермен несиелік келісімдердің және жеткізушілермен сатып алу шарттарының үлгі нысандары өзекті етілді.
- 2019 жылы микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің зияткерлік меншік объектілерін құру/сатып алуға және франчайзинг схемаларын пайдалануға байланысты мәмілелерін қаржыландыру бойынша қаражатты шартты орналастырудың жаңа бағдарламасы әзірленді.
- «Даму» Қоры» АҚ «Бизнесің жол картасы-2025» және «Қарапайым заттардың экономикасы» бағдарламаларының жобаларын әзірлеуге қатысты.



«Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ

«ҚТҚЖБ» АҚ миссиясы қазақстандық отбасыларды жеке тұрғын үймен қамтамасыз ету және Отанға деген сезімін нығайту болып табылады.

Еліміздегі барлық ипотекалық қарыздардың

61%-ын

«ҚТҚЖБ» АҚ берді

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	18,8	15,0	12,4
ROA, %	3,7	3,0	2,4
Қарыз/Капитал	4,0	4,0	4,5
Активтер, млрд теңге	762	998	1 353
Активтердің өсімі, %	23	31	36
Таза пайда, млрд теңге	26	26	28

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 2019 жылдың қорытындысы бойынша «ҚТҚЖБ» АҚ еліміздегі барлық ипотекалық қарыздардың 61%-ын беріп, Қазақстанның ипотекалық нарығында көшбасшы болды.
- 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесінің қолданыстағы шарттарының саны шамамен 1 553 мыңды құрады 806 млрд теңге көлемінде жинақталуымен.
- Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне қатысушылардың экономикалық белсенді халыққа үлесі 16,9% — ды құрады.
- 2019 жылы «Бақытты отбасы» аз қамтылған отбасыларын жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасы іске қосылды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша 42,67 млрд теңгеге 4 223 қарыз берілді.
- Әскери қызметшілер мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне арналған бағдарлама — «Әскери баспана» бағдарламасы жалғастырылуда, 2019 жылдың қорытындысы бойынша 69,28 млрд теңгеге 4 577 қарыз берілді.
- Интернет-банкинг жүйесінде «Депозиттерді Онлайн беру» енгізілді. 2019 жылда 7 880 депозитке жол берілді, сақталған депозиттік база сомасы 15,3 млрд теңгеге жетті.



«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ

«ҚКМ» АҚ миссиясы Қазақстанның тұрақты экономикалық дамуына жәрдемдесу мақсатында Қазақстандағы private equity инфрақұрылымын дамыту болып табылады.

50
МЛРД ТЕҢГЕ
дейін Жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	2,3	2,7	2,6
ROA, %	2,1	2,2	1,9
Активтер, млрд теңге	145	187	190
Активтердің өсімі, %	3	29	2
Таза пайда, млрд теңге	3	4	4

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Екі бағыт бойынша 50 млрд теңгеге дейінгі сомаға Жеңілдікті қаржыландыру бағдарламасы іске қосылды: күрделі қорлар арқылы және ЕДБ-мен бірлесіп.
- Көлемі 25 млрд теңге болатын KCM Sustainable Development Fund 1 тікелей инвестициялар қоры құрылды, BVF қоры 20 млрд теңгеге 38,8 млрд теңгеге дейін капиталдандырылған
- Портфельдің рекордтық өсуі — 2019 жылы «ҚКМ» АҚ күрделі қорлары ҚР-да 38,2 млрд теңге сомасына 17 жобаны қаржыландырды («Қазақстанның Даму Банкі» АҚ үлесін есепке алғанда).
- Пекин қаласында «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы мен «Бір белдеу — бір жол» қытай мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында көлемі 500 млн. АҚШ долларына дейінгі Eurasian Nurlu (bright) Investment Fund қорын құру бойынша құрылтай құжаттарына қол қойылды (ҚР жобаларына инвестицияның 75%).
- «ҚКМ» АҚ КПМГ-мен бірлесіп ҚР тарихындағы 10 жыл ішіндегі Тікелей инвестициялар нарығы бойынша алғашқы жария есеп дайындады.



«Бәйтерек девелопмент» АҚ

«Бәйтерек девелопмент» АҚ миссиясы Қазақстан Республикасының құрылыс саласы үшін қаржы ресурстарының қолжетімділігін қамтамасыз ету болып табылады.



Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	5,5	17,0	18,9
ROA, %	1,1	3,2	3,8
Қарыз/Капитал	4,3	4,4	3,6
Активтер, млрд теңге	322	379	450
Активтердің өсімі, %	6	18	19
Таза пайда, млрд теңге	3	11	16

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Несиелік тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін 108,8 млрд теңге сомаға ЖАО облигациялары сатып алынды.
- Үлестік құрылыстың проблемалық нысандарын аяқтау үшін Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі жанындағы уәкілетті ұйымға 20 млрд теңге бөлінді.
- Құрылыс саласындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру мақсатында 65 млрд теңге сомасына облигациялар шығарылды.
- «Fincraft Group» ЖШС облигацияларын Алматы қаласында тұрғын үй салу үшін 65 млрд теңге сомасында қарыз қаражаты есебінен сатып алу арқылы тұрғын үй инвестициялық жобасын қаржыландыру жүзеге асырылды.
- 2019 жылдың қорытындысы бойынша «ЭКСПО-2017» аумағында көп пәтерлі тұрғын үй кешенінде жылжымайтын мүлікті сату шеңберінде 35,2 млрд теңге сомасына 1 133 пәтер және 680 тұрақ орны сатылды.



ҚАЗАҚСТАН ИПОТЕКАЛЫҚ КОМПАНИЯСЫ

«Қазақстандық Ипотекалық Компания» Ипотекалық ұйымы» АҚ

«Қазақстан Ипотекалық Компаниясы» ИҰ» АҚ миссиясы ипотекалық несие беру механизмі арқылы Қазақстан Республикасының халқы үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, халықтың қалың жігіне жалға берілетін тұрғын үй беру жолымен халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін арттыру болып табылады.



Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	6,7	7,7	13,1
ROA, %	1,5	1,8	3,2
Қарыз/Капитал	3,3	3,3	2,9
Активтер, млрд теңге	250	267	273
Активтердің өсімі, %	-2	7	2
Таза пайда, млрд теңге	4	5	9

Қызметтің негізгі нәтижелері

- «ҚИК» ИҰ» АҚ жалға берілетін тұрғын үйдің жалпы қоры 1,1 млн шаршы метрді (19 234 пәтерді) құрады.
- 23,7 млрд теңге сомасына 3 мың ипотекалық қарыз сатып алынды.
- «Орда» жеке ипотекалық бағдарламасы аясында 9,6 млрд теңге сомасына 768 қарыз берілді.
- Дәрігерлер мен мұғалімдерді жалға берілетін тұрғын үймен қамтамасыз ету шеңберінде 567 пәтер (31,4 мың ш.м) сатып алуға келісімшартқа қол қойылды. Сондай-ақ «ҚИК» ИҰ» АҚ өз қаражаты есебінен «Еуразиялық Топ» ЖШС қызметкерлері үшін 84 пәтер (5,2 мың ш.м) сатып алынды.



«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ

«ҚИҚ» АҚ миссиясы проблемалық жобаларды сауықтыру арқылы елдің тұрақты дамуына жәрдемдесу болып табылады.



Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	-9,2	2,1	-82,3
ROA, %	-1,6	0,7	-35,7
Қарыз/Капитал	5,2	0,7	2,8
Активтер, млрд теңге	84	63	57
Активтердің өсімі, %	-7	-25	-9
Таза пайда, млрд теңге	-1	1	-21

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 21,4 млрд теңге сомаға берешек қайтарылды.
- Жалпы сомасы 3,2 млрд теңге болатын үш жоба (4 актив) бойынша мүлік сатылды.
- «Текстайлз» МК жобасы бойынша тоқыма фабрикаларының бір бөлігі Өзбекстан Республикасының Жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының «Alliance Textile» сенімді басқаруына берілді, «Ютекс» АҚ бұрынғы иіру фабрикасының 1-ші кезеңі іске қосылды.
- Банкроттық/тарату рәсімі аяқталған 5 борышкер бойынша «ҚИҚ» АҚ алдындағы міндеттемелер тоқтатылды.



«QazTech Ventures» АҚ

«QazTech Ventures» АҚ миссиясы венчурлық қаржыландыру, бизнес-инкубациялау және сараптамалық-технологиялық қолдау құралдары арқылы технологиялық кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу болып табылады.



Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	-12,8	0,8	5,7
ROA, %	-11,0	0,7	5,2
Қарыз/Капитал	0,2	0,2	0,01
Активтер, млрд теңге	28	25	20
Активтердің өсімі, %	-13	-9	-20
Таза пайда, млрд теңге	-3	0,2	1

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 8,320 млрд теңге сомасына инновациялық гранттар беруге байланысты трансформация жүргізілді және жеке функциялар, активтер мен міндеттемелер берілді.
- «ИТТО» АҚ-ның «Алатау технопаркі» ЖШС-нің жарғылық капиталындағы 100% қатысу үлесі Алматы қаласының әкімдігіне берілді.
- Проблемалық активтер «ҚИҚ» АҚ-ға берілді.
- 10 млн. АҚШ долларына 500 Startups (АҚШ) V Жаһандық венчурлік қорына қосылу туралы, қордың одан әрі қазақстандық стартаптарға 2 млн доллар қайта инвестициялаумен келісімге қол қойылды.
- Венчурлік қорларға 2 589 млн теңге сомасына бұрын салынған инвестицияларды қайтару жүзеге асырылды.
- 73,9 млн теңге сомасына үш іріктелген бизнес-инкубаторды бірлесіп қаржыландыру жүзеге асырылды.
- 29 жобаға технологиялық сараптама жүргізілді, оның ішінде Ұлттық чемпиондар бағдарламасы шеңберінде 2.0.
- Венчурлік қаржыландыру, бизнес-инкубациялау, сараптамалық-технологиялық қолдау бойынша 5 талдамалық шолу дайындалды.
- Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына мемлекеттік қолдаудың жаңа шаралары енгізілді.
- АДБ-мен бірлесіп ҚР Премьер-Министрі А.Ұ. Маминнің қатысуымен «Қазақстанның ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін дамыту» атты бірінші форсайт-сессиясы өткізілді.
- Қазақстан Республикасының жетекші бизнес-инкубаторларын тарту арқылы 3 шеберлік сағаты өткізілді: Орал қаласында — 2019 жылдың 13 қыркүйегінде, Қарағанды қаласында — 2019 жылдың 20 қыркүйегінде, Шымкент қаласында — 2019 жылдың 26 қыркүйегінде.
- АЭФ және «Digital Bridge» форумы, сондай-ақ Fintech саласындағы Baiterek Hackathon аясында сессиялар мен шеберлік сағаттар өткізілді.



«KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

«KazakhExport» ЭСК» АҚ миссиясы қазақстандық шикізаттық емес тауар өндірушілерді және сыртқы нарықтарда қызмет көрсетушілерді жылжытуға және экспортты қолдаудың тиімді қаржылық шараларын ұсыну есебінен олардың бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге қолдау көрсету болып табылады.

97,1
МЛРД ТЕҢГЕ
 қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	6,3	3,7	3,8
ROA, %	5,7	3,3	3,4
Қарыз/Капитал	0,1	0,1	0,1
Активтер, млрд теңге	46	49	88
Активтердің өсімі, %	61	5	81
Таза пайда, млрд теңге	2	2	2

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі – 97,1 млрд теңге.
- Саудалық қаржыландыру сомасы – 10,4 млрд теңге, экспорт алдындағы қаржыландыру сомасы – 11,8 млрд теңге.
- 2019 жылы Өзбекстан Республикасында (Ташкент қ.-2), Тәжікстан Республикасында (Душанбе қ.-1), Қырғыз Республикасында (Бішкек қ.-1), Ресей Федерациясында (Екатеринбург қ.-1, Новосибирск қ.-1) 6 шетелдік өкіл тағайындалды және жұмысқа кірісті.
- «KazakhExport» ЭСК» АҚ 34 млрд теңгеге капиталдандыру жүзеге асырылды.
- Бюджет кодексіне экспортты қолдау бойынша Мемлекеттік кепілдік беру механизмін енгізу бөлігінде түзетулер енгізілді.
- 2019 жылғы 27 желтоқсанда ҚР Қаржы министрлігімен экспортты қолдау бойынша кепілдік шарты жасалды.



«Тұрғын үй құрылысына кепілдік беру қоры» АҚ

«ТҮҚҚБҚ» АҚ миссиясы үлестік тұрғын үй құрылысын дамыту арқылы ел халқын тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады

88,8
МЛРД ТЕҢГЕ
 құрылысты аяқтауға кепілдік

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	5,1	4,6	1,8
ROA, %	5,0	4,5	1,7
Қарыз/Капитал	0,02	0,1	0,1
Активтер, млрд теңге	24	26	28
Активтердің өсімі, %	86	7	10
Таза пайда, млрд теңге	0,9	1	0,4

Қызметтің негізгі нәтижелері

- 2019 жылы құрылысты аяқтауға 88,8 млрд теңге көлемінде кепілдік берілді.
- Кепілдіктерді көбірек қамту мақсатында өңірлердегі «ТҮҚҚБҚ» АҚ агенттері бекітілді, олар жергілікті жерлердегі құрылыс салушыларға кеңес береді.
- ҚР ИИДБ бірлесіп, үлестік қатысу шарттарын (ҮЛШ) есепке алуды kazreestr.kz онлайн платформасында автоматтандыру бойынша жұмыс жалғастырылды.
- Кепілдік беру механизмін жетілдіру бөлігінде тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы заңнамаға түзетулер қабылдау қамтамасыз етілді.



«Kazakhstan Project Preparation Fund» ЖШС

«KPPF» ЖШС миссиясы жобалық құжаттаманы сапалы әзірлеу және қаржыландыру, сондай-ақ инвесторларды тарту бойынша қызметтерді ұсыну арқылы Қазақстанның даму жобаларына инвестициялар тартуға қолдау көрсету болып табылады.

900

МЛН АҚШ ДОЛЛАРЫНАН

астам инвестиция көлемімен жоба алдындағы құжаттаманы әзірлеу бойынша 6 шарт жасалды

Негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіштер	2017 жыл	2018 жыл	2019 жыл
ROE, %	1,1	0,7	-15,0
ROA, %	1,1	0,6	-14,3
Қарыз/Капитал	0,08	0,1	0,03
Активтер, млрд теңге	2,3	2,0	2
Активтердің өсімі, %	5	-4	-18
Таза пайда, млрд теңге	0,02	0,01	-0,3

Қызметтің негізгі нәтижелері

- Инвестиция көлемі 900 млн. АҚШ долларынан асатын индустриялық жоба үшін жоба алдындағы құжаттаманы әзірлеу және үлестік және қарыздық қаржыландыруды тарту бойынша 6 шарт жасалды.
- «Ұлттық чемпиондар 2.0» бағдарламасы үшін компанияларды іріктеу бойынша жұмыс аяқталды.
- Жалпы құны 500 млн. АҚШ долларын құрайтын алтын өндірісін кеңейту мақсатында титан, сутегі асқын тотығы мен сүт өнімдерін өндіретін өнеркәсіптік жобаларды қолдау туралы келісімдер жасасу жұмыстары жүргізілді.
- Инвестициялар көлемі 80 млрд теңге «Алматы станциясының т/ж торабын айналып өтетін айналма т/ж желісін салу» жобасы бойынша жеке серіктесті таңдау бойынша конкурстың I кезеңін өткізу қамтамасыз етілді.
- Алматы қаласында университеттік клиника құрылысының концессиялық жобасын әзірлеу бойынша техникалық көмек көрсететін EBRD кепілді қолдауы 1,5 млн евродан 1,835 млн евроға дейін ұлғайтылды.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау жөніндегі есеп

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаларын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	-----------------------	---	--

- | | | | |
|----|----------------------------------|-----------|--|
| 1. | Өкілеттіктерді шектеу қағидалары | Сақталады | <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Холдинг) корпоративтік басқару жүйесі корпоративтік басқару процестерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз ететін Холдинг органдары арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің аражігін нақты шектеуді көздейді. Холдингтің корпоративтік басқару жүйесі мәселелерді қарау және оның органдарының шешімдер қабылдау тәртібінің иерархиясын сақтауды қамтамасыз етеді.</p> <p>Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың құқықтары, міндеттері мен құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамасында және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысында айқындалған.</p> <p>Жалғыз акционер, Холдинг және оның еншілес ұйымдары ретінде мемлекеттік орган арасындағы өзара қарым-қатынастар (өзара әрекет ету) тиісті корпоративтік басқару қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесі және/немесе Холдингтің Басқармасы арқылы жүзеге асырылады. Холдингтің Директорлар кеңесі Төрағасының және Басқарма Төрағасының рөлі мен функциялары «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысымен, сондай-ақ Холдингтің ішкі нормативтік құжаттарымен, оның ішінде Холдингтің Директорлар кеңесі 11.10.2013 ж. (№4 хаттама) бекіткен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесі туралы ережесімен және Холдингтің Директорлар кеңесі 11.10.2013 ж. (№4 хаттама) бекіткен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Басқармасы туралы Ережесімен нақты шектеліп бекітілді.</p> <p>Холдинг Жалғыз акционердің негізделген шешімдер қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Холдингтің қызметі туралы ақпаратты мүдделі тұлғалардың назарына жеткізу мақсатында Жалғыз акционер мен мүдделі тұлғалар алдында өз қызметі туралы, оның ішінде өзінің қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, негізгі қызмет нәтижелері туралы шынайы ақпараттың уақтылы ашылуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Холдинг акционердің функцияларын іске асыру арқылы, сондай-ақ олардың Директорлар кеңестері арқылы өзінің еншілес ұйымдарын басқаруға қатысады.</p> |
|----|----------------------------------|-----------|--|

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
2.	Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы	Сақталады	<p>«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 1-1) тармағына сәйкес ұлттық басқарушы Холдингтердің Жалғыз акционері құзыретінің ерекшеліктері «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленеді.</p> <p>Холдинг акционер, Директорлар кеңестері және оның еншілес ұйымдарының Басқармалары арасындағы құзыреттердің, өкілеттіктер мен жауапкершіліктің ара жігін ажырату заңнама талаптары мен ұсынылатын озық практиканы ескере отырып, нақты қалыптасты.</p> <p>Холдингте және оның еншілес ұйымдарында корпоративтік басқару Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Холдингтің тиімді қызметіне ықпал етуге және қызметтің рентабельділігіне қол жеткізуге бағытталған.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысымен және Кодекспен бекітілген Жалғыз акционердің құқықтарын Холдинг және Холдинг органдары сақтайды.</p> <p>Қазақстан Республикасының заңнамасымен және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Жарғысымен Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер жеке-дара қабылданады және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің бұйрығымен ресімделеді. Шығарылған бұйрықтарда қабылданған шешім Холдингтің Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатыны айтылады.</p> <p>Жыл сайын Холдингтің Жалғыз акционерінің қарауына және бекітуіне Холдингтің жылдық қаржылық есептілігі (шоғырландырылған және жеке) шығарылады.</p> <p>Холдинг тоқсан сайынғы негізде Жалғыз акционерге бюджеттік несиелер аясында қаражатты игеру туралы есепті жібереді.</p> <p>Мүдделілікпен және басқа да корпоративтік оқиғалармен мәмілелер жасау туралы ақпарат Жалғыз акционердің назарына, оның ішінде Қаржылық есептілік депозитарийінің сайтында жариялау арқылы жеткізіледі.</p> <p>Холдинг серіктестіктің кез келген нысандары мен шарттары, келісімдер мен әріптестік туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ баспасөз хабарламаларын Холдингтің ресми интернет-сайтында орналастыра отырып ашады.</p> <p>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 18.01.2019 № 25 бұйрығымен «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының дивидендік саясаты бекітілді, онда Кодексте регламенттелген барлық негіз қалаушы қағидаттар, нормалар мен ережелер ескерілген.</p>

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
3.	Директорлар кеңесі мен Басқарманың Холдингті тиімді басқару қағидасы	Ішінара сақталады	<p>2019 жылы «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 шілдедегі № 633 қаулысына және Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 05.07.2019 жылғы № 482 бұйрығына сәйкес Холдинг акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеуге 2018–2021 жылдардың қорытындылары бойынша таза кірістің 5% жіберді.</p> <p>Дивидендтер мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы Заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған Холдингтің 2018 жылғы жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде көрсетілген Холдингтің таза табысының сомасына сүйене отырып жүргізілді.</p> <p>2019 жылы Холдингте Корпоративтік хатшы қызметімен бірлесіп, 2018 жылдың және 2019 жылдың 9 айының қорытындылары бойынша Холдинг қызметінің нәтижелері бойынша Жалғыз акционер өкілдерінің Басқарма Төрағасымен, Басқарма мүшелерімен және Холдингтің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен екі кездесуі (2019 жылғы 23 тамыз және 2019 жылғы 5 қараша) ұйымдастырылды және өткізілді, оның барысында Жалғыз акционер Басқармаға Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы және Холдингтің стратегиялық құжаттары аясында қойылған міндеттерді іске асыруға байланысты тапсырмалар берілді.</p> <p>«Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Жарғысының 10-бабының 55-тармағына сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Жарғыда Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Холдингтің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады.</p> <p>Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ Кодекстің барлық ережелерін енгізуді, оның ішінде Кодекстің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы жыл сайынғы есеп арқылы қамтамасыз етеді.</p> <p>«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 181-бабының 3-тармағына және «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің құрамы туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2019 жылы әрекет ететін 26.12.2016 ж. № 877 бұйрығына сәйкес Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері, Холдингтің Басқарма Төрағасы және тәуелсіз директорлар қатарынан құрылды. Директорлар кеңесінің он мүшесінің үшеуі тәуелсіз директорлар болып табылады.</p> <p>Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Холдинг мүддесі үшін тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылар, тәжірибе және білім теңгерімі сақталған.</p>

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	-----------------------	---	---

Холдингтің Директорлар кеңесінің сырттай отырысының 25.09.2013 жылғы № 3 шешімімен Аудит жөніндегі комитет, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет және Холдингтің Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет құрылды.

Холдингтің Директорлар кеңесінің комитеттері комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі, құзыреті мен дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Комитеттердің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады.

2019 жылы Директорлар кеңесінің отырыстары жоғарыда аталған жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.

Бұл ретте 2019 жылы жоспарланған 7 отырыс кезінде (5 отырыс тікелей, 2 отырыс сырттай) Директорлар кеңесінің 12 отырысы ұйымдастырылды және өткізілді (5 отырыс тікелей, 7 отырыс сырттай).

Осылайша, Холдингтің Директорлар кеңесінің сырттай отырыстарының саны есепті жылы отырыстардың жалпы санының 50% - нан астамын құрады.

5 кезектен тыс отырыс объективті себептер бойынша сырттай түрде өткізілді. Бұған «2019–2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыруға байланысты Холдингке қатысты 2019 жыл ішінде қабылданған Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі Кеңестің шешімдері және Холдингтің ішкі шешімдері, сондай-ақ Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарлары себеп болды, олар өз кезегінде Холдингтің Директорлар кеңесінің кезектен тыс отырыстары арқылы жоспардан тыс мәселелердің айтарлықтай санын қарау қажеттігін туындады (жоспарлы мәселелерге шамамен қатынасы 47/53 құрайды).

Холдингтің Директорлар кеңесі құрамының ерекшелігіне байланысты 2019 жылы Директорлар кеңесінің, комитеттердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізуге Холдингтің Директорлар кеңесінің Төрағасы бастамашылық жасаған жоқ, тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып бағалау жүргізілген жоқ.

Холдингте корпоративтік басқаруды тәуелсіз бағалау тұтастай алғанда жүргізілген жоқ.

Бұл ретте Холдингтің Директорлар кеңесінің 22.07.2019 (№07/19 хаттама) шешімімен бекітілген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында 2020 жылдың екінші жартысында Холдингтің корпоративтік басқаруына тәуелсіз бағалау жүргізу көзделген.

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	-----------------------	---	---

Сонымен қатар, Холдингтің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің 2018 жылғы 1 наурызда өткен (№02/18 хаттама) тікелей отырысы барысында корпоративтік басқару жүйесіне бағалау жүргізу қорытындылары бойынша Ішкі аудит қызметінің есебін қарау кезінде тәуелсіз директор Т.Миров Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының басшылары болып табылатын мүшелер бастаған Холдингтің Директорлар кеңесінің құрамын назарға ала отырып, Холдингтің Директорлар кеңесіне бағалау жүргізудің мүмкін еместігі туралы пікір білдірді.

Холдингтің еншілес ұйымдарында Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері жыл сайынғы негізде олардың ішкі құжаттарына сәйкес бағаланады. Сонымен қатар, 2019 жылы тәуелсіз кеңесші – Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) олардың 2018 жылғы қызметінің қорытындылары бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының директорлар кеңестерінің қызметіне бағалау жүргізілді. «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тәуелсіз директорларының 2019 жылғы 19 қыркүйекте өткен «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларымен кездесуі барысында «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Тобы компанияларының директорлар кеңестерінің қызметін бағалау туралы жиынтық есеп тыңдалды.

IFC сарапшыларының ұсынымдары негізінде Холдинг Басқармасы «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 18.12.2019 (№59/19 хаттама) шешімімен бекітілген 2018 жылдың қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Компаниялар Тобының Директорлар кеңестерінің қызметін бағалау нәтижелері бойынша іс-шаралар жоспарын жасады және іске асыруда.

2019 жылы Холдингтің Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы болды, ол қабылданған күннен бастап 3 жыл мерзімге тағайындалған, лауазымдық жалақы мен сыйақы төлемей (Холдингтің Директорлар кеңесінің 16.04.2019 жылғы № 03/19 шешімі).

Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесуді, Директорлар кеңесінің мүшелері үшін олардың қызметінің және Кодекс ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша кеңесші рөлін орындауды қоса алғанда, Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері, сондай-ақ Кодексті іске асыру мониторингі және Холдинг пен еншілес ұйымдарда корпоративтік басқаруды жетілдіруге қатысу 2013 жылы Холдингте құрылған Холдингтің корпоративтік хатшысы қызметінің жәрдемдесуімен жүзеге асырылады.

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	-----------------------	---	---

Холдингінің Корпоративтік хатшысы қызметі, өз кезегінде, Холдингінің Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушыға жүктелген функцияларды, оның ішінде Кодекстің тиісінше сақталуына мониторинг жүргізу бөлігінде тиімді іске асыруды қамтамасыз етеді, Холдингте және оның еншілес ұйымдарында Кодекстің ережелері мен қағидаттарын сақтамау фактілерін анықтауға және жоюға бағытталған тұрақты жұмыс жүргізеді, сондай-ақ Директорлар кеңесіне консультация беруді жүзеге асырады және Холдингінің Басқармасына Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар береді.

Холдингінің 2019 жылға арналған нәтижелерін Холдингінің Корпоративтік хатшысының міндетін атқарушы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы Холдингінің Директорлар кеңесіне 2020 жылғы 14 мамырда өткен отырыста (№ 05/20 хаттама), Холдингінің Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті алдын-ала қарастырылған (14.05.19 ж. №03/20 хаттамасы) «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының 2019 жылға арналған Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттары мен ережелеріне сәйкес келмеуі/ сақталмауы туралы есебінің толық нұсқасын бекіту жөніндегі мәселесі аясында ұсынды.

Іскерлік этика қағидаттарын сақтау, Холдингте туындаған әлеуметтік-еңбек дауларын оңтайлы реттеу мақсатында Холдингінің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы 22 шілдедегі шешімімен (№07/19 хаттама) Холдинг қызметкері М.Д. Тұрғанованың, Холдингінің Директорлар кеңесінің 24.07.2017 жылғы шешімімен (№06/17 хаттама) Холдингінің Омбудсменімен тағайындалған, мінсіз іскерлік беделге, жоғары беделге ие, сондай-ақ бейтарап шешімдер қабылдау қабілетімен Корпоративтік хатшының орынбасары - Холдингінің Корпоративтік хатшы қызметінің басшысы өкілеттігі 2 (екі) жыл мерзіміне ұзартылды.

Холдингінің жұмысын жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультациялар беру жөніндегі қызмет ретінде ішкі аудитті жүзеге асыру үшін Ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Холдингінің ішкі аудит қызметінің өз қызметінде ішкі аудиторлардың халықаралық институты қабылдаған қағидаттар мен ережелерге бейілділігін 2018 жылы ішкі аудит жүйесінің сыртқы тәуелсіз бағалаушысы – «КПМГ Такс энд Эдвайзори» ЖШС растады.

Холдингте алқалы атқарушы орган – Басқарма құрылды және жұмыс істейді. Холдингінің Директорлар кеңесінің 23.07.2013 (№1 хаттама) және 15.05.2019 (№04/19 шешім) шешімдеріне сәйкес 2019 жылы Холдинг Басқармасының құрамы 7 бірлік болып жұмыс істеді.

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
-------	-----------------------	---	---

Холдингінің Басқармасы Директорлар кеңесіне есеп береді және Холдингінің күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму стратегиясын және/немесе даму жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыру үшін жауапты болады.

Холдинг Басқармасы көбінесе отырыстарды тікелей өткізеді. 2019 жылы Басқарманың 62 отырысы өткізілді (оның ішінде 18 отырыс сырттай өткізілді).

Холдинг Басқармасының Төрағасы мен мүшелерін Директорлар кеңесі жыл сайын бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемі «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ қызметінің ерекшелігін ескеретін қызметтің корпоративтік және функционалдық негізгі көрсеткіштерінен тұратын Басқарма Төрағасы мен мүшелері қызметінің алға қойылған негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу болып табылады және негізгі қаржылық және қаржылық емес көрсеткіштерді қамтиды.

Холдингте Холдингінің Басқарма Төрағасы мен мүшелерін сайлау тәртібін, Басқарма мүшесі, оның ішінде Басқарма Төрағасы лауазымына кандидаттарға қойылатын критерийлер мен біліктілік талаптарын бекітетін Тағайындау және сабақтастық қағидалары бекітілмеуіне байланысты, қазіргі уақытта оларды кейіннен бекітуге шығару үшін көрсетілген ережелерді қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Холдингінің ұйымдық құрылымы Холдинг Басқармасының 19.04.2017 ж. (№18/17 хаттама) (23.08.2017 ж. өзгерістермен (№33/17 хаттама), 31.01.2018 ж. (№3/18 хаттама), 04.04.2018 ж. (№12/18 хаттама), 01.08.2018 ж. (№31/18 хаттама), 08.04.2019 ж. (№17/19 хаттама), 29.05.2019 (№29/19 хаттама), 26.06.2019 (№33/19 хаттама), 01.11.2019 (№52/19 хаттама) шешімімен бекітілген

Холдингте қолданыстағы ұйымдық құрылым тиімді шешімдер қабылдауға, Холдингінің өнімділігін арттыруға, шешімдер қабылдаудың жеделдігі мен ұйымдастырушылық икемділікке бағытталған.

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
4.	Тұрақты даму қағидасы	Ішінара сақталады	<p>Стратегиялық басшылық және тұрақты дамудың енгізілуін бақылау Директорлар кеңесінің құзыретіне жататынына қарамастан, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Тұрақты даму саясаты Холдинг Басқармасының шешімімен (28.11.2018 ж. № 52/18 хаттама) бекітілді.</p> <p>Холдинг Басқармасының 18.12.2019 жылғы шешімімен (№59/19 хаттама) Холдингтің 2020 жылға арналған Тұрақты даму жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді, ол Холдингтің ESG рейтингінде ұстанымын арттыруға бағытталған тұрақты дамуды басқару практикасын жетілдіру жөніндегі іс-шаралар тізбесін қамтиды.</p> <p>Сонымен қатар, тұрақты даму бойынша іс-шаралар жоспары 11 еншілес ұйымның тек 4-інде ғана мақұлданды, оның ішінде «Даму» қоры» АҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ, «QazTech Ventures» АҚ және «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ. Басқа еншілес ұйымдарында жоғарыда аталған жоспарларды бекіту 2020 жылға жоспарланып отыр.</p> <p>Холдингтің Корпоративтік басқару кодексін орындау аясында Холдингтің Директорлар кеңесінің 22.07.2019 шешімімен (№07/19 хаттама) Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі 2019–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді, ол тұрақты даму қағидатын енгізу жөніндегі бөлімді қамтиды.</p> <p>Холдингтің корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау аясында 2019 жылы Холдинг D + тұрақты дамудың халықаралық рейтингін алды. Тұрақты даму рейтингін беру туралы есеп (ESG report) 2019 жылғы тамызда алынды.</p> <p>Холдинг Басқармасының 12.07.2017 жылғы шешімімен (№29/17 хаттама) Холдингтің стейкхолдерлер картасы бекітілді. Стейкхолдерлер картасы мүдделі тараптардың тізбесін, олардың мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл стратегиясына ықпал ету дәрежесін айқындайды.</p> <p>Жыл сайын Холдингте нысаналы топтардың «Бәйтерек ҰБХ» АҚ қызметіне сенім деңгейін одан әрі арттыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітіледі және іске асырылады, оның ішінде Жалғыз акционермен, еншілес ұйымдармен, ірі компаниялармен, шағын және орта бизнес саласындағы кәсіпорындармен өзара әрекет ету жөніндегі шаралар кіреді.</p>

№ р/р	Кодекстің принциптері	Сақталады/ ішінара сақталады/ сақталмайды	Кодекс қағидаттарын іске асыру үшін орындалған іс-шаралар
